

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БАС ПРОКУРАТУРАСЫ
ЖАНЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫНЫҢ АКАДЕМИЯСЫ**

ДӘЛУҰЛЫ НҰРЛАН

**Қылмыстық іс бойынша тергеп-тексерудің мәселелері: қылмыстық-
процессуалдық аспектілері**

Мамандығы: 6М030300 - «Құқық қорғау қызметі»

Заң ғылымының магистрі академиялық дәрежесін алу үшін дайындалған
диссертация

Ғылыми жетекші:
Арнайы заң пәндері
кафедрасының аға
оқытушысы
заңтану магистрі
М.Е. Тулеуова

Қосшы а., 2019ж.

ЖОСПАР

ҚЫСҚАРТУЛАРДЫҢ МАҒЫНАЛАРЫ 3

КІРІСПЕ 4-8

I-БӨЛІМ. ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСТІҢ, ОНЫҢ ІШІНДЕ ТЕРГЕП-ТЕКСЕРУДІҢ СИПАТТАМАЛАРЫ, БАСТЫ ЖӘНЕ МАҢЫЗДЫ ҚАҒИДАЛАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.

1.1 Қылмыстық процестің тарихи кезеңдері, ерекшеліктері 9-18

1.2 Қылмыстық процес принциптерінің сақталуы аясында ғалымдардың көзқарастары және кейбір шет елдердердің тәжірибесі 18-26

II-БӨЛІМ. ТЕРГЕУДЕ ОРЫН АЛАТЫН ПРОЦЕССУАЛДЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫҢ КӨРІНІСТЕРІ.

2.1 Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында тәжірибеде орын алатын бұзушылықтарға саралау 27-45

2.2. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысындағы бұзушылықтардың алдын-алудағы ұйымдастырушылық-құқықтық жолдары 45-57

ҚОРЫТЫНДЫ 58-65

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР 66-68

Қосымшалар: Сотқа дейінгі тергеп-тексеруде қаулылардың және прокурорлық нұсқаулардың үлгілері (№№1-27) 69-98

Қысқартулардың мағыналары

ҚР – Қазақстан Республикасы

ҚПК – Қылмыстық процестік кодексі

ҚК – Қылмыстық кодекс

ҚазССР – Қазақстан Советтік Социалистік Республикасы

РСФСР – Ресей Советтік Федеративтік Социалистік Республикасы

УПК РСФСР – Уголовно-процессуальный кодекс РСФСР

КСРО (СССР) – Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы (Союз Советских Социалистических Республик)

ҚР ЖС – Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты

ССРО ЖС Пленумы – Советтік Социалистік Республикалар Одағы Жоғарғы Сотының Пленумы

КІРІСПЕ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Зерттеліп отырған тақырыптың өзектілігі қазіргі дамудың жаңа кезеңіндегі тамыры терең саяси, әлеуметтік, экономикалық және құқықтық өзгерулермен белгілі. Қазіргі таңда елімізде қылмыстық процесс елеулі реформалы өзгерістерге ұшырауда. Осының аясында ең бірінші халқымыздың құқықтары мен бостандықтарының бұзылмауы қажет. Ал жалпы тергеу саласындағы бұзушылықтар аз емес.

Осы тергеу саласындағы бұзушылықтардың туындауына және жасалуына кұныққан пайдакүнемдік әрекеттер, реформалардың құқықтық базасындағы кемшіліктер, мемлекеттік органдардың тарапынан басқару аппараты, кәсіпорындар мен кәсіпкерлердің әрекеттерінің заңдылығын бақылаудың толыққанды жүзеге асырылмауынан, жалпы құқық қорғау органдарының жұмыс қызметіндегі кемшіліктердің орын алуына жағдай жасайды.

Аталған тақырыптағы бұзушылықтардың өсуіне тағы да бірқатар себептер әсер етеді, олар: әкімшілік – бюрократиялық механизмнің өріс алуы және сыбайлас жемқорлықтың өсуі, екі жүзді мораль, биліктің жоғарғы өкілдерінің қылмыстық әрекеттерге қатысуы және ықпал жасауы, қатардағы азамат пен басшының заң алдында шын мәніндегі теңдігінің жоқтығы.

Оған мына статистикалық көрсеткіштер дәлел. Азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғау аясында, қылмыстық сот өндірісінің шеңберіне заңсыз ілінгендердің саны бір жарым есеге көбейді. Ақтау үкімі шыққан және ақталатын негізбен қысқартылған істер бойынша жазықсыз жапа шеккендердің саны 2018 жылы 530 адамға жетіп отыр (2017ж.-361, 2016ж.-241). Оның ішінде 146 адам (69, 55) ақталып шықты, яғни екі есеге өскендігі байқалып отыр, ақтау негізбен (ҚПК-нің 35 бабының 1 бөлігімен) 269 адамға қатысты қудалауды қысқарту шешімдері шыққан (228, 167), яғни 1,2 есеге өсті, ақтау негізбен сотпен (ҚПК-нің 35 бабының 1 бөлігімен) 115 адамға қатысты қудалау қысқартылды, өсу деңгейі 1,8 есені құрады (64, 19) [1].

Ал осылардың ішінен 81-і қамауда не үй қамауында болған екен (31, 16), өсу деңгейінің көрсеткіші 2,5 есені құрады [1].

Бұл жағдайлардың тууына тергеу органдары мен оның басшылары тараптарынан қылмыстық заң мен процестің дұрыс білмеуінен, салғырт қарауларынан және тағы басқа себептерінен осындай өрескел бұзушылықтар жасалып отыр.

Осыған орай прокурорлардың қағидалы ұстанымдары арқылы, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңдылықты бұзғандары үшін 2018 жылы бес мыңнан астам тергеушілер мен анықтаушылар жазаланды (5 684) [1].

Осы ретте, тергеп-тексерудегі бұзушылықтар құқық қорғау органдарымен жасалатындықтан, оларға ұйымдастырушылық жолдарын көрсете отырып заң бұзушылықтарға жол бермеуіне қатысты туындайтын сұрақтар өзекті мәселе болып отыр.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы. Зерттеудің ғылыми жаңалығы алға қойылған мақсаттардың жүйелілігімен белгіленетін және ең алдымен қолданыстағы заңдарды зерттеумен, олардың қолдану тәжірибесімен, ғылыми әдебиеттерді зерттеп, талдаумен анықталды.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет жүйесіндегі тергеп-тексерудің мәселелерін зерттеуде кейбір дамыған елдердің заңдарын зерделеумен ұштастырылды.

Қабылданған шешімдер бұл саладағы құқық бұзушылықтармен күресудің, алдын алудың, дұрыс ұйымдастырылған тергеудің жаңа сапалы бағыттарын және формаларын анықтауға көмек береді деген ойдамын.

Бұл диссертацияда Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызмет жүйесіндегі тергеп-тексеру қызметінің құқықтық негіздері мен нақты ғылыми жағдайы белгіленеді және қолданыстағы заңнамалық актілерді жаңашылдандыруға ұсыныстар қарастырылады.

Тергеп-тексеру қызмет саласындағы құқық бұзушылықтар мәселесіне, соңғы онжылдықта бірқатар кітаптар, мақалалар, халықаралық конференциялар өткізілуде. Одан басқа әлеуметтік зерттеулер жүргізілуде.

Алайда, Отандық ғылымда тергеп-тексеру қызмет саласындағы бұзушылықтармен күрес ерекшелігіне, жалпы тергеуді дұрыс ұйымдастыруда, бұл қызметте кемшіліктерге жол берілмеуінің механизмдеріне комплексті зерттеулер айтарлықтай жоқ.

Ғылыми әзірленудің дәрежесі: Аталған ғылыми жұмыс бойынша еліміздің Конституциясы мен заңдарынан басқа бірқатар отандық және шетелдік ғалымдардың жұмыстары зерделенді. Олардың қатарына жатады: Б.Х.Төлеубекова, С.К.Журсимбаев, С.М.Жалыбин, А.Н.Ағыбаев, Е.О.Алауханов, Т.Е.Сәрсенбаев, В.В.Хан, М.Ш.Қоғамов, А.А.Касимов, Ү.Ө.Нұрмашов, А.Н.Апахаев, А.М.Сайтбекова, А.Қ.Қалиев, И.К.Абдикамалова, Н.Б.Майлыбаева, Н.Т.Саханова, А.А.Науанова, И.Л.Петрухин, М.С.Строгович, А.М.Ларин, К.Ф.Гуценко, Л.В.Головко, Б.А.Филимонов, В.А.Ковалев, С.Г.Чаадаев, В.А.Власихин, В.П. Божьев, П.А.Лупинская, Б.С. Крылов, Р.Уолкер.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері. Диссертациялық зерттеудің мақсаты болып тергеп-тексеру қызметі саласындағы мәселелерді қарастырып, орын алатын кемшіліктер мен бұзушылықтармен күресуде құқықтық негіздерін анықтайтын комплексті зерттеулерге толықтай анализ жасау және бұл құбылысты жетілдіруде нақты ұсыныс жасау.

Диссертациялық зерттеудің негізін құрайтын кейбір шешімдерді негізге алып, алда қойылған мақсаттарға сәйкес міндеттердің шеңбері белгіленген:

-Тергеп-тексеру мәселелерінің нақты ұғымын, белгілерін ашу;

-Олармен күресудегі құқықтық негіздемелерін зерттеу және оған құқықтық мінездеме беру;

-Тәуелсіз Қазақстан Республикасындағы тергеп-тексеруде бұзушылықтардың уақыт талабына сәйкес белең алу себептеріне талдау жүргізу;

-Жекелеген зерттеулер жүргізу барысында нақтыланған заңнамалық кемшіліктерді анықтап, оларды шетелдік және отандық еңбектерге салыстырмалық талдау жүргізу арқылы жетілдіру;

-Қазақстан Республикасындағы қолданыстағы заңнамаларды зерттеу және халықаралық-құқықтық актілерге сәйкес талдау жүргізу.

Зерттеу объектісі. Ал, тергеп-тексерудегі мәселелерге тікелей жауапты орган ретінде барлық құқық қорғау органдарының қызметі зерттеу объектісі болып табылады.

Зерттеу заты. Зерттеу заты болып қазіргі уақытта қолданыстағы ҚР ҚПК-нің баптары және басқа да заң актілері, яғни барлық тергеу органдарының қызметінде туындайтын сұрақтар болып табылды.

Зерттеудің нормативтік базасы. Зерттелудің құқықтық базасының құрамына Қазақстан Республикасының Конституциясы, Отандық және шетелдік құқықтық нормалар және т.б. жатқызылды.

Диссертациялық зерттеу барысында қазіргі заманға сай ғылыми тану әдістері қолданылған, олардың қатарына мыналар жатады: жалпы ғылымдық, арнайы, сонымен қатар эмпирикалық (айғақтарды зерттеу және жинау, сапалы анализ және синтез).

Зерттеудің әдістемелік және эмпирикалық негізі. Методологиялық базаның жұмысы ретінде тергеп-тексерудегі мәселелерді тану әдістері мен тәсілдерінің жалпы әлеуметтік феномені ретіндегі жүйелілігі себеп болды. Оларға құқықтық, тарихи-құқықтық, заңдық-логикалық анализ, сауалнама жүргізу, құжаттарды анализдеу, мәліметтердің статистикасы жатады.

Зерттеудің тәжірибелік мәні. Диссертациялық зерттеу нәтижесінде айқындалған тұжырымдар қазіргі қолданыстағы ҚР ҚПК-тің баптары, яғни мұндай кемшіліктер мен бұзушылықтармен күресуде барлық органдар қызметінде туындаған сұрақтары дұрыс және пайдалы шешуіне, қолданыстағы заңдар мен заңнамалық актілерге толықтырулар мен өзгертулер енгізуге мүмкіндік береді, құқық қорғау органдарының тергеу саласындағы қызметтеріндегі тәжірибеге қолдануға септігін тигізеді және жоғары оқу орындарында дәріс беру барысында талқылап қолдануға болады.

Диссертациялық зерттеу нәтижесі отандық заңдарды сәйкестендіру, Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарының сотқа дейінгі тергеп-тексеруде және сот органдарының қылмыстық істерді тергеуінің ұйымдастыру жолында процессуалдық бұзушылықтарға жол бермеу мақсатында қолданылады.

Қоғамның саяси жүйесіндегі түбегейлі өзгерістер құқықтық құрылысты тиімді өзгертуді талап етеді. Бұл, Қазақстан Республикасының 2010 жылдан

2020 жылға дейінгі кезеңге арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасының Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы № 858 Жарлығымен бекітілуі себеп болды. Ұлттық заңнаманы одан әрі жетілдіру үшін тиімді өзгертулер мен толықтыруларды енгізу осы тұжырымдаманың орындалуын жүзеге асыруындағы заң шығарушылық қызметтің негізгі бөлігін құрайды. Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Идейная консолидация общества – как условие прогресса Казахстана» атты кітабында: «Егер, сапалы заңдар болмаса, онда оған әрдайым өзгертулер мен түзетулер енгізу қажет болады» - деген [2].

Сондықтан да, қазіргі заман талабына сай келетін жаңа қылмыстық процестік кодекс жобасын өңдеп шығару қазақстандық заң ғылымының басты міндеттерінің бірі болды. Сонымен қатар, жаңа экономикалық және саяси ахуал, мемлекеттік органдардың, қоғамдық ұйымдардың, мекемелер әкімшілігі мен азаматтардың өзара қарым-қатынастарының өзгеруі дәстүрлі іс жүргізуді қайта бағалауды және ескі құқықтық идеологиядан арылуды талап етті. Ал бұл, өз кезегінде, аталған мәселелер бойынша терең ғылыми талдауды әлі де жүргізуді қажет етеді.

Қылмыстық істер бойынша іс жүргізудің заңмен белгіленген тәртібі – негізсіз айыптау мен соттаудан, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын заңсыз шектеулерден мүлтіксіз қорғауды қамтамасыз етуге, кінәсіз адамды заңсыз айыптаған немесе соттаған жағдайда оны тез арада және толығымен ақтауға, сондай-ақ заңдылық пен құқық тәртібінің нығайуына, қылмыстың алдын-алуға, құқыққа құрметпен қарауды қалыптастыруға ықпал етуге тиіс деп көрсетілген [2].

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының қылмыстық процесс заңнамасындағы іс жүргізу нысандары елеулі түрде өзгеруде. Бұл өзгерістер отандық қылмыстық іс жүргізуге жаңа көзқараспен қарауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, оның кемшілік тұстарын жойып, оны әрмен қарай жетілдіруге көмектеседі.

Қорғауға шығарылатын диссертацияның негізгі тұжырымдары мен ұсыныстары. ҚР ҚПК-не келесі өзгерістер мен толықтырулар ұсынылады:

1. Тараптарға жатпайтын сот билігінің «бейтараптық» қағидасын қамтамасыз ету мақсатында, Қазақстан Респбликасы қылмыстық процестік кодекстің 272 бабының 6 бөлігін келесі сөйлемдермен ауыстырып өзгерту қажет. «Тергеу судьясы сараптаманы тағайындау жөнінде тараптардың өтініштерін қанағаттандырған жағдайда, оның жүргізуін қылмыстық қудалау органына жүктеу қажет».

2. Сот пен қылмыстық ізге түсу органдарының құқыққа деген заңдылық пен сыйластық қатынастарын нығайту үшін, ҚПК-тің 10 бабына толықтыру енгізу қажет. 10 бапта «Сот, прокурор, тергеуші, анықтау органы және анықтаушы қылмыстық істер бойынша іс жүргізу кезінде Қазақстан Республикасының Конституциясы, осы Кодекс, осы Кодекстің 1 бабында

көрсетілген өзге де нормативтік құқықтық актілер талаптарын дәлме-дәл сақтауға міндетті» деген сөйлемнің ішінде «дәлме-дәл» деген сөзден кейін «және бұлжытпай» деген сөздерді толықтырып қосуды ұсынамыз.

3. Егер де процессуалдық заң бұзушылықтар жойылуға келетін механизм қатарына жатқызылса, онда ол бұзушылықтар дәлелдемелер ретінде жол берілмейтін нақты деректер қатарына жатқызылмауы тиіс. Сол себепті ҚПК-тің 112 бабының 3 бөлігінен «егер күдіктінің, жәбірленушінің және куәнің айғақтары, сарапшының, маманның қорытындысы, заттай дәлелдемелер, тергеу және сот әрекеттерінің хаттамалары және өзге де құжаттар қылмыстық іс материалдарының тізімдемесіне енгізілмесе, оларды айыптау негізіне жатқызуға болмайды» делінген абзац жолды алып тастауды ұсынамыз.

Диссертацияның құрылымы мен көлемі. Диссертация кіріспеден, екі бөлімнен, төрт бөлімшеден, қорытындыдан, пайдаланған әдебиеттер тізімінен және қосымшадан тұрады.

Диссертацияны қорғауға шығарылған тұжырымдамалар екі мақалада жарияланды:

1.«Сотқа дейінгі іс жүргізуді ұйымдастыруда соттық бақылау мен прокурорлық қадағалау» атты мақала 2018 жылдың 15 маусымында өткізілген ҚР ӘМ Заңнама институтының 25 жылдығына орайластырылған «Құқықтың үстемдігін қамтамасыз ету» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдар жинақтарында жарық көрді.

2.«Қылмыстық процестегі проблемалар және заңдылықты модернизациялау» атты мақала 2018 жылдың 25 қазанында өткізілген ҚР ІММ Алматы Академиясының «Заң ғылымының өзекті мәселелері: теория және тәжірибелік сұрақтары» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдар жинақтарында жарияланды.

Сонымен қатар, сотқа дейінгі өндірісті қадағалау барысында тәжірибеге енгізіліп, пысықталды (жұмысты тәжірибеге енгізу актісі 2018 жылдың 27-ші қарашасында Маңғыстау облыстық прокуратурасының комиссиясымен қаралып, бекітілді).

I-БӨЛІМ. ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСТІҢ, ОНЫҢ ІШІНДЕ ТЕРГЕП-ТЕКСЕРУДІҢ СИПАТТАМАЛАРЫ, БАСТЫ ЖӘНЕ МАҢЫЗДЫ ҚАҒИДАЛАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.

1.1 Қылмыстық процестің тарихи кезеңдері, ерекшеліктері

Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті Н.Ә.Назарбаев жылдағы халыққа жолдауында қылмыспен, сыбайлас жемқорлықпен, алаяқтықпен, заң бұзушылықпен табанды да, қатаң күрес жүргізу қажеттілігін атап көрсеткен [3].

Осыған орай, құқық қорғау органдары қылмыстардың алдын-алуға, қылмысты тез, оңтайлы және толық ашуға бағытталған тергеу әдістерінің жаңа жолдарын анықтау қажет.

Ал, Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасы – қылмыстарды тез және толық ашу, оларды жасаған адамдарды әшкерелеу және қылмыстық жауапқа тарту, әділ сот талқылауы және қылмыстық заңды дұрыс қолдану сияқты қылмыстық процестің міндеттеріне қол жеткізу мақсатында қылмыстық іс жүргізу заңын және жедел-ізвестіру қызметі туралы заңын тиімді қолдануды көздейтін оңтайлы құқықтық тетіктерді әзірлеуді талап етеді [4].

Қылмыстық істер бойынша іс-жүргізудің заңда белгіленген міндеті адамды және азаматты негізсіз айыптау мен соттаудан, олардың құқықтары мен бостандықтарын заңсыз шектеуден қорғау, кінәсіз адам заңсыз айыпталған немесе сотталған жағдайда – оны дереу және толық ақтауды қамтамасыз ету, сондай-ақ заңдылық пен құқық тәртібін нығайту, қылмыстың алдын-алу, құқықты құрметтеу көзқарасын қалыптастыруға жәрдемдесу деп көрсетілген [4].

Сол себептен, құқық қорғау органдары үшін қылмыстарды тергеу мен ашуға бағытталған әрекеттерді жетілдіру қажеттілігі туындап отыр. Қылмыстық істің сотқа дейінгі сатыларында жүргізілетін әрбір тергеу әрекеті, ол бойынша құжаттың процессуалдық тұрғыда дұрыс, айқын толтырылуы заңдылықтың және әділдіктің кепілі болып табылады.

Қазіргі тергеліп келетін істердің басым көпшілігінде ондай сапа, тергеушілерінде дәл сол уақыттағыдай белсенділік жоқ. Қылмыстық істерді тергеудің қомақты жүгін көтеріп отырған ішкі істер органдарының өндірісінде 10-15-тен ісі бар тергеушілер қолындағыны шала-пұла тексеріп, жұмыстарды алдымен прокурорға, одан кейін судьяға ысырып салуға бейім тұрады. Кейде ұрлық жасаған адамның әрекетін көпе-көрінеу қылмыстық кодекстің бірнеше бабымен артық дәрежелеп, айыптау актісін асығыс-үсігіс қадағалау органына жөнелте салатын жайттар да тәжірибеде жиі кездеседі. Қылмыстық заңнамаларымыздың талабы бойынша, айыпталушыға тағылған айып нақты бұлтартпайтын дәлелдермен бекітілуі тиіс. Заңсыз жолмен алынған дәлелдемелердің жарамсыз деп табылатындығы Қылмыстық процестік кодекс пен Жоғарғы Соттың 2006 жылғы 20 сәуірдегі «Қылмыстық

істер бойынша дәлелдемелерді бағалаудың кейбір мәселелері туралы» №4 Нормативтік қаулысының 21 бөлігінде де жан-жақты тұжырымдалған. Өкінішке қарай, алдын ала тергеу амалдарын жүргізу барысындағы орны ойсырай көрініп, ақсап тұратын да осы тұс.

Оқиға болған жерді зерттеп, әрбір айғақ затты негізге алу, қылмыс жасалған маңайдағы бейнежазба деректерін тиімді пайдаланып, істі тастай дәлелдермен сотқа жеткізуге көптеген тергеушілердің шамасы жетпейді. Істерді жамап-жасқап, артық жерлерін прокурор немесе судьяның өзі алып тастар деген ниетке сүйенеді. Тергеу органының мұнысы әйтеуір кінәлі адам жауапкершіліктен құтылып кетпей, соттан жазасын алып, тіркелген қылмыс статистикалық есептің санына қосылсын деген амал ғана. Прокуратураның алдын ала тергеу мен анықтаманың заңдылығына қадағалау жүргізетін қызметкерлері істегі мұндай шала жиналған дәлелдемелерді басқа да айғақты заттарды, куәлердің қисынға келмейтін жауаптарын байқап, істі қайта тергеуге жіберсе дұрыс. Алайда, бар болғаны теориялық біліммен қаруланған, тергеудің сынынан өтпеген, оның кейбір әрекеттерінен хабары жоқ қадағалау органының тәжірибесі аз мамандары ондай қиғаштықтарды әрдайым аңғара бермейді. Қолдан қолға өтсе де, талапқа сай тергелмеген, дәлелдері аз немесе дұрыс жиналмаған істер сот қоржынына осылайша түседі.

Істегі дәлелдерді зерттеп, зерделеп, жүрегінен өткізетін судьяның өндірісіне қабылданған жұмыстағы кемшіліктерді байқауы да мүмкін. Бірақ, соттарда мұндай істі қайта тергеуге жіберетіндей бұрынғы құзырет жоқ. Сондықтан да, қолданыстағы заң адам тағдырына қатысты үкім шығарып, ақты ақ, қараны қара деп шешім қабылдайтын судьяға іспен ілесе келген кемкетіктің орнын толтырып, соңғы байламын айтуды жүктеп қойған. Бүгінгі күні көзіміз үйреніп, жаттанды көрініске айналып кеткен жүйе осындай.

Судья прокурорды, ал, ол өз кезегінде тергеушіні кінәлайтын, бірақ, белгілі бір нәтижеге қол жеткізбей, құрғақ әңгіме түрінде қалатын жаттанды шеңбер осылайша ұзақ жылдардан бері ырғағын жоғалтпай жалғасумен келеді. Қылмыстық іс жүргізу процесіндегі тергеудің сапасын арттыру жөнінде өткізілген басқосулардың санында есеп жоқ шығар. Алайда, аттарына қанша өткір сын айтылса да, жаттанды бағытынан танбайтын тергеу ісін әзірге жөнге салатындай қадам жасалған емес.

Өзіміз қатысып жүрген алқалы бас қосуларда көбінесе тергеу амалдарын жақсарту, оған кедергісін тигізіп отырған мәселелер мен сол істі жүргізетін тергеушінің біліктілігін көтеруге қатысты өзекті дүниелер емес, керісінше, бұрыннан жұртқа жақсы таныс кемшіліктер тізбектеліп кетеді.

Қылмыстық процесік кодекске 2015 жылдан бастап тәжірибеге тергеу судьясы лауазымын енгізіп, оған сотқа дейінгі тексеру жұмыстарының сапасын бақылауға қатысты тоғыз өкілеттіктің берілуі де жүйедегі сапалы тергеуді аяғынан тұрғызу ниетінен туған болатын. Істің қазіргі барысы мен мамандардың пікіріне қарасақ, тергеу судьясына берілген бұл құзыреттер

өзін-өзі ақтап, алдын ала тергеудің қаңсыған тамырларына қан жүгіре бастаған секілді.

Кешегі күнге дейін азаматтардың тергеу амалдары кезінде конституциялық құқықтарын бұзу, істі созбалаңға салу, тергеу органдарының адвокаттардың іспен танысуына кедергі келтіруі сияқты тағы да басқа сотқа дейінгі жұмыстардың заң талабына сай жүргізілуіне белгілі бір дәрежеде кедергісін тигізген кемшіліктер бүгінде біртіндеп түзеле бастады. Бірақ, бұл тергеу судьясы тергеудің сапасына тікелей ықпалын тигізеді деген ұғымды білдірмейді. ҚР Қылмыстық процестік кодекстің «Тергеу судьясының өкілеттіктерін жүзеге асырудың жалпы шарттары» деп аталатын 56-бабының 4-бөлігінде «Тергеу судьясы осы кодекске сәйкес, істі мәні бойынша шешу кезінде сотта қараудың нысанасы болуы мүмкін мәселелерді алдын ала шешуге, тергеп-тексеру бағыты және тергеу әрекеттерін жүргізу туралы нұсқаулар беруге, сотқа дейінгі іс жүргізуді жүзеге асыратын адамдардың және қадағалаушы прокурордың, сондай-ақ, істің мәні бойынша қарайтын соттың орнына әрекет жасауға және шешім қабылдауға тиіс емес» деп оның тергеудің ішкі жұмыстарына араласуына шектеу қойған [5]. Сондықтан да, тергелген істің тасада қалып қойған кемшілігі судьяның алдына келгенде ғана құпиясын ашады.

Мемлекеттік айыптаушылар тағылған айыптың шикілігін біле тұрса да, одан бас тарта алмайды. Қылмыстық процестік кодекстің «Істің мән-жайларын жан-жақты, толық және объективті зерттеу» деп аталатын 24-бабының 1-бөлігінде «Сот, прокурор, тергеуші, анықтаушы істі дұрыс шешуге қажетті және жеткілікті мән-жайларды жан-жақты, толық және объективті зерттеу үшін заңда көзделген барлық шараларды қолдануға міндетті» деп көрсетілгенімен, осы сөйлемнің соңын ала заң «Бұл ретте сот істе бар және ұсынылған дәлелдемелерді осы кодексте көзделген тәсілдермен зерттейді [5]. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің толымсыздығын жою мақсатында сот өз бастамасы бойынша қосымша дәлелдемелер жинауға құқылы емес» деп судьяның айыптаудың ыңғайымен кетіп қалмауына тыйым салған. Дәл осы тәртіп Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2006 жылғы 20 сәуірдегі «Қылмыстық істер бойынша дәлелдемелерді бағалаудың кейбір мәселелері туралы» №4 нормативтік қаулысының 8-бөлігінде де «Сот іс бойынша дәлелдемелерді тараптар тағылған айып көлемінде оған ұсынған шектерде ғана тексереді. Осы ретте, сот сотталушының кінәлі немесе кінәсіздігі, алдын ала тергеудің олқылықтарын жою жөнінде қосымша дәлелдемелерді жинауға тиіс емес» деп тұжырымдалған [6].

Сол себептен де қиындықпен бетпе-бет жалғыз өзі қалатын судья әділ шешім қабылдау үшін алдын ала тергеу мен прокуратураның тарапынан кеткен қателіктер мен жыртықтарды жамап, өзге органдардың бұған дейін жүзеге асыруға тиісті міндеттерін жалғыз өзі атқарады. Бұл қаншалықты әділ? Заң жүзінде тәуелсіз деп саналатын судьяның бұлтартпау шарасын белгілеп, тергеу органы мен прокуратураның заңдылықты қадағалау

қызметін қоса атқаруы оның дербестігі мен тәуелсіздігіне көлеңкесін түсірмей ме?

Соңғы кездері прокуратураның бірқатар құзыреттері соттың қолына өтісімен судьялар қауымы арасында ендігі жерде сот пен тергеу органы арасында делдалдық қызмет атқаратын прокуратураның қаншалықты қажеті бар дегенге саятын сауалдар көтеріліп жүр. Егер, мамандардың айтып жүргеніндей, келешекте тергеу судьясының өкілеттігі бұдан әрі кеңейетін болса, түбі прокуратура қызметінің түгелдей сотқа көшуі де мүмкін. Жорамалымыз шындыққа айналып, іс солай шешілсе, онда Конституциямыздың 83-бабында мемлекет атынан заңдардың біркелкі әрі дәлме-дәл қолданылуын қадағалайтын прокуратураның функциясын қай органның атқаруы мүмкін? [7] Қазірдің өзінде мамандарымыз қылмыстық процестік кодексте тергеу судьясы мен прокурорға бір қызметті қайталап атқаруды жүктеген міндеттердің бар екендігін жасырмайды. Мәселен, кейбір тергеу судьялары қылмыстық процестік кодекстің 55-бабындағы «прокурордың ұсынуымен қылмыстық іс бойынша процестік шығындарды өндіріп алу туралы мәселені қарайды» деген қағиданың басы артық жұмыс екендігін, мұндай шығындар мен кепілдің мөлшерін тергеу судьясы жеке-дара қарап шешуі тиіс деп есептейді [5].

Біз бүгінгі мәселемізде қоғамдық пікірлерді жалпыға таңып, түпкі міндеттері ортақ екі органның арасына ши жүгіртіп, алалап көрсетуді мақсат санап отырғанымыз жоқ. Біздің мақсат – адам тағдырын таразылауда шешуші рөл атқаратын, ал, шын мәнінде жүрісінен жаңылып, тергеу жұмыстары төңірегіндегі түйткілді проблемаларды ортаға салып, оған жұрттың назарын аудару ғана. Себебі, тергеу дұрыс жүргізілмей, айыпталушы заңсыз жазаға тартылып кетсе, оның ар жағында бір ошақтың отын сөндіретін қасіреттің бұғып жататындығын қаперден шығармағанымыз абзал.

Қазақстан Тәуелсіздігінің 28 жылдан астам мерзім ішінде өз-өзін демократиялық саяси-құқықтық жүйесі бар, тұрақты экономикасы және халық жағдайының жоғары деңгейлі дамушы мемлекет ретінде қалыптастырды.

Іргелі идеялар нақты жобаларға айналып, «Қазақстан-2030» стратегиялық даму бағдарламасы, бәсекеге қабілетті Қазақстан, интеллектуалдық ұлт, «мәдени мұра», индустриялық-инновациялық даму ел болашағын айқындады. Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына, Ислам Конференциясы Ұйымына Қазақстанның төрағалығымен Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың өлшеусіз еңбегі дәйектелді.

Еліміздің өркендеп дамуымен ұштаса келе, заманымыздың өзгеруіне орай, елімізде тергеу саласындағы заң нормалары көптеген ұшырысқа бел буған, соның ішінде қылмыстық процестік кодексте бірнеше өзгерістер енгізілді.

Ең бастысы қазіргі қолданыстағы кодекс адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, іс бойынша тағайындалған

қорғаушының құқықтары мен мәртебесін көтеруге, істерді жедел қарауға бағытталған.

Қазақстан Республикасының қылмыстық күрес жағдайы мемлекеттік билік құрылымдарынан қылмыстың алдын-алуды және оларды жасағандығы үшін жазадан құтылмауына құқық қорғау органдарының әсерін күшейтуді талап етеді. Қылмыспен күресті жақсартудың бірден бір жолы – құқық қорғау органдарының үйлестіру қызметін дамыту, сонымен қатар үйлестіру өкілеттігін жүзеге асыруда прокуратураның рөлін көтеру болып табылады.

Қазақстан Республикасының Конституциясының 83 бабына сәйкес, прокуратура органдары бүкіл заңдардың біркелкі және толық орындалуына, тергеу заңдылығына қадағалау жүргізеді [7].

Барлық құқық қорғау және басқа да органдары Үйлестіру Кеңесінің мүшесі болса, оның төрағасы Бас прокуроры, ал өңірлерде облыс прокуроры болады. Бұл Үйлестіру Кеңесі туралы Ереже Президенттің Жарлығымен бекітілген болатын. Бұл Кеңесте мемлекеттік органдардың алдында қылмыспен күресу және оларды тудыратын себептерін жою бойынша күрделі және жауапты міндеттер тұр. Сәйкесінше, прокуратура органдары оларға бағыт-бағдар беріп отырады.

Дұрыс ұйымдастырылған алдын-ала тергеу мен анықтау, олардың заңдылығына прокурорлық қадағалауды жүзеге асыру қылмыстарды дереу және толық ашуға, оның объективті және жан-жақты тергелуіне, ең соңында – соттың заңды, негізді және әділ шешім қабылдануына елеулі кепілдіктерінің бірін береді.

Тергеу мен анықтау заңдылығын қадағалауда екі негізгі мақсат қалыптасқан:

- қылмыс жасаған кінәлі адамдарды жазаланбай қалмауын қамтамасыз ету;
- бір де бір азамат негізсіз қылмыстық жауапкершілікке тартылуына немесе құқықтарының шектелуіне жол берілмеу.

Прокурор қылмыстардың тергелуін реттейтін заң нормаларының бұзылмауын, тергеу кезінде барлық мән-жайлардың жан-жақты, толық және объективті зерттелуі туралы заң талаптарының сақталуын, заңсыз тергеу әдістерін қолданылмауын қадағалауға міндетті. Прокурор заң бұзушылықтарды алдын-алуға, ал заң бұзушылықтар анықталған жағдайда – оларды жоюға, азаматтардың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтірілуіне, моральдық және материалдық залалдардың өтелуіне, сондай-ақ заң бұзушылықтарға жол берген тұлғаларды жауапкершілікке тартуға шаралар қолдануы тиіс.

Әлбетте, прокурордың маңызды міндеті ол адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету. Олар мына шаралар бойынша жүзеге асырылады:

- қылмыстық ізге түсудің, күдіктілерді ұстаудың, айып тағудың және бұлтартпау шараларын қолданудың заңдылығын уақытылы тексеру.

- тиісті дәлелдемелерді алу.

Мысалы, заңды немесе заңсыз дәлелдемелердің алынғандығын тексеру. Конституцияның немесе қылмыстық процесстің заңдылық талаптарын бұзумен алынған дәлелдемелер дәлелдеу кезінде алынып тасталуы керек.

Прокурор қылмыстар туралы арыздар бойынша шешімдердің және есепке алу-тіркеу тәртібінің сақталуына тексерістер жүргізу кезінде ұзарту мерзімдерінің заңдылығын тексереді, сондай-ақ азаматтардың өтініштері бойынша процессуалдық шешімдердің созбалаңдыққа салу деректеріне жол бермеуі керек.

Сонымен қатар, заң талаптарының орындалуын тексеру үшін прокурор алдын-ала тергеу мен анықтау органдарынан қылмыстық істерді, құжаттарды және басқа да мәліметтерді талап етуге және қылмыс жасаған адамдарды анықтауға құқылы. Прокурор қылмыстарды тергеу, бұлтартпау шаралын таңдау, өзгерту немесе бұзу туралы, қылмыстар белгілерін дәрежелеу, жеке тергеу амалдарын жүргізу (тінту, алу және т.с.с.) және қылмыс жасаған адамдарға іздеу салу туралы жазбаша нұсқаулар беруге құқылы. Прокурордың бұл нұсқаулары ведомстволық тиістілігіне қарамастан, барлық тергеу мен анықтау органдары үшін міндетті. Прокурор қылмыстардың білікті тергелуі мен ашылуын, шұғыл-тергеу топтарының құрылуын, тергеушілер мен анықтау органдарының өзара әрекеттесуін қамтамасыз етуге тиісті шаралар қолданады.

Қойылған тапсырмаларды орындау үшін прокурор тиісті аймақтың тікелей жағдайын, қадағалауға алынған органдардың жұмыс нәтижелерін, тергелетін қылмыстық істердің сипаты туралы мәліметтерді, белгілі бір кезеңде тергеудің, анықтаудың қалпын білуі керек, яғни деректер жиынтығы болуы керек. Қазіргі кезде барлық прокуратураларда осы мақсатта тергеу мен анықтауды қадағалауды ақпараттық қамтамасыз етудің автоматтандырылған жүйесі қолданылуда.

Статистикалық және басқа да ақпараттарды талдау негізінде прокурор осы немесе өзге де мәселелер бойынша заң бұзушылықтарды жібермеу немесе заң талаптарынан жалтарған кезде уақытылы шаралар қолдану мақсатында өз өкілеттігін қашан және қандай бағытта қолдануын білу керек.

Прокурор анықтау органы істі тергеушіге тапсырғанға дейін, қарау, тінту, алу, куәландыру, сезіктіні ұстау және одан жауап алудан, жәбірленушілер мен куәлардан жауап алудан басқа кездерде, анықтау органымен тиісті сараптамалардың тағайындалғандығын бақылауы керек.

Дегенмен, тергеу органдары өздерінің жұмысы барысында жиі бұзушылықтарға жол беріп отырады.

Мәселен, қысқа түрде статистикалық мәліметтерге сүйенсек, республика бойынша ақтау үкімі шыққан және ақталатын негізбен қысқартылған істер бойынша жазықсыз жапа шеккендердің саны 2018 жылы 530 адамға жетіп отыр (2017ж.-361, 2016ж.-241). Оның ішінде 146 адам

(69, 55) ақталып шықты, яғни екі есеге өскендігі байқалып отыр, ақтау негізбен (ҚПК-нің 35 бабының 1 бөлігімен) 269 адамға қатысты қудалауды қысқарту шешімдері шыққан (228, 167), яғни 1,2 есеге өсті, ақтау негізбен сотпен (ҚПК-нің 35 бабының 1 бөлігімен) 115 адамға қатысты қудалау қысқартылды, өсу деңгейі 1,8 есені құрады (64, 19).

Ал осылардың ішінен 81-і қамауда не үй қамауында болған екен (31, 16), өсу деңгейінің көрсеткіші 2,5 есені құрады.

Бұл жағдайлардың туына тергеу органдары мен оның басшылары тараптарынан қылмыстық заң мен процестің дұрыс білмеуінен, салғырт қарауларынан және тағы басқа себептерінен осындай өрескел бұзушылықтар жасалып отыр.

Осыған орай прокурорлардың қағидалы ұстанымдары арқылы, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңдылықты бұзғандары үшін 2018 жылы бес мыңнан астам тергеушілер мен анықтаушылар жазаланды (5 684) [1].

Осындай өрескел заң бұзушылықтарға жол бермеу үшін, прокурорлар тергеу заңдылығына қадағалауды күшейтіп, дер кезінде оларды алдын-алуға, болдырмауға және келешекте қайталанбау мақсатында тиісті шаралар жүйесін қабылдау қажет.

Қылмыстық сотқа дейінгі іс жүргізуші органдардың ең бастапқы міндеттерінің біріне заң үстемдігін қамтамасыз ету, тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау болып табылады. Тергеуші берілген міндеттеріне орай азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын өздігінен шешетін болғандықтан, заң бұзушылықтарға тосқауыл қоятын қылмыстық-процестік заң екі нақты қызметті айқындаған: сот бақылауы мен прокурорлық қадағалау.

Еске алсақ, сот бақылау институтының даму тарихы азаматтардың құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау процесімен байланысты. Алғашқы болып, құқық негізін классикасы болып, яғни қамаудағының шағым беру институты тіркелуі және заңсыз қамауда отырған адамды босату, 1679 жылы 26 мамырда қабылданған ағылшындық Хабеас корпус актісі болып саналады. Аталған құжатта жаппай қамауға алуға қарсы адамзат тарихындағы бірінші кепілдіктердің көріністері тапқан [8]. АҚШ-та сот бақылауы 1787 жылы Конституциямен бірге және де 1791 жылы шыққан «Билля құқығымен» бірге дамыған. Сол аралықтан бастап аталмыш толықтырулар қылмыстық-процессуалдық нормаларда да көрініс тапты. АҚШ-та қамауға алу ордері тек қана сотпен беріледі [9].

Тәуелсіздік алғаннан бастап Қазақстан халықаралық-құқықтық нормаларға сәйкес азаматтардың құқықтарын қорғауға бағыт алды. Қазақстанмен 2005 жылы ратификацияланған Халықаралық Пактінің 9 бабына сай және 2010-2020 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының құқықтық саясат Концепциясында көрініс тапқандай, Қазақстанның сот жүйесінің дамуында сотқа дейінгі іс-жүргізуге сот бақылауын күшейту

кіргізілді.

Сот бақылауы мен прокурорлық қадағалау – бұл екі бір-бірімен тығыз байланысатын, бір-бірімен жиі кездесетін мемлекеттік-құқықтық институт, оларсыз азаматтық қоғам тыныш өмір сүре алмайды. Екеуі де заңдылық пен тәртіпті қамтамасыз етуде адамның құқықтарын қорғайды [10]. Алайда олар өздерінің әдістерін қолданады. Прокурорлық қадағалаудың негізгі міндеттеріне – заң бұзушылықты анықтау болса, сот міндеттеріне – кінәлілерді жазалау және жәбірленушілердің құқықтарын қалпына келтіру кезінде мемлекет атынан бұзушылықтарға ықпал ету.

Прокуратура мен сот – азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғау жүйесіндегі екі бәсекелесуші емес, бір-бірін толықтыратын элементтер. Прокурорлық қадағалау ол шешімдерді жедел түрде қабылдауға қамтамасыз етеді, яғни дәлелдемелердің жоғалмауына және тергеу құжаттарының жарияланбауына бағытталған.

Прокурор өзінің қызмет барысында қылмыстылыққа қарсы күресте заңдылықтың қатаң түрде сақталуына қарауы тиіс. Қылмысты тергеу барысында прокурорлық қадағалау алдын-ала тергеудің барлық кезеңінде болуы қажет. Прокурор актілерінің құқықтық позициясы міндетті не болмаса алдын-ала заңдық күші болмайды, олар тек жоғары соттан заңсыз сот қаулыларының күшін жою туралы сұрақ көтереді. Прокуратураның бұл әрекеттері сотқа қадағалау және сот билігіне қол сұғушылық болып табылмайды. Бұл қатынастар азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға бағытталған байланыс формасы, сондықтан прокуратура мен сот арасындағы қатынас құқық қорғау қызметіндегі заңдылықты қамтамасыз етуге бағытталған болуы керек, ең бастысы, сот бақылауы мен прокурорлық қадағалау арасындағы қатынасты жүйелі түрде қамтамасыз ету.

Тәжірибе көрсеткендей, азаматтардың құқықтары мен бостандықтары қылмыстық сотқа дейінгі өндірістің бастапқы мезеттерінде бұзылады. Сондықтан, қылмыстық іс қозғалғаннан бастап ақ, күдікті ретінде танылған тұлғаға қатысты заңдылық, прокурордың қадағалау шеңберінде болу қажет. Өйткені, осы мезеттен бастап арнайы мәртебеге ие болған күдіктінің құқықтары мен бостандықтары заңмен шектеледі.

Сол себепті, прокурорлық қадағалау мен сот бақылауын ара қатынасын айқындағанда, қылмысты тергеу барысында екі жақты жүйелік бақылаудың саналы қалыптасуын айтуымыз керек, ең бастысы азамат пен адамдардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғау негізінде. Мұндай шешім қылмыстық қудалаудың мүдделі қалыптасуын, сондай-ақ процесс қатысушыларының құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз етуге бағытталады.

Сот бақылауы қылмыстық-процессуалдық және жедел-іздістіру күштеу кезінде құқықтық норма мен әрекеттің өзіндік жүйесін қалыптастырады. Дәлірек айтсақ, қылмысты тергеу барысында тұлға құқығының жаппай, негізсіз шектеуін болдырмайды. Кең ауқымды сот бақылауы заңсыз шектеуге

бөгет күйзелістегі сот өндірісіне айналады.

Сот бақылауы мен сот төрелігін жүргізудің арасындағы айырмашылықтар келесі негіздерден көрінеді: а) сот бақылауында сот кінәлік пен жауаптылық сұрақтарын қарамайды. Қызметінің мазмұны болып тергеу органымен азаматтардың конституциялық құқықтарын шектеудегі заңдылықтарын тексереді; б) сот бақылауыныңүрдісі аясында, судья белсенді, ол алдын-ала тергеу сатысындағы шешімдердің заңдылығы мен негізділігін бақылайды.

Алдын-ала тергеудің үстінен сот бақылауының шығуы, ең бірінші соттың тәуелсіздігімен және басқа органдарға қатыстылығы жоқтығымен белгіленеді, қылмыстарды тергеу кезінде тұлғаға тұрақты құқықтық кепілдік береді [11].

Бұрын 1959 жылы шыққан Қазақ КСР-ның ҚПК қылмысты тергеуге ешқандай қатысы жоқ еді [12]. Негізінен, КСР Одағының құлауынан кейін қылмысты тергеуге сот бақылауының кейбір элементтері құрыла бастады.

Қамауға алу түріндегі бұлтартпау шарасына сот шағымдану институты алғашқы болып 1993 жылы 18 қазандағы Заңмен елімізге енгізілді [13]. Алайда, 17 айдан соң, №2122 санды ҚР Президентінің 1995 жылғы 17 наурыздағы Жарлығымен аталған нормалар ҚПК-тен алынып тасталды [14]. Бұған себеп болған кейбір судьялардың өзінің субъективтік көзқарасынан заңсыз босатулар орын алды.

Әрі қарай, әділ сот өндіріс құқығының негізі болып адам құқығы саналды. Сот бақылауы – сот билігін жүзеге асырудың бір формасы. Сол себептен, 1998 жылдың 1 қаңтарынан жаңа Қылмыстық процессуалдық кодексімен сот бақылау институтының нормалары қайта енгізілді. Өйткені, Конституцияның 13 бабының 2 тармағына сәйкес, әр адам өз құқығы мен бостандығын сотта қорғауға құқылы. Бұл қағида ҚПК-тің 12 бабында да айқындалған.

Судьялардың процессуалдық құзыреттеріне – сот бақылауын жүзеге асыру барысында судья тергеудің заңсыз шығарылған шешімдерін бұзады немесе азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылғандығын жою мақсатында прокурорға тексеруге міндеттейді. Шағымды бұзуға негіз болмаса, судья өзінің қаулысымен қанағаттандырусыз қалдырады. Ал мәселен, қамауға алу немесе оның мерзімін ұзарту бұлтартпау шарасына қатысты шағымды қарау барысында судья мынадай негізді шешімдер шығарады: шағымды қанағаттандырусыз қалдыру, бұлтартпау шарасын жою немесе өзгерту арқылы жеңілдеу жазаға алмастыру не қамаудан босату.

Судьялардың ұйымдастыру-басқарушылық құзыреттеріне – прокурордан немесе қылмыстық қудалау органынан шағым түсуіне байланысты қылмыстық істі сұратып алуға, шағымды қарау күні мен уақытын жақтарға хабардар етуге, қажеттілігіне қарай сотқа күдіктіні, айыпталушыны шақыртуға жатады.

Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын одан әрі жоғары деңгейде көтеру және ол конституциялық құқықтарын қорғау механизмін қамтамасыз ету мақсатында сотқа дейінгі өндірісінде сот бақылауы мен прокурорлық қадағалау шегі кеңейтілді. Қылмыстық процесс қатысушыларына жаңа тұлғалар ретінде тергеу судьясы мен процессуалдық прокурор енгізілді. Бұлар сотқа дейінгі іс жүргізуде конституциялық құқықтар мен бостандықтарын мемлекеттік атынан қорғаудың тиімді механизмі болады.

1.2 Қылмыстық процес принциптерінің сақталуы аясында ғалымдардың көзқарастары және кейбір шет елдердің тәжірибесі

Қылмыстарды тез және толық ашу, айыптыларды әшкерлеу, әрбір қылмыс жасаған адам әділ жазасын алуы және кінәсіз бір де бір адам қылмыстық жауаптылыққа тартылмауы үшін заңның дұрыс қолданылуын қамтамасыз ету – қылмыстық процестің мақсаты болып табылады.

Сондықтан, бостан бос емес, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевпен «Қазақстан Республикасы прокуратура органдарының кейбір сұрақтары туралы» 2017 жылдың 13 қазандағы Жарлығымен, Бас прокуратураның құрылымы бекітілген. Құрылымға сәйкес, Бас прокуратурада жаңадан болып қылмыстық қудалау қызметі делінген салалық құрылымша құрылып, оның басты міндеті болып кінәсіз тұлғаларды қылмыстық жауапкершілікке тартылуды болдырмау [15].

Қылмыстық процестің кейбір терминдердің түсінігіне көз жүгіртсек.

Н.Б.Майлыбаеваның, Н.Т.Саханованың, А.А.Науанованың «Қылмыстық іс жүргізу бойынша терминдер және түсініктер» атты сөздікке сәйкес, келесідей терминдерге нақты түсініктер берген:

Қылмыстық іс жүргізу – қылмыстық істі қарастыру және шешу бойынша, сол сияқты қылмысты-жазаланушылық әрекет жасаған тұлғаға қатысты үкімді орындаумен байланысты қылмыстық қудалау органының қылмыстық іс жүргізулік нормаларымен реттеудің құқықтық қызметі;

Қылмыстық іс жүргізу құқығы – қылмыстық сот өндірісі аясындағы әрекеттерді және құқықтық қатынастарды реттеуші, құқықтық нормалардың жиынтығынан тұратын құқықтың өзіндік саласы;

Қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі жүргізу дегеніміз – қылмыстық іс қозғалған кезден оны мәні бойынша қарау үшін сотқа жолдағанға дейін қылмыстық іс бойынша іс жүргізу (анықтау және алдын-ала тергеу), сондай-ақ, қылмыстық іс бойынша жеке айыптаушы мен қорғау тарабының материалдар дайындауы;

Айыптау қорытындысы – іс жүргізулік акт, тергеуші өз құзыреті шегінде қылмыстық іс материалдарындағы дәлелдемелерге негізделіп, істі

прокурорға жібереді, егер прокурор келісетін болса тағылған айып бойынша қылмыстық істі сотқа қарастыруға жібереді;

Қылмыстық процесті жүргізуші орган – сот, сондай-ақ қылмыстық іс бойынша істі сотқа дейін жүргізу кезінде прокурор, тергеуші, анықтау органы, анықтаушы;

Қылмыстық ізге түсу органдары – прокурор (мемлекеттік айыптаушы), тергеуші, анықтау органы, анықтаушы;

Қаулы – соттың үкімнен басқа әртүрлі шешімдерді анықтаушының, тергеушінің, прокурордың қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі іс жүргізу барысында қабылданған шешімдер;

Хаттама – қылмыстық процесті жүргізуші орган жасаған іс жүргізу әрекеті көрсетілетін іс жүргізу құжаты;

Іс жүргізу әрекеттері – қылмыстық іс жүргізу кодексіне сәйкес қылмыстық сот ісін жүргізу барысында жүргізілетін іс-әрекеттер;

Іс жүргізу шешімдері – өз құзыреттері шегінде қылмыстық процесті жүргізуші органдар шығаратын және ҚР қылмыстық іс жүргізу кодексте айқындалған нысанда көрініс табатын қылмыстық іс жүргізу құқығын қолдану актілері – үкімдер, қаулылар, қорытындылар, ұсыныстар, санкциялар;

Қорғану тарабы – сезікті, айыпталушы, олардың заңды өкілдері, қорғаушы азаматтық жауапкер және оның өкілі;

Айыптау тарабы – қылмыстық ізге түсу органдары, сондай-ақ жәбірленуші (жеке айыптаушы) азаматтық талапкер, олардың заңды өкілдері мен өкілдері.

Сезікті – тергеуші, анықтаушы қылмыс жасады деп күмән келтірілгендігінің хабарлап, соған байланысты қылмыстық іс жүргізу кодексінде белгіленген негіздерде және тәртіппен өзіне қатысты қылмыстық іс қозғалған, не ұстау жүзеге асырылған, не айып тағылғанға дейін жолын кесу шарасы қолданылған адам;

Айыпталушы – өзіне қатысты айыпталушы ретінде жауапқа тарту туралы қаулы шыққан адам, не өзіне қатысты сотта жеке айыптайтын қылмыстық іс қозғалғаннан адам, сондай-ақ оған қатысты анықтау органының бастығы айыптау хаттамасын жасаған адам айыпталушы болып танылады. Іс бойынша басты соттың талқылауы тағайындалған айыпталушы, сотталушы, өзіне қатысты айыптау өкімі шығарылған айыпталушы, сотталған адам, өзіне қатысты ақтау шығарылған айыпталушы, ақталушы деп аталады [16].

Тергеуді аяқтау институты – бұл іске асырылуы күрделі құқықтық нормалар тобы. Заңдылықтың сақталу дәрежесі, барлық алдын-ала тергеудің толықтығы мен әділдігі, көбіне іс бойынша соңғы маңызды құжаттың қалай жасалғанына, іс жүргізу процедурасының қалай аяқталғанына байланысты болып табылады.

Тергеудің аяқталуы – сотқа дейінгі іс жүргізу кезені ретінде қаралады, ол алдын-ала тергеудің ажырамас бөлігі болып саналады. Осы уақыт аралығы үшін маңызы бар қандай да қылмыстық процесс шешімін қабылдаудың негізі сипатталады, тергеуші, анықтаушы, прокурор дайындайтын процестік құжаттарының формасы мен мазмұнына қойылатын талаптар қаралады.

Қылмыстық іс жүргізу құқығы – толып жатқан түрлі жақтарды, жай-жапсарларды қамтитын күрделі, ауқымды сан мағыналы құбылыс. Оның мәніне әр түрлі анықтама берілуінің себебін осымен түсіндіруге болады. Дәстүрлі көзқарас – қылмыстық іс жүргізу құқығын ережелер(нормалар) заңында көрсетілген, қылмыстық процесс мақсаттарына жету мен міндеттерін шешу мақсатында қылмыстық істерді тергеу, қарау және шешу жөніндегі қызметті реттейтін әлеуметтік-шартты жүйе деп түсіну [17].

Кеңестік кезеңдегі құқық дамуының энциклопедиялық анықтамасы мынаған келеді: қылмыстық іс жүргізу құқығы – өз нормалары қылмыстық істерді қозғауға, алдын ала тергеуге, сотта қарауға байланысты қызметті, оның тәртібі мен мазмұнын реттейтін құқық саласы; оның тәртібі мен мазмұны; бұл жағдайда пайда болатын құқық қатынастары [18].

Профессор Б.Х.Төлеубекова өзінің «Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу құқығы» оқулығында былай анықтама берген: Қылмыстық істер бойынша іс жүргізу кезінде азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау қылмыстық процесті жүргізуші органға жүктеледі. Осы міндетті жүзеге асыру нысандары пассив және актив негіздер болуын көздейді. Пассив негіз – қылмыстық іс жүргізу заңының нұсқамаларын дәл сақтау, бұл сот ісіне тартылатын адамдардың құқықтары мен бостандықтарын өзінен-өзі білдіреді. Актив негіз – кімнің тарапынан болсын қауіп-қатер төнген жағдайда қарсы әрекеттер жасау шараларының дер кезінде қолданылуын көздейді [19].

Ү.Нұрмашов пен Н.Апахаевтың Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу құқығы атты оқу құралында қылмыстық процесс пен қылмыстық іс жүргізудің айырмашылығын төмендегідей ашып көрсеткен. Осы сөздердің аралығын ашып алғанымыз дұрыс болар.

Процесс (лат.Procedure – ілгері жылжу), яғни бұл қылмыстық процеске тән қылмыстық істің бірінші кезеңнен екінші кезеңге өту, істі қозғаудан үкім шығаруға дейін болатын т.б. қозғалыс әрекеті.

Әдебиеттерде «қылмыстық процесс» және «қылмыстық сот ісін жүргізу» ұғымдары ұқсас сәйкестендіріле анықталған, дегенмен, соңғысы қылмыстық процесс ұғымын толық қамти алмайды және қылмыстық істі қозғауға, алдын ала тергеу барысында тәжірибелі сатыда жүзеге асады.

Осы пікірге әбден келісуге болады, себебі бұл терминдерді ұқсас, сәйкес, қатар қолдана отырып, заң шығарушы мынадай қорытындыға келеді: іс жүргізу қылмыстық процестер ішінде негізгі орталық звено болып табылады. Ал барлық басқа іс жүргізу кезеңдері (істі қозғау және тергеу) қылмыстық істі сотта қарау кезеңдерімен тығыз байланыста болады.

Қылмыстық іс жүргізу қызметі анықтау органдары, тергеуші, прокурор, сот, сондай-ақ жеке (азаматтық) және заңды тұлғалар арасындағы өзара құқықтық формасында жүзеге асырылады.

Қылмыстық процесс – бұл анықтау органдарының қызметі, прокурордың алдын ала тергеу, қарау, шешім шығару, сот төрелігінің міндетін тарату әрекеті болып саналады.

Сот органдарының іс жүргізу кезеңдері үнемі қылмыстық іс қозғау әрекеттері мен қылмыстық істің жолын кесу, тыю, ұстау, тінту, қамау, мәжбүрлеу сияқты түрлі шараларды іс жүргізуде қолдану әрекеттерімен тығыз байланысты.

Әрбір аталған шара, яғни осы қызмет әрекеттері адамның бостандығы мен конституциялық құқығына нұқсан келтіреді және әрқашан қылмыстық іс жүргізу нормаларының мүлтіксіз және қатаң сақталуын талап етеді. Себебі, бұл нормалар сот төрелігі органдарының заңды әрекеттерінің кепілі болып табылады.

Қылмыстық процестің басқа процестерден (азаматтық, арбитраждық т.б.) айрықша белгісі мынадай жағдайларда көрініс табады:

- тек жасалған қылмысқа байланысты;
- қылмыстық істерді тергеу және ашу;
- мемлекеттік орган және лауазымды тұлға атағына арнайы құқық алған жағдайда;
- қылмыстық іс жүргізу заңдық нормаларының қатаң тәртібінің сақталуы мен оны мүлтіксіз орындалу жағдайында.

Осы тұрғыдан алғанда қылмыстық процесс бұл қылмыстық іс жүргізу заңдарында қарастырылған, яғни қылмыс жасаудағы тұлғаның кінәсі бар не жоқ екендігін белгілейтін сот төрелігі субъектілерінің атқаратын қызметтерінің жиынтығы (жауап алу, тергеу, жолын кесу, тыю шаралары, қылмысты ашу, сот тергеуі, үкім шығару және т.б.) [20].

«Қазақстан Республикасы қылмыстық-процессуалдық құқық» атты кітабында заң ғылымының докторы С.К.Журсимбаев сотқа дейінгі өндірісті сот емес, прокурор, тергеуші және анықтаушы жүзеге асырады деп көрсетеді. Аталған органдар айыптау функциясын атқарады, сондықтан тек қана жарыспалық қана емес, сонымен қатар олар іздестіру модельды жүзеге асырады. Бұл сатыда қылмыстық іс қозғалғаннан бастап тергеу амалдары жүргізіледі. Қандай да бір қылмыстық іс осы сотқа дейінгі өндіріс сатыны тыс өткізіп ала алмайды [21].

Қылмыстық іс қозғалу мен қылмыстық қудалаудың айырмашылығы, соңғыда қылмыс жасаған нақты адамға қатысты бағытталған. Кезінде М.С.Строгович дәл айтқан: «қылмыстық іс қылмыс оқиғасына, дерекке байланысты қозғалады, яғни адамға қатысты емес, адамға қатысты нақты айыпталушы ретінде тартылу барысында ғана қудалау жүзеге асырылады»[22].

Қылмыстық қудалау тек қана айыптау қызметі емес, ол құқықтық институт. М.С.Строговичтың ойы бойынша, «Қылмыстық қудалау – ол айыптаудың процессуалдық функциясы, яғни айыптау қызметі» [23].

Ал А.М.Ларинның айтуы бойынша, «қылмыстық қудалау – ол қоғамдық қауіпті әрекетті жасаған тұлғаға қатысты заңмен көзделген жан-жақты және негізді қорытындыдан тұратын, істі жүргізу барысындағы қылмыстық-процессуалдық қызмет» [24].

Осылардың ішінен Б.Х.Толеубекова мен Е.Е.Ерешевтың бағытымен келісеміз. Олар жазған, қылмыстық қудалау тікелей істің тергеуіне жатпайды. Прокурор, тергеуші, анықтаушы функциялары ұқсас болғанымен, қылмыстық істің қозғалғаны қудалаудың басталғаны деп есептеуі дұрыс емес. Өйткені, қылмыс дерегі бойынша іс қозғалу мүмкін, басында тұлға анықталмауы мүмкін, ал қылмыстық қудалау нақты күдікті немесе кінәлі тұлғаға қатысты жүргізіледі. Сол себепті қылмыстық қудалау тұлғаның кінәлігі түсінігімен байланыста болады [25].

Кейбір шет мемлекеттердің қылмыстық процесі.

Қазіргі әлемде қылмыстық сот өндірісінің бірнеше ұлттық моделдері бар, оның ішінде біз үшін маңызды орын алатыны ол романо-германдық (континенталдық) және англосаксондық құқықтық жүйелер. Ең негізгі бір-бірінен айырмашылықтары, біреуінде басым ретінде заңдылықтар ие болса, екіншісі сот тәжірибесі (прецеденттер) жиі қолданады.

Континенталдық құқықтық жүйенің негізгі өкілдері ол Германия мен Францияның қылмыстық процесі. Оларда кодекс пен заңдардың қолданылуы Еуропа елдері қатарында өздерінің тұрақтылығымен өзгешеленеді. Мәселен, арада кейбір өзгерістерге ұшыраған, ал жалпы алғанда Германияда қылмыстық процестік кодекс 1877 жылдан бастап қазіргі күнге дейін қолданылып келеді.

Францияда Наполеон біріншімен бекітілген ең алғашқы қабылданған 1808 жылғы қылмыстық процестік кодекс 150 жыл қатарынан өмір сүріп, 1959 жылдан бастап қазіргі күнге дейін басқа қылмыстық процестік кодекс қолданысқа ие болды [26].

Континенталдық Еуропа елдерінде халықаралық құжаттар нормаларымен көзделген, адамзаттың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға қатысты қағидаттарды соттар мен басқа да мемлекеттік органдар ресми түрде тікелей қолданады.

Англияның қылмыстық процесі.

Англияда қылмыстық процесті жүзеге асырушы ретінде қылмыстық процестік кодекс толықтай жоқтығымен ерекшеленеді. Қылмыстық процестік құқықтың негізгі қайнар көзі – ол сот тәжірибесі. Сот прецеденті – бұрынғы шыққан сот шешімінің басымдылығы, қаралып жатқан ұқсас не тектес істер бойынша сот үкіміне міндеттілігі.

Сот прецеденті құқықтық қолданыстағы қайнар көздерге жатады, алайда ол заңдардан басым емес болып келеді. Жалпы, прецеденттік жүйенің басымдылығы мынадан көруге болады:

- анықтылығы бойынша, яғни судья нақты қандай да бір құқықтық сұраққа келген кезде, шешім ала отырып, дәл сондай шешім шығаруы тиіс;

- дәлме-дәлдігімен, яғни қандай да бір мықты кодекс немесе заң, өмірде кездесетін түрлі жағдайларды туғызатын құқықтық проблемаларды шеше алмайды. Ал, сот есептерінде көптеген істер бойынша нақты бір жағдайда кездесетін шешімдер бар таба аласыз;

- икемділігімен, яғни мәнісіне қарай ұқсастығы өзгеше істер бойынша бұрыңғы шешімнен бас тарту, не қате шешімді табу және оны қолдануға шектеу қою [27].

Англияда біріншіден сот тәжірибесі басым болса, екінші бағытта заңдылық орын алады. Қылмыстық сот өндірісі Англияның көптеген заңдарымен реттелсе, ішінде алдын ала тергеудің өзі-ақ 120-дан астам аткілермен реттелген.

Жарыспалылық тек қана сотта ғана емес, тергеу барысында да орын алады. Қылмыстық әрекеттер айыптау актісі негізінде және жеделдетілген өндірісте болып бөлінеді. Сәйкесінше, әр өндіріс өзінің тергеулік өзгешелегімен ерекшеленеді. Ішкі істер министрлігіне қарасты Скотланд-Ярд, астанасындағы ең үлкен полициялық құрылым. Басқа полициялар министрлікке жедел бағынышта емес, министрлік оларға жауапты емес. Тек қана олардың қаржыландыру мен кадрлық саясатты жүргізу функцияларына басым етеді [28].

Сотқа дейінгі өндірісті жүргізуші органдары – олар полиция (констеблдер) және коронерлер (зорлық-зомбылық, кездейсоқтағы өлім оқиғаларын тергейтін), ауыр алаяқтықпен күресетін бөлім, жеке тұлғалар және ұйымдар.

Көптеген полициялық ұйымдар мен детективтік агенттіктер бар. Олардың көбі жалпы азаматтық айыптау концепцияларынан тұрады. Кей уақытта қылмыстық қудалау мен сотқа дейінгі өндірісті түрлі қоғамдастықтар, ассоциациялар мен басқа да мемлекеттік емес ұйымдар жүргізеді.

Полицияның құзыреттері ауқымды. Полиция қылмыстық қудалауды қозғау үшін өзі дербес сотқа жүгінеді. Жәбірленушінің шағымы немесе өзінің ынтасы бойынша бастапқы және кейінгі тергеу әрекеттерін, жедел-іздістіру шараларын жүргізеді. Сот талқылауы кезінде полиция қызметкері куә қатарына кіріп, сотта қажетті жауабын береді [29].

Оған қарамастан, іс бойынша барлық жауаптылық Корольдық мемлекеттік айыптау қызметінің қызметкерлеріне түседі. Іс тергеуі біткен соң, осы қызметкерлерге істер жолданады. Олар әрі қарай сотқа жолдаудың негіздерін қарайды. Істегі дәлелдемелер жеткіліксіз болған жағдайда, істі қысқарта алады екен.

Англияда күдіктіні ұстау 24 сағаттан аспайды, ал магистраттық соттың шешімімен 96 сағаттан аспауы тиіс. Сот бұйрығы бойынша ең ұзақ деп 70 сағатқа дейін қамауда ұстай алады.

Қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі өндірісті жүзеге асыратын негізгі негізгі органдар – полиция, Корольдық айыптаушылар қызметі, коронерлер институты. Сондай-ақ, тергеуде белсенді қызмет атқаратын ол жеке және заңды тұлғалар, жеке полицейлік ұйымдар мен детективтік агенттіктер [30].

Америка құрама штаттарының қылмыстық процесі.

Американың құқықтық жүйесінің тарихы 1776 жылдан, яғни Англияның солтүстік-америкалық колонияларының тәуелсіздігімен және 1781 жылдан бастап 13 жас мемлекеттер Америка Құрама Штаттары аталумен құрылған-ды [31].

Жалпы Американың заңдылығы Англияның заңына сәйкес жасақталғанды. АҚШ-тың федералдық үкіметінде, сондай-ақ әр штатында дербес қылмыстық заңдылықтары, сот жүйелері, айыптаушылары және полиция органдары бар.

Англиядан бір өзгешелігі, Америкада федералдық прокурорлардың және штат прокурорларының институты құрылған. Олар қылмыстық іс қозғаумен қатар, федерация және штаттар атынан мемлекеттік айыпты соттарда қолдайды. Орыс әдебиеттерінде оларды әртүрлі атайды, бір авторлар атторнейлік қызмет, басқалары прокуратура, ал кейбіреулері аттернатура, көбі олардың терминдерін атторнейлік қызмет пен прокуратура деп бірге атайды [32].

Біздікіндей, сотқа дейінгі өндіріс қылмыс туралы ақпараттың түскен және тіркегеннен басталады. Бірақ та, жалпы жауап алудың, сондай-ақ куә мен мамандардан жауап алудың ресми құжаттамалық толтыру ережесі жоқ. Олар жалған жауап бергені үшін де қылмыстық жауаптылыққа тартылатындығы туралы ескертілмейді. Ақпарат пен жинақталған анықтаулар полицияның жазу дәптерлеріне бекітіледі, содан кейін қылмыстық іс бойынша жасақталған жұмыстарының есебі жасақталады. Жұмыс қорытындысы туралы немесе жасақталған есебі бойынша сотта куә ретінде полиция қызметкерінен жауап алынуы мүмкін. Қамауға алу туралы шешім соттың құзыретіне жатқызылған.

Англияға қарағанда Американың құқықтық процесінің өзгешелігінің біріне, сот органының бақылауында болатын, қылмыстық қудалауды жергілікті мемлекеттік айыптау органдары жүргізуі, сондай-ақ АҚШ азаматтарының іс қозғау құқығының жоқтығымен белгіленеді [32].

Францияның қылмыстық процесі.

Бұл елде құқық бұзушылықтың үш сатылы деңгейі қарастырылған: қылмыс, теріс қылық және бұзушылық. Әрқайсысы бойынша жеке процессуалдық өндірістер бар. Қылмыстық қудалау прокуратура мен сот полициясына жүктелген. Сот полицияның үстінен процессуалдық басшылықты прокуратураға айқындалды.

Қазақстанда сияқты алдын ала тергеу, анықтау делінгендей, Францияда қылмыстық процестің біріздендірілген сатылары жоқ. Қылмыстық істі қозғаумен ұштасатын, Францияда қылмыстық іс өндірісі анықтау кезінен басталады. Анықтау қорытындысымен прокурор бір шешімге келеді: қылмыстық іс қозғау не болмаса одан бас тарту. Біздің «қылмыстық қудалау» түсінігі Францияның «қоғамдық талапты қозғау» түсінігімен тең. Прокурор қоғамдық талапты қозғаған соң ғана, алдын ала тергеуді жүргізу үшін тергеу судьясына талап жолдайды. Алдын ала тергеу аяқтауымен тергеу судьясы қылмыстық істі прокурорға береді. Прокурор әрі қарай іс жүзінде қарау үшін істі сотқа жолдайды.

Францияда санкциясыз қамау 24 сағатқа дейінгі мерзім айқындалды, әрі қарай тағы 24 сағатқа дейін республика прокуроры санкция бере алады.

Айқын қылмыстар бойынша анықтау өндірісі 8 тәулік ішінде, ал айқын емес қылмыстар бойынша 6 айға дейін аяқталуы тиіс. Ал алдын ала тергеу өндірісінің мерзімін тергеу судьясы өзі анықтайды.

Германияның қылмыстық процесі.

Германияда негізгі қайнар көзі болатын ол 1877 жылы 1 ақпанда енгізілген Қылмыстық процессуалдық кодекс. Қылмыстық қудалау елде прокуратураға жүктелген. Қылмыспен күресті ұйымдастыратын сол прокуратура екен. Әр санаттағы қылмыстарға бақылау жүргізу үшін прокуратура құрылымдық бөлімдерге бөлінген. Арнайы прокуратураларда, соның ішінде экономикалық қылмыстардың тергелуіне прокуратураларда аудиторлар (ревизорлар) бар.

Елде алдын ала тергеу үрдісі анықтау өндірісінде жүргізіледі және қылмыстық істі қозғауға дейінгі сатыда жүргізіледі. Жедел-іздістіру қызметінің қорытындысы қылмыстық процеске енуі мүмкін 2 саты қарастырылған. Ол: агенттен белгілі болған бүкіл ақпаратты полиция қызметкерінен жауап алу арқылы және жеке басын ашпаумен ұштаса агенттен жауап алу.

Қылмыстық іс қозғау делінген нақты саты жоқ, бірақ іс өндірісінің қозғалғандығын білдіретін анықтаушы факторы - ол алғашқы тергеу әрекеттерімен белгіленеді. Полиция анықтауды, жедел-іздістіру шараларын жүргізеді, ал оған прокуратура бағыт бағдарын, нұсқауын беріп отырады. Қамау, тінту, телефон жазбаларын тыңдау сияқты бұлтартпау шараларына тек қана сот рұқсат береді, прокурор бүкіл сатыда процессуалдық қызметті қадағалаушы және сотқа тиісті өтініш білдіруші лауазымды тұлға.

Анықтаудың аяқталуы қоғамдық айыптауды қозғау немесе істі қысқартумен жүргізіледі. Күдік дәлелденген жағдайда прокурор қоғамдық айыптауды қозғап-айыптау актісін жасақтап, істі сотқа жолдайды.

Халықаралық тәжірибелердің талдауына сүйенсек, жиырмасыншы ғасырдың 50-60 жылдарынан бастап қылмыстық процестің әлемдік елдердің реформалары (Германия, Испания, Италия, Ресей, Финляндия, Франция және т.б.) объективті түрде жарыспалылық қағидалыққа енгізуге бағытталған-ды.

Соның ішінде қылмыстық процестің дайындық сатысына көп көңіл бөлінді. Бізге де сотқа дейінгі сатыны жандандыру қажет. Еуропалық модельдің жақсысына ауысуымыз тиіспіз: полиция – прокурор – сот. Полиция қылмысты дәрежелену мен процессуалдық ықпал ету шараларын қолданудан арылып (тек заңда көзделгендей сезіктіні ұстаудан басқа), полициямен жинақталған құжаттар тек прокурормен заңды түрде дәрежеленіп, қажетті негіздер болған кезде ғана сотқа жолдануы керек. Процестік келісім және кінәсін мойындау келісім институттарын әрі қарай дамытуымыз керек.

Осыған орай, еліміздің қылмыстық процестік заңдылығындағы қағидалардың сақталу маңыздылығы ең бірінші азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарының қорғауына кепілдік беретін болса, екіншіден қылмыстық қудалау органдарының жалпы дұрыс жүйелік қызметіне бағытталған.

Жоғары аталған шет елдерінің тәжірибесін зерделеу барысында Германия елінің оңтайлы жақтарын алуға болады, оның ішінде: анықтау кезіндегі қоғамдық айыптаудың қозғалатындығы, полициямен жинақталған құжаттар тек прокурормен заңды түрде дәрежеленуі.

II-БӨЛІМ. ТЕРГЕУДЕ ОРЫН АЛАТЫН ПРОЦЕССУАЛДЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫҢ КӨРІНІСТЕРІ.

2.1 Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында тәжірибеде орын алатын бұзушылықтарға саралау

2018 жылы елімізде барлығы 292 286 қылмыстық құқық бұзушылық тіркелген (2017ж.-316 418, 2016ж.-361 689), 7,6 % төмендеген, сондай-ақ төмендеді аса ауыр қылмыстар 14 %-ға(2 134-нан 1 835-ге дейін), ауыр қылмыстар 20 %-ға(24 278-ден 19 462-ға дейін), орташа қылмыстар 6 %-ға(220 мыңнан 206 мыңға дейін), онша ауыр емес қылмыстар 10%-ға(40 мыңнан 36 мыңға дейін) [1].

2018 жылы 10 455 тұлға ұсталды (2017ж. - 16 993), яғни 38 % төмендеген. Қамауға 9 957 тұлға алынды (15 689), яғни 36 % төмендесе, 2 есе үй қамау өсті 367-ден 655-ге дейін.

Жаңа институттарының бірі ретінде және уақытты оңтайлы пайдалу мақсатымен шығарылған электронды нысанда тергеуді жүргізу жақсы бағытта болмақ.

Тергеу өндірісін жеңілдету мақсатында 2018 жылы 15 мыңнан астам қылмыстық іс электронды нысанда тергелген, ал оның 6 мыңнан астамы сотқа жолданды.

СДТТБТ-не арыздарды заңсыз тіркеу бағыты бойынша прокурорлармен жедел тәуліктер ішінде 147 іс қысқартылды (көбісі Алматыда – 27, Жамбылда-25, Астанада - 19).

Жеке айыптау істері бойынша заңсыз тергелген 71 дерек анықталды. (Павлодарда – 14, БҚО – 13, Шымкентте - 6).

Жеке-жариялы айыптау істері бойынша азаматтардың арызынсыз заңсыз 634 қылмыстық істер тергелген (Түркістан – 109, Шымкент – 71, ШҚО - 65).

Жариялы айыптау түріндегі 287 іс шағымсыз заңсыз қысқартылды.

530 (361)тұлғаның конституциялық құқығы бұзылды, яғни 46 %-ға өсті. Оның ішінде қамауға алынғандарға қатысты: сотқа дейін 24 (27)іс қысқартылды, 11 %-ға төмендеді; сотпен 15 (2) іс қысқартылды, 7 есе өсті; 46 (19) ақталды, 2,5 есе өсті.

Тергеу сапасына қатысты соттармен шығарылған жеке қаулылардың саны 3 есеге өсті, 352-ден 458-ге дейін (Алматы обл.-71, Павлодар-56, Маңғыстау-54, ШҚО-44).

Прокурордың қадағалауына қатысты соттармен 40 жеке қаулылар шығарылды (17), 2 есе өсті(Павлодар – 10, Маңғыстау – 8, БҚО – 5, Ақмола - 4).

ҚПК-нің 323 бабына сай прокурорларға 297 қылмыстық іс қайтарылды (Қарағанды-44, Алматы обл.-31, Павлодар-29, Астана-25), оның ішінде 18 іс ақтау негізбен қысқартылды (Алматы-7, Шымкент-4, Қарағанды-3).

Қосымша тергеуге прокурорлармен 895 (838) істер жолданды, 7 %-ға өсті(ШҚО-123, Қарағанды-108, Алматы-73, Астана-67).

89,5 мыңөтініштер қаралды(91,7 мың), 2 %-ға төмендеген, ҚПК-нің 105 бабымен 6 431 өтініштер қаралды(6 320), 1,8%-ға өсті.

ҚПК-нің 106 бабымен барлығы 46 шағымдар соттармен қанағаттандырылды (Астана–14, Алматы–9, Алматы обл.-5, Ақтөбе-4, ШҚО-3, Түркістан-3, Бас көлік прокуратурасы-2, Ақмола-1, Жамбыл-1, БҚО-1, Қостанай-1, Қызылорда-1, Павлодар-1).

Оң жетістіктердің біріне келесі көрсеткіштерді айтуға болады, яғни 8 пайызға орта дәрежедегі қылмыстардың төмендеуін(271 592-ден 249 840-ге дейін), ал олар өздігінен барлық тіркелген қылмыстардың қатарынан 65 пайызды құрап отыр. Сондай-ақ, тонау 14,8 пайызға (14 317 - 12 197), адам өлтіру 4,6 пайызға (904- 862), бұзақылық 13,4% пайызға (25494-22086), зорлау 7,4 пайызға (2 527-2 339) және қарақшылық 6 пайызға (957-900) төмендеген.

Осыған орай, барлық елдердің дәстүріне сай келетін, аталған негізгі қылмыстардың төмендеуінен қоғамдық қауіпсіздіктің деңгейі анықталады екен.

Қылмыстарды ашу деңгейі шыңдыққа ұласып келе жатыр, ауыр және аса ауыр қылмыстардың ашылу деңгейі 58,5 пайызды құрды. Аса ауыр қылмыстардың ашылуы 12,6 пайызды (80,1-ден 87,4-ге дейін) және ауыр қылмыстардың ашылуы 14,2 пайызды (49,2-ден 56,2-ге дейін) құрды.

Ішкі істер органдарымен 972 қылмыстар, ал экономикалық қылмыстарды тергеу қызметімен 15 қылмыстар заңсыз тергелген.

2018 жылдың 12 айында прокурорлармен 3 461 (2017ж.-5 285, 2016ж.-10 586) іс бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімінің үзу қаулылары бұзылды, 10 267 (14 369, 18 140) қысқартылған істердің қаулылары бұзылды, 895 (838, 1 285) іс прокурорлармен қосымша тергеуге жолданды, 4 232 (6 785, 10 543) істер алдын-ала тергеу мен анықтау өндірісін жүргізу үшін жолданды.

Процессуалдық келісім нысанымен прокурорлармен жасақталды: кінәсін мойындау шарты – 1 888 (3 686, 2 826), жәрдемдесу шарты – 5 (5, 6). Процессуалдық келісім жасақтауға прокурорлармен бас тартылды 631 (979, 1 265).

Заңдылықтың бұзылмауында прокурордың рөлі ерекше орынға ие.

Егер тергеуші жұмысын тиісті түрде орындамай жатырса не болмаса қандай да бір айғақтар мен дәлелдемелерді іске тіркеуге көзін жұмса немесе ұмытып кетсе, прокурорлар мұндай жағдайда жазбаша нұсқау береді.

«Прокуратура туралы» ҚР Заңының 22 бабына сәйкес прокурорлармен барлығы 14 468 (15 511, 15 595) істер бойынша жазбаша нұсқаулар берілді.

ҚПК-нің 128 бабына сәйкес уақытша ұстау абақтысын тексеру барысында прокурорлармен 426 (140, 426) ұсталған адамдар босатылды, оның ішінде: қылмыстық құқық бұзушылық бойынша күдіктің

расталмауынан (ҚПК-нің 133 бабы 1 бөлігі 1 тарм.) – 12 (4, 2), қамауға алу туралы негіздердің болмауынан (ҚПК 133 бабы 1 бөлігі 2 тарм.) – 361 (125, 368), ҚПК 131 бабындағы талаптардың бұзылуынан (ҚПК 133 бабы 1 бөлігі 3 тарм.) – 2 (1, 1), ұстауға негіз жоқтығынан (ҚПК 133 бабы 1 бөлігі 4 тарм.) – 51 (10, 55).

Соның ішінде прокурордың рөлі тергеу әрекеттеріне санкция беру кезінде айрықша, себебі сол мезетте күдіктінің, ұсталғанның немесе қамауға алуға келген тұлғаның конституциялық құқықтары мен бостандықтарына, жеке өміріне, меншігіне, тұрғын-жайына қол сұғушылық болуы әбден мүмкін.

41 мыңнан астам алу, тінту және жасырын тергеу әрекеттеріне санкция беріліпті. 60-тан астам тінту мен алу санкцияларын прокурорлар заңсыз қатарына жатқызған, ал 1 800 жасырын тергеу әрекеттеріне санкция беру туралы өтініштеріне бас тартқан.

Прокурорлармен қамауға алу туралы барлығы 10 540 (16 975, 11 556) өтініштер қанағаттандырылды. Ал оның 376 (1 067, 3 552) бас тартылған екен.

Сотпен қамауға алу туралы санкциялық 9 805 (15 792, 11 038) өтініштер қанағаттандырылды, бас тартылған өтініштер – 804 (1 156, 511).

Үйде қамауға алу туралы прокурорлармен 198 (137, 130) өтініштер қанағаттандырылса, 7 (2, 4) бас тартылды, сотпен 213 (138, 143) санкция берілді, 6 (3, 2) бас тартылды.

Жаңадан қолданысқа енген институттарының бірі ол айғақтарды сақтап қалу. 15 (713, 0) процеске қатысушылардың айғақтарын сақтап қалу жөнінде прокурорлардың өтініштері сотқа жолданып, олар сотпен қанағаттандырылды.

Прокурорлардың үлкен рөлі жасырынған қылмыстармен күрес, солармен бұрыннан да күрес жүріп жатырды. Егер бұрындары бес-алты мыңнан астам қылмыстар жасырынса, қазір оның саны прокурорлардың арқасында тым азайды.

Мәселен, прокурорлармен 895 (2017ж.-409, 2016ж.-274, 2015ж.-376, 2014ж.-1 512, 2013ж.-1 712, 2012ж.-2 471, 2011ж.-6 666, 2010ж.-5 561) тіркеуден жасырынған қылмыстар анықталып, олардың барлығы тіркелінді. Оның ішінде аса ауыр қылмыстар саны - 10 (2, 0), ауыр қылмыстар – 65 (49, 21), орташа ауырлықтағы қылмыстар – 545 (253, 144), онша ауыр емес қылмыстар – 215 (104, 109). Солардың қатарынан сотқа жолданғандардың саны – 74 (22, 10), сотқа дейінгі тергеп-тексерудің мерзімі үзілгендердің саны – 542 (240, 208), ҚПК-нің 35 бабы 1 бөлігінің 3, 4, 9, 10, 11, 12 тармақтарына сәйкес қысқартылғандардың саны – 102 (21, 27), ҚПК-нің 36 бабы 1 бөлігінің 3, 4, 9, 10, 11, 12 тармақтарына сәйкес қысқартылғандардың саны – 311 (341, 332), ҚПК-нің 35 бабы 1 бөлігінің 1, 2, 5, 6, 7, 8 тармақтарына сәйкес қысқартылғандардың саны – 196 (46, 82).

Процессуалдық прокурорлардың да тергеу саласындағы рөлдері айтарлықтай, өйткені қазіргі кезде олардың қызметтері оң бағаға ие болып жатыр.

18 991 қылмыстық құқық бұзушылық істер бойынша процессуалдық прокурорлар тағайындалған, солардың ішінен сотқа 11 371 істер жолданса, ҚПК-нің 35 бабының 1 бөлігінің 1,2,5,6,7,8 тармақтарымен 3 533 іс қысқартылды, ал ҚПК-нің 35, 36 баптары 1 бөлігінің 3,4,9,10,11,12 тармақтарымен 979 қысқартылды, 1 829 істер бойынша тергеу мерзімдері үзілген.

Процессуалдық прокурорлармен 172 істер қосымша тергеуге жолданды, тергеу мен анықтау жүргізу үшін 94 істер жолданды, ҚПК-нің 617 бабының 1 бөлігіне сай 3 іс қайтарылды, ҚПК-нің 35 бабы 1 бөлігінің 1,2,5,6,7,8 тармақтарымен 11 іс қысқартылса, ҚПК-нің 35, 36 баптары 1 бөлігінің 3,4,9,10,11,12 тармақтарымен 92 іс қысқартылған, 291 іс бойынша процессуалдық келісім жасақтаудан бас тартылды.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында 43 470 582 596 тенге өндірілді: оның ішінде 23 492 452 048 тенге мемлекеттің пайдасына, 16 636 850 390 тенге заңды тұлғалардың пайдасына және 3 341 819 045 тенге жеке тұлғалардың пайдасына.

Азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғау аясында, қылмыстық сот өндірісінің шеңберіне заңсыз кіргендер саны бір жарым есеге көбейді. Ақтау үкімі шыққан немесе ақталатын негізбен қысқартылған істер бойынша жазықсыз жапа шеккендердің саны 2018 жылы 530 адамға жетіп отыр (2017ж.-361, 2016ж.-241). Оның ішінде 146 адам (69, 55) ақталып шықты, яғни екі есеге өскендігі байқалып отыр, ақтау негізбен (ҚПК-нің 35 бабының 1 бөлігімен) 269 адамға қатысты қудалауды қысқарту шешімдері шыққан (228, 167), яғни 1,2 есеге өсті, ақтау негізбен сотпен (ҚПК-нің 35 бабының 1 бөлігімен) 115 адамға қатысты қудалау қысқартылды, өсу деңгейі 1,8 есені құрады (64, 19).

Ал осылардың ішінен 8 қамауда не үй қамауында болған екен (31, 16), өсу деңгейінің көрсеткіші 2,5 есені құрады.

Әлбетте, сот мәжіліс залынан адам не ақтаулы не айыпты болып шығатын кезге де жеттік. Өйткені, қазіргі таңда соттармен істерді қосымша тергеуге жолдау туралы институты қылмыстық процестен мүлдем алынып тасталды.

Сол себепті қылмыстық процеске заңсыз іліккендерге қатысты шығарылған ақтау үкімдерінің көбеюі орынды және жоспарлы күтулі жағдай болатын.

Бұл жағдайлардың туына тергеу органдары мен оның басшылары тараптарынан қылмыстық заң мен процестің дұрыс білмеуінен, салғырт қарауларынан және тағы басқа себептерінен осындай өрескел бұзушылықтар жасалып отыр.

Осыған орай прокурорлардың қағидалы ұстанымдары арқылы, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңдылықты бұзғандары үшін бес мыңнан астам тергеушілер мен анықтаушылар жазаланды (5 684).

Заңсыз әдістерді қолдану арқылы, сондай-ақ физикалық немесе

психикалық қысым көрсету арқылы қылмысты тез арада ашу жолында заң бұзушылықтарды бұзатын қызметкерлер аз емес.

Азаптау бойынша қылмыстық істерді тергеу прокуратура органына жүктелген. 2018 жылы барлығы 85 (95) азаптау қылмысы тіркелді, оның ішінде 10 (13) іс сотқа жолданса, 20 (21) адам сотталды [1].

Қылмыстық процесті жүргізуші орган тараптарынан өз әрекеттері немесе әрекетсіздіктері арқылы түрлі деңгейдегі заң бұзушылықтар орын алуда.

Соның ішінде өрескел бұзушылықтардың қатарына жатқызылатын қылмыстық жауаптылыққа заңсыз тарту мен соттау деректері де бар.

Оған келесі мысалды келтірсек, Астана қаласының Сарыарқа аудандық №2 сотының 04.06.2015 жылғы үкімімен А.Б.Макаев ҚК-нің 24 бабының 3 бөлігімен, 190 бабының 1 бөлігімен кінәлі деп танылып, оған 1 жыл 6 ай бас бостандығынан айыру, ҚК-нің 63 бабын қолдану арқылы аталған мерзімге жазаны сынақ мерзімімен шартты деп есептелді.

Оқиға бойынша, А.Макаев Астана қаласының ТЖД қарасты «Өрт сөндіру мен апаттық-құтқару жұмысының қызметі» ММ-де өрт сөндіру көлігінің жүргізуші-инструкторы бола тұра, өз мүмкіндігіне қарамай М.М.Мынкүрішовты өзінің жұмысына кіргіземін деп алдап, одан 55 000 тенге алған кезде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросының қызметкерлеріне ұсталады.

Осылайша А.Макаев алаяқтыққа оқталу деген қылмысты жасаған.

Үкім апелляциялық тәртіпте қаралмады.

Бас Прокурор үкімге наразылық келтірген. Ол өзінің наразылығында үкімнің күшін жойып, Макаевтың әрекетінде қылмыс құрамдарының болмауына байланысты қылмыстық істі қысқартуды сұраған. Тергеу органымен және сотпен Макаевқа қатысты өзге қылмыстық заң нормасы қолданылғандықтан, соңғының заңсыз сотталуына душар болғанын көрсеткен.

ҚК-нің 24 бабының 4 бөлігіне сай ауырлығы орташа қылмысқа, ауыр немесе аса ауыр қылмысқа оқталғаны үшін, сондай-ақ террористік қылмысқа оқталғаны үшін қылмыстық жауаптылық туындайды.

ҚК-нің 190 бабының 1 бөлігінің санкциясы екі жылға дейін бас бостандығынан айыру көзделген, яғни ҚК-нің 11 бабына сай ол қылмыс онша ауыр емес қатарына жатады.

ҚР Жоғарғы Сотының қылмыстық істер бойынша сот алқасының 2018 жылғы 31 шілдедегі қаулысымен Бас Прокурордың наразылығы қанағаттандырылды. Аталған үкімнің күші жойылды, ҚПК-нің 35 бабы 1 бөлігінің 2 тармағына сәйкес А.Макаевтың әрекетінде қылмыс құрамдары болмауына байланысты іс өндірісі қысқартылды.

ҚПК-нің 4-тарауына сәйкес А.Макаевтың қылмыстық процесті жүргізетін органның заңсыз әрекеттері салдарынан келтірілген зиянды өтеткізуге құқығы бар деп танылды.

Тәжірибеде қылмыстық істерді негізсіз қысқарту деректері жиі орын алуда.

Мәселен, Астана қаласының Сарыарқа аудандық №2 сотының 28 тамыз 2015 жылғы қаулысымен М.М.Мадиевке қатысты ҚР ҚК-нің 187 бабының 1 бөлігімен айыпталған қылмыстық істің өндірісі ҚК-нің 68 бабының 1 бөлігі негізінде, яғни жәбірленушінің өкілімен татуласқандығы үшін қысқартылып, соңғы жауаптылықтан босатылды.

Аталған іс апелляциялық тәртіпте қаралмаған.

Сот Мадиевті келесі мән-жайлар бойынша кінәлі деп таныған, ол, Астана қаласы, Жеңіс көшесі, 55 ғимаратта орналасқан «5 минут» супермаркетінде бола тұра, 4 дана «Табаско» соусын ұрлап, нәтижесінде 5 728 тенге мөлшерінде материалдық шығын келтірген.

Алайда аталған бар мүліктің құны он айлық есептік көрсеткіштен аспайды, яғни ҚК-нің 10 бабының 3 бөлігіне сәйкес шығын кішігірім мөлшерлік қатарына жатқызылады.

Сонымен қатар, Мадиевтің әрекетінде ұрлауға тікелей қасақаналық ниет болғанымен, ол қылмысты соңына дейін жеткізе алмаған, өйткені сол кезде ұсталған болатын. Олай болса оның әрекетінде қылмыстық теріс қылыққа оқталу құрамы анықталуда.

ҚК-нің 24 бабының 4 бөлігіне сай ауырлығы орташа қылмысқа, ауыр немесе аса ауыр қылмысқа оқталғаны үшін, сондай-ақ террористік қылмысқа оқталғаны үшін қылмыстық жауаптылық туындайды.

ҚК-нің 187 бабының 1 бөлігінің санкциясы екі жылға дейін бас бостандығынан айыру көзделген, яғни ҚК-нің 11 бабына сай ол қылмыс онша ауыр емес қатарына жатады.

Сол себептен М.Мадиевтің әрекетінде қандай да бір қылмыстық құқық бұзушылық жоқ екендігі анықталды.

ҚР Жоғарғы Сотының қылмыстық істер бойынша сот алқасының 2018 жылғы 25 қыркүйектегі қаулысымен Жоғарғы Соты Төрағасының ұсынысы қанағаттандырылды. Аталған қаулының күші жойылды, ҚПК-нің 35 бабы 1 бөлігінің 2 тармағына сәйкес М.Мадиевтің әрекетінде қылмыс құрамдары болмауына байланысты іс өндірісі ақтау негізбенен қысқартылды.

ҚПК-нің 4-тарауына сәйкес М.Мадиевтің қылмыстық процесті жүргізетін органның заңсыз әрекеттері салдарынан келтірілген зиянды өтеткізуге құқығы бар деп танылды.

Әрине, тәжірибеде қылмыстық қудалау органдарының заңсыз әрекеттері жиі кездеседі, олар қылмыстық істі заңсыз түрде бірыңғай біріздендірілген есептік жүйеге тіркеу, одан басқа тергеп-тексеру кезінде қылмыстық қудалау органдары қылмыстық заң нормаларын дұрыс қолданбауы не болмаса қылмыстық процесс заңдылығын өрескел бұзуы секілді.

Мұндай бұзушылықтардың орын алуы ең біріншіден тергеу органдарының заңдарды жете білмеуінен болса, екіншіден жұмыстарын

дұрыс ұйымдастырмауынан өрескел заң бұзушылықтарға, соның ішінде азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарының бұзылуына әкеліп отырады.

Мысалы, Шымкент қаласы Қаратау аудандық сотының 2016 жылғы 14 наурыздағы үкімімен А.Н.Айтбаев ҚК-нің 419 бабының 3 бөлігімен 3 жыл 6 айға бас бостандығынан айыруға, ҚК-нің 58 бабының 6 бөлігіне сәйкес түпкілікті 11 жыл 1 айға бас бостандығынан айыруға, жазасын түзеу колониясының қатаң режимінде өтеуге сотталған.

Сот үкімімен А.Н.Айтбаев 17.03.2015 жылы орын алған Б.Э.Мамаджановтың өліміне қатысты қылмыс оқиғасы бойынша ҚК-нің 99 бабы 1 бөлігімен айыпталып, сотқа беріліп, басты сот талқылауында жедел уәкіл Н.А.Ахметов полиция бөлімінің ғимаратына жеткізіп, қызметтік бөлмесінде жасамаған қылмысын мойындату мақсатында ұрып-соғып ауыр қылмыс жасады деп айыптаумен ұласқан көрінеу жалған сөз жеткізгені үшін кінәлі деп танылған.

Үкім апелляциялық тәртіпте қаралмаған.

Бас Прокурор наразылығында сот үкімі істің нақты мән-жайларына сай келмейтінін, заңның дұрыс қолданылмауы А.Айтбаевты негізсіз соттауға әкеліп соққанын көрсетіп, оған қатысты сот үкімінің күшін жойып, қылмыстық істі тоқтатуды сұраған.

Жоғарғы Сотпен анықталғаны, Б.Э.Мамаджановтың өліміне қатысты ҚК-нің 99 бабының 1 бөлігімен айыпталған А.Н.Айтбаев сотқа беріліп, Оңтүстік Қазақстан облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының 20.05.15ж. болған басты сот талқылауында Шымкент қаласы ІІБ Қаратау полиция бөлімінің жедел уәкілі Н.А.Ахметов оны полиция бөліміне жеткізіп, қызметтік бөлмесінде жасамаған қылмысын мойындату мақсатында ұрып-соғып ауыр қылмыс жасады деп арызданған.

Аталған дерек Сайрам аудандық прокуратурасымен 23.05.15ж. №155152011000030 санымен тіркеліп, сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізілген.

30.12.15ж. Шымкент қаласы ІІБ Каратау полиция бөлімінің жедел уәкілі Н.А.Ахметовтың іс-әрекеттерінде ҚК-нің 146 бабының 2 бөлігінде және 362 бабында көзделген құқық бұзушылықтың құрамы болмағандықтан, ҚПК-нің 35 бабы 1 бөлігінің 2 тармағының негізінде қылмыстық іс өндірістен тоқтатылған.

ҚК-нің 419 бабының диспозициясында қылмыс жасалғаны туралы көрінеу жалған сөз жеткізу үшін қылмыстық жауаптылық қарастырылған.

А.Айтбаев ҚК-нің 99 бабының 1 бөлігімен қозғалған қылмыстық іс бойынша күдікті, содан кейін айыпталушы ретінде танылған.

ҚПК-нің 64, 65 баптарына сәйкес А.Айтбаев жауап беруден бас тартуға, тергеуші, анықтаушы, прокурор және соттың шешімдеріне

шағымдарын келтіруге, өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін заңға қайшы келмейтін құралдарымен және тәсілдерімен қорғауға және қорғануға құқылы.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру органы осы нормалардың талаптарын сақтамай, А.Айтбаевтан ол жалған қылмыс жасалғаны туралы көрінеу жалған сөз жеткізгені үшін ҚК-нің 419 бабымен қылмыстық жауаптылық туралы ескерілетіндігі жөнінде арыз алған.

А.Айтбаевтың өзіне қатысты полиция қызметкерлерімен қолданылған қинау туралы арызын жалған сөз жеткізу деп тануға болмайды, себебі оның күдікті, соңынан айыпталушы мен сотталушы ретіндегі мәртебесі оған қорғану құқығының бар болуына байланысты кез келген жауап беруіне, тіпті жауап беруден бас тартуға құқық берген.

Өз кезегінде А.Айтбаевтың заңға сәйкес келетін тәсілдермен қорғанғаны анықталды. Соттың оны ҚК-нің 419 бабының 3 бөлігі бойынша кінәлі деп танып соттауы, кінәсіздік презумпциясына сәйкес келмейді.

ҚР Жоғарғы Сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының 2018 жылғы 10 шілдедегі қаулысымен Бас Прокурордың наразылығы қанағаттандырылды.

А.Н.Айтбаевқа қатысты Шымкент қаласы Қаратау аудандық сотының 2016 жылғы 14 наурыздағы үкімнің күші жойылды.

А.Айтбаевқа қатысты ҚК-нің 419 бабының 3 бөлігімен қылмыс құрамының болмауына байланысты қылмыстық іс токтатылды.

ҚПК-нің 4-тарауына сәйкес А.Айтбаевтың қылмыстық процесті жүргізетін органның заңсыз әрекеттері салдарынан келтірілген зиянды өтеткізуге құқығы бар деп танылды.

Тергеу органдары іске қорғаушыны формалды түрде қатыстыратын мысалдар да аз емес. ҚПК-нің 106 бабының тәртібімен қаралып, төмендегідей өрескел заң бұзушылықтар анықталған-ды.

Мысалы, сотқа ұсынылған шағым және құжаттарынан анықталғаны, 08.09.18ж. Сарыарқа АПБ-нін тергеушісі Е.Едилов пен К.Измаилованын 2 жастағы қызы ұялы телефонын жоғалтып алу дерегі СДТТБТ-не 187113031006205 санымен ҚК-нің 188 бабы 2 бөлігінің 3 тармағымен тіркеліп, сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталған. 08.10.18ж. Б.Рамбаева қылмыстық іс бойынша күдікті ретінде жауап алынған.

05.10.18ж. тергеуші Е.Едиловпен қылмыстық іс әрекеті ҚК-нің 188 бабы 2 бөлігінің 3 тармағынан ҚК-нің 188 бабы 1 бөлігіне қайта дәрежеленіп, 19.10.18ж. Б.Рамбаеванын іс-әрекеті ҚК-нің 188 бабы 1 бөлігімен сараланған. 22.10.18ж. Б.Рамбаеваға қатысты айыптау актісі жасақталып, қылмыстық іс ҚПК-нің 300 бабына сай, аудан прокуратурасына түскен. Іс құжаттарын зерделей отырып, Сарыарқа ауданының прокуроры, тергеушінің Б.Рамбаеваның әрекетін саралау туралы қаулысы заңсыз қабылданғандықтан төмендегі негіздерге сай бұзылуға жататынын анықтаған.

Атап айтқанда, Б.Рамбаеваның жатақханадағы бөлмесіне ойнауға келген көршісі К.Измаилованың 2 жасар қызы Айяру қолындағы «Самсунг А-5» ұялы телефонын бөлмеден шыққан кезде қалдырып кеткен.

Ал, Б.Рамбаева аталған ұялы телефонды балалар бөлмеден шыққаннан кейін шамамен 10 минуттан кейін ойыншықтарды жинау барысында, ойыншықтардың арасынан тауып алып, сол уақытта ұялы телефонды өзіне алып қалу ойы туындап, оны сөндіріп, тығып қойғаны анықталды.

Демек, прокурордың уәждері бойынша, Б.Рамбаеваның К.Измаиловаға тиесілі «Самсунг А-5» маркалы ұялы телефонын ұрлау, яғни бөтеннің мүлкін жасырын жымқыру ойы болмаған, яғни Б.Рамбаева аталған ұялы телефонды тауып алғаннан кейін өзінде қалдыру ойы туындап, оны сөндіріп, тығып қойып, кейін полиция қызметкерлері тауып алатындығынан қорқып, сатып жіберген.

ҚР ЖС-ның «Бөтеннің мүлкін заңсыз иемдену жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесі туралы» 2003 жылғы 11 шілдедегі №8 нормативтік қаулысына сай, тауып алынған немесе кінәлі адамның қолына кездейсоқ түскен бөтен мүлікті иеленіп алуды бөтеннің мүлкін заңсыз иемдену ретінде қарауға болмайды [33].

Сонымен қатар, ҚПК-нің 64 бабы 9 бөлігінің 6 тармағына сай, күдікті қорғаушыдан бас тартқан жағдайларды қоспағанда, қорғаушысы қатысып отырған кезде ғана айғақ беруге құқылы деп көрсетілген.

Алайда, Б.Рамбаева аудан прокуратурасына берген жауабында полиция ғимаратында тергеушімен оның құқықтары толық түсіндірілмегені және одан жауап алу барысында қасында қорғаушының болмағанын, қорғаушы келіп, жанында 5 минуттай болып, өзін кезекші қорғаушы екенін айтып, іс бойынша шындықты айту керек екендігін айтып кетіп қалғанын көрсетті.

Тергеушімен тергеп-тексеру амалдарына мемлекет тарапынан тегін қорғаушыны формалды түрде қатыстыруының салдарынан азаматша Б.Рамбаеваның Конституциямен қорғалатын құқықтарының бұзылуына жол берілген.

Осы Кодекстің 112-бабына сәйкес, ақты деректер, егер олар осы Кодекстің талаптары бұзыла отырып алынса, алынған нақты деректердің анықтығына сотқа дейінгі тергеп-тексеру немесе істі сотта қарау кезінде процеске қатысушыларды заңмен кепілдік берілген құқықтарынан айыру немесе құқықтарына қысым көрсету арқылы немесе қылмыстық процестің өзге де ережелерін бұзу арқылы ықпал етсе немесе ықпал етуі мүмкін болса дәлелдемелер ретінде жол берілмейтін нақты деректер болып саналмайды.

Тергеушінің қылмыстық процеске қатысатын адамға өз құқықтары мен мен міндеттері жөнінде толық немесе дұрыс түсіндірмеу салдарынан туындаған оның жаңылысуын пайдалануы, процестік әрекетті жүргізу тәртібін елеулі түрде бұзуы Б.Рамбаевадан жауап алу хаттамасын іс бойынша дәлелдеме ретінде жол берілмейтін дерек ретінде танылуға жатады.

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық тергеу сотының 2018 жылғы 19 қарашадағы қаулысымен арызданушы Б.Рамбаеваның ҚПК-нің 106-бабымен көзделген тексеру жұмыстарын жүргізіп, заңды шешім қабылдап, арызданушының Конституциямен қорғалатын құқығын қорғап, заңсыз қозғалған қылмыстық істі қысқартып, Сарыарқа ауданы прокуратурасының қылмыстық істі тоқтату туралы қаулысын қалпына келтіру туралы шағымы, қанағаттандырылды.

Нәтижесінде, 08.09.18ж. Сарыарқа АІБ-мен дерек СДТТБТ-не 187113031006205 санымен ҚК-тің 188-бабы 2-бөлігінің 3-тармағымен тіркелген және басталған сотқа дейінгі тергеп-тексеру заңсыз деп танылды.

Жалпы, бақылаушы ретінде және заңды актілердің шығарылуына ықпал ететін прокуратура мен сот органдарының сотқа дейінгі қылмыстық өндірісте рөлдері басым болып табылады.

Соның ішінде құқық қорғау органдарының ұйытқысы және үйлестірушісі – прокуратура органының рөлі ерекше.

Президентке ғана бағынышты аталған орган, еліміздің заңдылықтарына жоғары қадағалауды, соның ішінде қылмыстық қудалауды жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 83 бабына сәйкес, прокуратура мемлекет атынан Қазақстан Республикасының аумағында заңдылықтың сақталуына заңда белгіленген шекте және нысандарда жоғары қадағалауды жүзеге асырады, сотта мемлекеттің мүддесін білдіреді және мемлекет атынан қылмыстық қудалауды жүзеге асырады.

Ол өз өкілеттігін басқа мемлекеттік органдардан, лауазымды адамдардан тәуелсіз жүзеге асырады және Республика Президентіне ғана есеп береді.

Сондай-ақ, прокуратура туралы қылмыстық-процестік заңда арнайы былай делінген.

ҚПК-нің 58 бабында жазылған, прокурор – өз құзыреті шегінде жедел-ізвестіру қызметінің, анықтаудың, тергеудің және сот шешімдерінің, қылмыстық процестің барлық сатыларында қылмыстық қудалаудың заңдылығын қадағалауды, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Конституциясының 83-бабына және осы Кодекске сәйкес өкілеттіктерді жүзеге асыратын лауазымды адам. Соттың қылмыстық істі қарауына қатысатын прокурор айыптауды қолдау арқылы мемлекеттің мүддесін білдіреді және мемлекеттік айыптаушы болып табылады.

Негіздер болған кезде және осы Кодексте көзделген тәртіппен, прокурор өз қаулысымен істерді өзінің іс жүргізуіне қабылдауға және бұл ретте, тергеушінің өкілеттіктерін пайдалана отырып, тергеп-тексеруді жеке өзі жүргізуге құқылы. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің заңдылығын қадағалауды осыған уәкілеттік берілген прокурор жүзеге асырады.

Прокурор өзінің процестік өкілеттіктерін жүзеге асырған кезде тәуелсіз болады және заңға ғана бағынады.

Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры өз құзыреті шегінде қабылдаған нормативтік құқықтық актілер қылмыстық қудалау органдарының орындауы үшін міндетті.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын органдардың нормативтік құқықтық актілері олардың құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының Бас Прокурорымен келісу бойынша қабылданады.

Одан басқа, прокуратура органдары қызметкерлерінің жанадан құрылымын бекіту жөніндегі мәселелер, сондай-ақ негізгі миссиясы мен міндеттерін Президент өзінің Жарлығымен айқындаған болатын.

«Қазақстан Республикасының прокуратура органдарының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 13 қазандағы №563 Жарлығының 2 тарауының 14 және 15 тармақтарына сәйкес, Бас прокуратураның миссиясы: мемлекет атынан Қазақстан Республикасының аумағында заңдылықтың сақталуына заңда белгіленген шекте және нысандарда жоғары қадағалауды жүзеге асыру, сотта мемлекет мүддесін білдіру және мемлекет атынан қылмыстық қудалауды жүзеге асыру [15].

Бас прокуратураның негізгі міндеттері: заңда белгіленген шекте: адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, заңды тұлғалардың, қоғам мен мемлекеттің заңды мүдделерін қорғауды және қалпына келтіруді;

заң бұзушылықты, оларға ықпал ететін себептер мен жағдайларды, сондай-ақ олардың салдарларын анықтауды және жоюды;

құқық қорғау және өзге де мемлекеттік органдардың заңдылықты, құқық тәртібін және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету бойынша қызметін үйлестіруді;

заңдарда және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде айқындалатын өзге де міндеттерді жүзеге асырады.

Осы Жарлықтың 7 тарауында Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының құрылымы белгіленді. Оған кіргізілді: Басшылық, Қылмыстық қудалау қызметі, Заңды күшіне енген үкімдердің заңдылығын және олардың орындалуын қадағалау қызметі, Қоғамдық мүдделерді қорғау қызметі, Арнайы прокурорлар қызметі, Аппарат, Ішкі тергеп-тексеру департаменті, Кадрларды дамыту департаменті, Стратегиялық дамыту департаменті, Халықаралық ынтымақтастық департаменті, Қаржы департаменті, Норма шығармашылық қызметін үйлестіру басқармасы, Мемлекеттік құпияларды қорғау басқармасы, Ішкі аудит басқармасы, Ақпараттық қауіпсіздік басқармасы, Өтініштер және іс жүргізу басқармасы, Құқық қорғау қызметтері орталығы [15].

Одан басқа, 2018 жылдың 12 ақпанында Бас Прокурормен бекітілген Қылмыстық қудалау заңдылығына қадағалауды ұйымдастыру туралы Нұсқаулығының 2 тармағында, прокурор қадағалауының міндеттері мен негізгі бағыттарына мыналарды айқындаған: қылмыстық қудалауды іске асыру кезіндегі заңдылықты қамтамасыз ету болып табылады, адамның

конституциялық құқықтары мен бостандықтарын сақтау, қылмыстық процесте адамның конституциялық құқықтары мен бостандықтарын сақтау, қылмыстық процеске қатысушылардың өтініштерін сапалы және уақтылы қарау, қылмыстық процеске қатысушыларға қылмыстық құқық бұзушылықпен келтірілген залалды өтеу құқықтарын қамтамасыз ету [34].

Нұсқаулықтың 7 тармағына сай сотқа дейінгі тергеп-тексерудің заңдылығын тексеруді прокурор СДТБТ-те тіркелген сәттен бастап, 24 сағаттың ішінде жүргізеді [34].

Прокурор бұзушылықтарды жоюды кідіріссіз қамтамасыз етеді.

Ал осы құжаттың 14 тармағында айқындалған, прокурорлар адамды қылмыстық жауапқа тартудың заңдылығын, соның ішінде процессуалдық тұтқынға алу, күдіктінің мойындауы туралы қаулылар шығару, күдіктінің әрекетін саралау, бұлтартпау шараларын таңдау, процессуалдық шешімдерді қорытындылау, қылмыстық әрекет туралы хаттаманы бекіту, бұйрық өндірісін, айыптау актісін қолдану туралы қаулының заңдылығына уақтылы тексерулер жүргізуді қамтамасыз етеді.

Сондай-ақ, Нұсқаулықтың 49, 50, 76, 79 және 82 тармақтарында келесідей көрсетілген, процесс прокуроры іс бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталған кезден қылмыстық процестің кез келген сатысында тағайындалады, ол туралы дереу сотқа дейінгі тергеп-тексеру органына жолданатын процесс прокурорын анықтау туралы қаулы шығарылады.

Процесс прокуроры нақты қылмыстық іс бойынша қылмыстық қудалаудың заңдылығын қадағалайды.

Процесс прокуроры нақты қылмыстық іс бойынша қылмыстық қудалаудың заңдылығын қадағалай отырып, ҚПК 193 (прокуратура басшысының құзыреттерін қоспағанда), 337, 340-баптарымен көзделген өкілеттіліктермен өз бетінше пайдаланады, сондай-ақ:

1) қылмыстық құқық бұзушылық туралы арызды және қылмыстық қудалаудың бір органынан келіп түскен қолдағы бар материалдарды тергеуі және соттылығы бойынша береді, бақылауға алынудың өзгерістерімен беру жағдайларын қоспағанда;

2) ҚПК көзделген жағдайларда прокуратура басшысының алдына сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамды шеттету (қарсылық білдіру) туралы мәселеге, қылмыстық қудалау органының процессуалдық шешімдерін жою туралы қаулыны қабылдауға, сондай-ақ жол берілген заң бұзушылықтар үшін кінәлі адамдарды тәртіптік жауапкершілікке тарту үшін прокурорлық қадағалау актісін енгізу туралы бастама жасайды;

3) прокуратура басшысының тапсырмасы бойынша өзге де өкілеттіліктерді жүзеге асырады.

Бұл ретте, іс бойынша қылмыстық қудалаудың заңдылығына қадағалау сапасын арттыру мақсатында процесс прокуроры өз әрекеттері мен шешімдерін прокуратура басшысымен келісуге жол беріледі.

Қылмыстық істі жүргізетін органның ұстап алынған күдіктіге (айыпталушыға) қатысты немесе оған қатысты күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулы шығарылған немесе бұлтартпау шаралары қолданылған, сонымен қатар ҚПК 35-бабы бірінші бөлімінің 1), 2), 5), 6), 7) мен 8) тармақтарының негізінде сотталушыға қатысты қылмыстық істің тоқтатылуы туралы қаулы немесе ақтау үкімі шығарылған барлық фактілер бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру органы қаулының көшірмесін алған немесе сот актісін жариялау сәтінен бастап, 24 сағаттан кешіктірмей Қызмет басшысы хабардар етіледі.

Прокурорлардың жауапкершілігіне қатысты мәселелерді шешу кезінде адамның конституциялық құқықтарын бұзуды уақытысында айқындау мен жою, сонымен қатар бұзылған құқықтарды айқындау сәтінен бастап, қайта қалпына келтіру жеделдігі ескеріледі.

Азаматтардың конституциялық құқықтарын бұзудың әрбір фактісі жеке және әділ түрде қарастырылады.

Прокурордың жауапкершілігіне қатысты мәселе міндетті түрде төмендегідей жағдайларда қаралады: сотқа дейінгі кезеңде, оның ішінде сотқа тапсыру барысында қылмыстық қудалаудың заңдылығын тиісінше қадағаламау; мемлекеттік айыптауды сапасыз және дәйексіз қолдау; қабылданған сот шешімдерінің заңдылығын тиісінше тексермеу.

Қызмет, облыс прокуратуралары қылмыстық процестегі заңдылықты сақтау мәселелерін талдайды.

Талдау нәтижелеріне облыс прокуроры немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның қолы қойылып, қылмыстық қудалаудың заңдылығын қадағалауға жетекшілік ететін Бас прокурордың орынбасарының атына есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-күніне жіберіледі.

Осыған орай, қылмыстық істі СДТБТ-не тіркеуден бастап-ақ, сот актісінің заңды күшіне енгенге дейін прокурорлар қылмыстық істің заңдылығына, жай-күйіне және қозғалысына тікелей қадағалауды жүзеге асырады [34].

Соттар да тергеу барысындағы бұзушылықтарға жол бермейді, сот бақылау институттарының шегі кеңейтілді.

Еліміздің Конституциясының 76 бабына сай сот билігі Қазақстан Республикасының атынан жүзеге асырылады және өзіне азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғауды, Республиканың Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз етуді мақсат етіп қояды.

ҚПК-нің 12 бабының 1 бөлігіне сай әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғауға құқығы бар.

Сотқа көбінесе күдікті, айыпталушылар мен олардың қорғаушылары бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіру мақсатында өтініштерін береді.

ҚПК-нің 106 бабына сәйкес, құқықтары мен бостандықтарын прокурордың, тергеу және анықтау органдарының әрекеті (әрекетсіздігі) және шешімі тікелей қозғайтын тұлға қылмыстық құқық бұзушылық туралы, сондай-ақ сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуында, тергеп-тексеру мерзімдерін үзуде, қылмыстық істі тоқтатуда, сот-медициналық сараптама жүргізу үшін медициналық ұйымға мәжбүрлеп орналастыруда, тінтуді және (немесе) алуды жүргізуде, өзге де әрекеттерді (әрекетсіздіктерді) жасауда және шешімдерді қабылдауда заңның бұзылуы туралы арызды қабылдаудан бас тартуға шағыммен сотқа жүгінуге құқылы. Шағымды осы баптың тәртібімен қарау кезінде сот осы Кодекске сәйкес қылмыстық істі мәні бойынша шешкен кезде сот қарауының нысанасы болып табылуы мүмкін мәселелерді алдын ала шешпеуге тиіс.

Шағым қылмыстық процесті жүргізетін орган тұрған жердегі аудандық сотқа, тұлғаның келіспеген шешіммен танысқан күнінен бастап он бес тәулік ішінде не прокурордың өз атына берілген шағымды қанағаттандырудан бас тартатыны туралы хабарламасы алынғаннан кейін дәл сол мерзімде немесе, егер прокурорға берілген шағымға жауап алынбаған болса, шағым берілгеннен кейін он бес тәулік өткен күннен бастап берілуі мүмкін. Шағымды тергеу судьясы үш тәулік ішінде сот отырысын өткізбей жеке-дара қарайды. Егер заңды және негізді шешім қабылдау үшін маңызы бар мән-жайларды зерттеу қажет болса, тергеу судьясы шағымды он тәулік ішінде жабық сот отырысында тиісті тұлғалар мен прокурордың қатысуымен қарайды, олардың келмеуі шағымды қарауға кедергі келтірмейді.

Тергеу судьясы шағымды қарау нәтижелері бойынша:

- 1) заңсыз деп танылған процестік шешімнің күшін жою туралы;
- 2) тиісті лауазымды адамның әрекеттерін (әрекетсіздігін) заңсыз немесе негізсіз деп және оның жол берілген бұзушылықты жою міндетін тану туралы;
- 3) прокурорға азаматтың немесе ұйымның құқықтары мен заңды мүдделерінің жол берілген бұзылуын жою міндетін жүктеу туралы;
- 4) шағымды қанағаттандырусыз қалдыру туралы тиісті қаулы шығарады.

Мысалы, Алматы облыстық прокуратурасының әрекеті (әрекетсіздігіне) қатысты Б.Т.Белгожанованың қорғаушысы Е.Ю.Стуканов ҚПК-нің 106 бабына сай сотқа шағым келтірген.

Сотпен анықталғаны, Алматы облысының Іле аудандық сотының өндірісінде ҚК-нің 385 бабының 1,2 бөлімдерімен, 190 бабы 2 бөлігінің 2 тармағымен және 190 бабы 3 бөлігінің 1 тармағымен айыпталған Б.Т.Белгожановаға қатысты қылмыстық іс болған.

Процессуалдық бұзушылықтарды жою мақсатында 28.03.18ж. аталған іс Алматы облысының прокуратурасына жолданды.

02.04.18ж. Б.Белгожанова прокуратураға тергеу кезінде тоқтамға алынған автокөлікті өзіне қолхат арқылы беру туралы өтініш түсірді.

Алайда сот, прокуратура тарапынан өтініш жан-жақты қаралмағандығын атап көрсетті.

Алматы облыстық прокуратурасының 17.04.18ж. жауабында, 19.09.17ж. сотпен көлікке тоқтам салынғанын, оған прокурорлық ықпал ету актісін енгізуге негіз жоқтығын алға тартқан.

Дегенмен, өтініште соттың қаулысын жою немесе өзгерту туралы сұрақ қойылмаған.

ҚПК-нің 99 бабының 6 бөлігіне сәйкес, қылмыстық процесті жүргізетін орган өтінішхатты қанағаттандырудан толық немесе ішінара бас тарту туралы уәжді қаулы шығарып, ол өтінішхатты мәлімдеген тұлғаға жеткізіледі. Өтінішхат жөніндегі шешімге осы Кодексте белгіленген шағым беру мен оны қараудың жалпы қағидалары бойынша шағым жасалуы мүмкін.

Соттың 19.09.17ж. қаулысына сай, сот автокөлікке тоқтам салған, яғни мүлікке өздігінен билік етуіне шектеу қойылған (сату не мүлік иесін өзгерту), алайда Б.Т.Белгожановаға аталған автокөлікті пайдалану құқығына шектеу салынбады, сондықтан соттың қаулысына өтініш түсірудің қажеттілігі жоқ.

ҚПК-нің 161 бабының 2 бөлігінде айтылған, мүлікке тыйым салу оның меншік иесіне немесе иеленушісіне арналған, осы мүлікке билік етуге, ал қажет болған жағдайларда оны пайдалануға тыйым салудан не мүлікті алып қоюдан және оны сақтауға беруден тұрады.

Алайда соттың қаулысында мүлікке билік етуге ғана тоқтам салынды, мүлікті пайдалануға тоқтам салу сұрақ көтеріліп қарастырылмаған.

Сонымен қатар, қаулыда мүлікті тәркілеу туралы санкция қаралмады, алайда Алматы облыстық МКД экономикалық тергеу қызметінің қызметкерлерімен көлік тәркіленіп алынып, соларда тұрғаны анықталды.

Одан басқа, Бас Прокурордың 29 желтоқсан 2014 жылғы №163 санды Бұйрығының 11 тармағына сай аталған өтініш іс бойынша бекітілген процессуалдық прокурормен қаралауы керек еді.

Аталғандардың негізінде Талдықорған қалалық сотының 28 сәуір 2018 жылғы қаулысымен қорғаушы Е.Ю.Стукановтың шағымы қанағаттандырылды.

Б.Т.Белгожанованың мемлекеттік белгісі 767AFB05 «Хюндай Акцент» маркалы автокөлікті қолхат арқылы беру туралы 02.04.17ж. өтінішіне бас тартылған Алматы облыстық прокуратурасының әрекеті заңсыз деп танылды.

Аталмыш бұзушылықтарды жою туралы міндеттер сотпен процессуалдық прокурорға жүктелді.

Бұл мысалда қылмыстық қудалау органының заңсыз әрекеттерінен және прокуратураның тиісті түрде өтінішті қарамауынан күдіктінің мүлікті пайдалану құқығы бұзылғандығын нақты көрудеміз.

Тәжірибеде қылмыстық процесті жүргізетін орган ҚПК-нің 105 бабының талаптарын бұза отырып, **тиісті қаулы шығармайды**. Әрине ол өрескел бұзушылықтар қатарына жатады.

ҚПК-нің 99 бабының 6 бөлігіне сәйкес, қылмыстық процесті жүргізетін орган өтінішхатты қанағаттандырудан толық немесе ішінара бас тарту туралы уәжді қаулы шығарып, ол өтінішхатты мәлімдеген тұлғаға жеткізіледі. Өтінішхат жөніндегі шешімге осы Кодексте белгіленген шағым беру мен оны қараудың жалпы қағидалары бойынша шағым жасалуы мүмкін.

ҚПК-нің 105 бабына сай сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамдардың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және шешімдеріне өздерінің құқықтары мен мүдделерін немесе өздері білдіретін құқықтар мен мүдделерді қорғайтын тұлғалар берген шағымдар тергеу бөлімінің бастығына, анықтау органының бастығына, прокурорға немесе сотқа беріледі.

Сот ҚПК-нің 106 бабына сай шағымдарды қарау барысында қылмыстық қудалау органдары тараптарынан өтініштерді қарау қорытындысымен қаулылар шығармайтындығын жиі кездестіреді. Олардың орнына жауап ретінде хат жолдап отырады.

Сол себепті ҚПК-нің 99 бабына тиісті өзгерістер енгізу қажет деп санаймын. Бұндай өтініштерді қарау барысымен хат ретінде жауаптарды беруге болатындығын қосуымыз қажет. Өйткені сол хаттардың мағыналары қаулымен пара-пар. Егер мұндай хаттардың ресми нормативтік күші жоқ делініп, олар даулануға жатпайтындығын алға тартатын болса, сәйкесінше, шағымданушы сотқа тергеу органының әрекетін не әрекетсіздігін даулауға мүмкіндігі жойылмайды.

Аталған заңға өзгерту қажеттілігі тәжірибеде судай керек болып отыр. Себебі соттар тек қана сол қаулының орнына жауап-хаттарын шығарғандары үшін, бүкіл әрекеттер мен әрекетсіздіктерді заңсыз деп тануы әрине дұрыс емес. Аталған қателіктер әр заңгердің бағалануына қарай есептелетін болған соң, прокурорлар мұндай сот қаулыларына өтініштер-наразылықтар енгізбейді де, соттар сәйкесінше оларды қолдамайды.

Әлбетте, осы тектес бұзушылықтар бүкіл қылмыстық қудалау органдарының тиімділігіне, сапасына жағымсыз әсерін береді, солардың қатарына прокурорлардың бағалық критерийлеріне енеді.

Мысалы, ҚР Бас прокуратураның әрекетсіздігін заңсыз деп тану туралы Р.Н.Мадиевтың мүддесін білдірген қорғаушы Х.К.Айткалиевадан ҚПК-нің 106 бабына сәйкес сотқа шағым келтірілді.

Анықталғаны, 2018 жылдың 22 тамызында ҚР ҚМ МКК-нің тергеушісі Д.Мамитовпен Е.Н.Андросоваға, И.Г.Крутиховскийге, М.Т.Нурушеваға қатысты ҚК-нің 190 бабы 4 бөлігінің 2 тармағымен қозғалған, О.Д.Прокопенкоға, Р.Н.Мадиевке қатысты ҚК-нің 190 бабы 4 бөлігінің 2 тармағымен, 218 бабы 3 бөлігінің 3 тармағымен қозғалған қылмыстық істер ҚПК-нің 35 бабы 1 бөлігінің 2 тармағына сәйкес, яғни қылмыстар құрамдарының болмауына байланысты қылмыстық қудалауды қысқарту туралы қаулы шығарылды.

Бұл шешім ҚР Бас прокуратураның 1-ші Қызметі бөлімінің аға прокуроры Д.Иманбаевпен 2018 жылғы 10 қыркүйектегі қаулысымен бұзылды.

Аталған қаулы негізсіз және оны бұзу жөнінде арызданушы ҚПК-нің 105 бабына сәйкес Бас Прокурордың атына шағым келтірген.

ҚР Бас прокурорының орынбасарының 27.10.2018 жылғы жауабына сәйкес, тергеушінің шешімі заңсыз болуына байланысты қаулылар заңды бұзылғандығын атап көрсетілді.

Соттан Бас прокуратураның әрекетсіздігін заңсыз деп тану туралы шағымданушы өтініш білдірген. Өйткені, шағым қарау қорытындысымен қаулы шығарылмағандығын атап көрсеткен.

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық тергеу сотының қаулысымен аталған шағым қанағаттандырылды. ҚПК-нің 105 бабына сәйкес шағым қарау қорытындысымен тиісті қаулы шығарылмағандығы туралы Бас прокуратураның әрекетсіздігі заңсыз деп танылды.

Аталған бұзушылықты жою туралы Бас прокуратураға міндеттелді.

Тергеу саласына прокурорлық қадағалаудың назарынан тыс қалып қойған деректер де орын алған.

Е.Қудайбергеновке қатысты қозғалған қылмыстық іс құжаттарын зерделеу барысымен анықталғаны, сотта және тергеу кезінде прокурорлық қадағалаудың болмағаны. Нәтижесінде айыптан негізсіз бас тарту мен кінәлі тұлғаны жауаптылықтан босатуға әкеп соқты.

Іс бойынша Е.Қудайбергенов аса қатыгездік таныту арқылы қоғамдық тәртіпті бұза отырып, атыс қаруымен бірнеше оқ ату арқылы жәбірленушілер Молдабек, Кунтактаев пен Гербовейдің денсаулығына зиян келтірді.

Ақтөбе облысының Хромтау аудандық сотының 03.05.2018 жылғы үкімімен Қудайбергенов ҚК-нің 293 бабы 3 бөлігінің 2 тармағымен, 107 бабы 2 бөлігінің 5 тармағымен кінәлі деп таналып, 4 жылға бас бостандығынан айырылды.

Ақтөбе облыстық сотының қылмыстық істер бойынша апелляциялық сотының 30.07.2018 жылғы қаулысымен үкім бұзылды, айыптан толық бас тартуына орай іс ақтау негізбен қысқартылды.

Облыстық сотта қатысушы прокурор Н.Сандыбай айыптан бас тартудың негізіне дәлелдемелердің жеткіліксіз екендігін айтқан.

Дәлірек айтсақ, айыптан бас тартудың негіздеріне, жәбірленушілердің сотқа келулерін қамтамасыз ету мүмкіндігінің болмауы, сәйкесінше басқа айыптайтын дәлелдемелердің болмауы.

Сот жәбірленушілердің сот талқылауына келмеу себептерін анықтамастан, айыптан бас тартылды деген негізбен іс өндірісін қысқартқан (ҚПК-нің 35 бабының 7 бөлігі, 36 бабының 2 бөлігі).

Алайда прокурор Сандыбайдың іс бойынша дәлелдемелердің жоқтығы туралы уәжі іс құжаттарымен расталмаған.

Анықталғандай, тергеу кезінде жәбірленуші Кункатаев Қудайбергеновты қылмыс жасаған тұлға ретінде таныған және соңғы оның аяғына оқ атқандығын көрсеткен. Аталған жауабын жәбірленуші күдіктімен беттестіру кезінде де қуаттаған.

Одан басқа Қудайбергеновтың кінәсі Шайжан, Тәшіғұл, Жанкелді, Картбеков, Мухамедияровтың жауаптарымен, сараптама қорытындыларымен, «Фая» кафесінен және жедел басқару орталығынан алынған бейнетаспадағы жазбаларымен, телефондардың детализацияларымен расталып отыр. Қудайбергенов та өзінің жауабында, дәл сол күні дәл сол уақытта жәбірленуші Молдабекпен кездескенін жоққа шығармаған.

Психолого-криминалистикалық сараптама қорытындысымен анықталғаны, тергеу барысында Кунтакаевқа қатысты психологиялық қысым жасалмаған.

Сот-баллистикалық сараптама қорытындысынан күдікті Қудайбергеновтың киімінен оқ ұнтағы табылғандығы белгілі болды.

Сонымен бірге, тергеу барысында қылмыстық процессуалдық заң нормалары бұзылғандығы анықталды.

Жәбірленушілер Кунтакаев, Молдабек пен Гербовейдің жауаптарында карама-қайшылықтар орын алды.

Тергеу кезінде бұл карама-қайшылықтар жойылмаған, олардың арасында беттестірулер жүргізілмеген, яғни процессуалдық прокурор Б.Ихсановтың тарапынан тергеу жай-күйіне қадағалаудың дұрыс болмағандығын көрсетеді.

Ал прокурор Н.Сандыбай апелляция сотына қатыса отырып, жәбірленушілердің сотқа келуін қамтамасыз етпеген. Жәбірленушілердің мекен-жайын анықтау бөлігінде қылмыстық қудалау органының мәліметін дұрыстығын тексермеген. Сотқа жөнелту формалды орындалған, өйткені дәлелді құжаттар іске тіркелмегендігі белгілі болды, тек қана құр мәлімдеме іске тіркелді. Прокурор басқа дәлелдемелердің жоқтығы туралы негізсіз сотты бұрмалады.

Прокурорлар Ихсановтың, Сандыбайдың тараптарынан тергеудің және соттың толықтығына қадағалау болмағандығынан, Қудайбергеновтың қылмыстық жауаптылыққа тартылуына жол берілмеді.

Осыған орай, бұл мысалда тергеуді және қадағалауды толық жүргізбеген ретінде заңның өрескел бұзылуына ПО бірнеше лауазымды қызметкерлері мен Ақтөбе облыстық прокуратураның қызметкерлері жол берген.

Жоғарыда аталған қателіктердің себептері: лауазымды тұлғалардың қылмыстық және қылмыстық процесстік заңнамаларды дұрыс білмеуі, заң нормаларының талаптарын тәжірибеде қалай қолданатындығын жетік білмеуі, өз қызметтік міндеттеріне салғырт қарауы.

Сондықтан, мұндай бұзушылықтарға жол бермеу мақсатында қылмыстық және қылмыстық процестік заңнамаларды жетік білу, одан әрі заң нормаларының талаптарын тәжірибеде дұрыс қолдана білу, әр тергеу әрекеттерін аса мұқият және жауапкершілікпен жасау керек.

2.2 Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысындағы бұзушылықтардың алдын-алудағы ұйымдастырушылық-құқықтық жолдары.

Айыпталушымен қылмыстық істің материалдарымен танысу барысында кездесетін бұзушылықты ғалымдар Арықбай Ағыбаев пен Есберген Алауханов өздерінің «Алдын-ала тергеудің аяқталуы» оқу құралында былай мысалмен көрсеткен.

Қылмыстық іс материалдарымен танысуы үшін айыпталушыға жеткілікті уақыт бөлінуі тиіс. Қылмыстық іс материалдарымен танысу туралы хаттамада ол үшін бір сағат бөлінгендігі көрсетілгендіктен бұрын істі қосымша тергеуге қайтарған дерек тәжірибеде бар. Алматы облысы Талғар қаласының соты ҚР ҚК-нің 138 бабы бойынша соттаған Б. өзінің іспен асығыс танысқанын, тергеушінің оны қосымша таныстырамын деп, бірақ уәдесінде тұрмағандығын сот мәжілісінде айтқан. Ал хаттамада Б. 313 парақтағы қылмыстық іспен сағат 17-ден 18-ге дейін танысты деп көрсетілген. Алматы облыстық сотының төралқасы үкімді бұзып, қосымша тергеу кезінде Б.-ның айтқанын тексеруді ұсынған.

Бұл ережеге карамастан заң шығарушы айыпталушының іс материалдарымен танысу мерзіміне қандай да шектеу қоймайды. Айыпталушы, өз құқығын пайдалана отырып, істің сотта қаралуын мүмкіндігінше созуға әрекет жасаса, тергеуші мұндай қиянатты жоюға тиісті шара қолданады. Ондай шаралар: мұндай әрекетке жол берілмейтіндігін ғабұлардан да нәтиже болмаса тергеуші өзінің прокурор бекіткен дәлелді қаулысымен, іс материалдарымен танысу үшін жеткілікті белгілі бір мерзімді белгілейді [35].

Сондай-ақ, аталған ғалымдар алдын-ала тергеуді ҚПК-тің 265 бабының 2 тармағы бойынша тоқтата тұру проблемасын былай ашып көрсетеді. Бұл проблеманы И.М.Гуткин «Некоторые правовые вопросы взаимодействия следователей и органов дознания по приостановленным уголовным делам» оқулығында нақты тұжырымдаған. «Істерді ҚІЖК-нің 265 бабы 1 бөлігінің 2 тармағы бойынша тоқтата тұрумен байланысты, - дейді автор, - мынадай мәселе туындайды: егер айыпталушы, қылмыс жасағаннан кейін уақытша психикасы бұзылып ауырып қалса және оған медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану қажет болса, тергеуші не істеуі керек?» [36].

А.А.Чувилев «Взаимодействие следователя органа внутренних дел с милицией» пен Т.Н.Добровольская «Принципы советского уголовного процесса» атты оқулықтарында байқағандай, заң әдебиетінде бұл мәселенің

шешімінің үш нұсқасы кездеседі. Мұндай жағдайдың бір нұсқасында тергеуші ҚІЖК-нің 265 бабының 2 тармағы бойынша істің жүргізілуін тоқтату туралы қаулы шығарады, адамды психиатриялық ауруханада емдеуге жібереді. Бұл көзқарас Жоғарғы Соттың Қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының мынадай ұйғарымына негізделген: «Тергеу жүргізу кезінде психикасы уақытша бұзылып ауырып қалған адам ҚІЖК-нің 265 бабына сәйкес жасалған сот-психиатриялық сараптаманың қорытындысы негізінде, тергеуші арқылы, психиатриялық ауруханада міндетті түрде емделуге жіберіледі. Тергеу аяқталғанша және адамның есі дұрыстығы анықталғанша судьялар мұндай істерді өзінің жүргізуіне қабылдауға және мәжбүрлеп емдеуді қолдану мәселесін шешуге тиіс емес» [37].

Бірақ Жоғарғы Сот, қылмыс жасағаннан кейін уақытша психикасы бұзылған адамды емделуге жіберуге күшіндегі заңда тыйым салынбағанын мойындап, айыпталушыларға медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдануға алдын-ала тергеу органдарының емес, соттың ғана құқығы бар екендігін көрсетеді.

Мемлекеттің ең жоғарғы әділ сот органы медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары қоғамға қауіпті іс-әрекет жасаған, тергеу процесінде не істі сотта қарау кезінде оның қоғамға қауіпті іс-әрекет жасаған уақыттағы психикалық жағдайын анықтауға кедергі келтіретіндей уақытша психикасының бұзылғандығы байқалған адамға соттың тағайындауы бойынша қолданылады деп есептейді, егер жасалған іс-әрекеттің сипаты және өзінің психикалық ахуалы бойынша ол адам қоғам, өзі және басқа адамдар үшін қауіпті деп танылса және мәжбүрлеп емдеуді керек етсе. «Мұндай жағдайда, - дейді, М.Ю.Рагинский, - тергеуші, істің жүргізілуін тоқтата отырып істі медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы мәселені шешуі үшін прокурора арқылы сотқа жібереді».

«Некоторые правовые вопросы взаимодействия следователей и органов дознания по приостановленным уголовным делам» оқулығында көрсетілгендей И.М.Гуткиннің пікірі басқаша, ол «мұндай жағдайда тергеуші істі өз бетінше тоқтата алмайды, ол ҚІЖК-нің 514 бабының 2 тармағына сәйкес істі медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы мәселені шешу үшін сотқа жібереді» дейді. Бұл келтірілген позициялардың біріншісі негізсіз, себебі медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану құқығын алдын-ала тергеу органдарына беру ҚІЖК-де көзделмеген, және де, оны жариялаған кезде психикасы уақытша бұзылған адамға медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын тек соттың шешімі бойынша қолдану мүмкін екендігі жайында КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1983 жылғы 13 маусымдағы қаулысында тікелей нұсқау болған [38].

«Принцип законности в деятельности следователя органов внутренних дел» атты оқулығында М.Ю.Рагинский мен «Некоторые правовые вопросы взаимодействия следователей и органов дознания по приостановленным уголовным делам» оқулығында И.М.Гуткиннің позициялары да онша дәл

емес, Дегенмен, іс жүргізушілердің басым көпшілігі соны қолдайды. «Қылмыстық процесс курсының КСРО ІІМ-нің ЖОО-дарында оқытудың ерекшеліктері» оқулығының авторлары ҚІЖК-нің 265 бабының 2 тармағы бойынша жүргізілуі тоқтатылған істерге қатысты ешқандай іс жүргізу қызметі жасалмайды деп дұрыс айтады. Сондықтан да екінші позиция ешқандай сын көтермейді. Шыңдығында, сот, тоқтатылған істі алғанмен, оны ҚІЖК-нің 407-410 баптары тәртібінде қарауға құқылы емес. Тергеуші медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдануы үшін істі сотқа жолдау туралы қаулы шығарғаннан кейін қылмыстық іс жүргізу қызметі жалғасады [39].

Ал, жоғарыда аталған әдебиет көздерінде А.А.Чувиллов пен Т.Н.Добровольская – егер сот бұл шараны қолдану қажет деп тапса, ол жайында ұйғарым шығарады, сонан соң істің жүргізілуін тоқтатады деп, неге айтады [39].

Жүргізілуі медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шарасын қолдану туралы ұйғарыммен анықталып қойған іс бойынша не тоқтатуға болады? Ол адамның әйтеуір жазылатынына ешкімнің дауы жоқ. Бірақ айығу ауруда уақытша сипат болмаған не ондай сипат болмаған деп санаған жағдайда да болуы мүмкін. Бұл жағдайлардың барлығында да ҚІЖК-нің 520 және 455 баптары қолданылады. Айыпталушы айыққаннан кейін сот, медициналық мекеменің қорытындысының негізінде, медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шарасын бұзады, бірақ жоғарыда аталған авторлар көрсеткендей, «істің жүргізілуін жандандырып, оны тергеуді жалғастыру үшін қайтарады» емес, «жүргізілуі үшін істі анықтау немесе алдын-ала тергеу органдарына жіберу, ол адамды айыпталушы ретінде тарту және істі жалпы тәртіпте сотқа жіберу туралы мәселені шешеді» (ҚІЖК-нің 520 бабы). Сол себепті іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұру институты бұл талданып отырған жағдайға таралмайды. ҚІЖК-нің 50 бабының 2 тармағы бойынша тоқтата тұруға қоғам, өзі және басқа адамдар үшін қауіптілігі жоқ азаматтарға қатысты істер жатады. Психикасы сау емес адамдар жасаған қоғамға қауіпті барлық іс-әрекеттер бойынша істердің тергелуі және шешілуі тоқтатылмайды, аяқталады.

Қорытындылар:

1. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы мәселені шешуі үшін істі сотқа жіберу туралы шешім қабылдаудың басқа шешімдерге қарағанда өзіндік бөлек негіздері бар.

2. Тергеуді тамамдаудың аталған іс жүргізу құжатын жасаумен аяқталатын кезеңінің мазмұны айыптау қорытындысы шығарылатын тиісті кезеңнен айырмашылығы аз.

3. Олардың айырмашылығы мынада. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану үшін істі сотқа жіберу туралы мәселені шешетін кезде, әдетте айыпталушы болмайды. Болған күнде де ол есі дұрыс

емес күйде болады. Қылмыстық іс материалдары есі ауысқанға танысуға берілмейді.

4. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шарасын қолдану туралы мәселені шешуі үшін істі сотқа жіберуі туралы қаулы, өзінің кіріспе, әсіресе сипаттау бөлімінің нысаны жағынан айыптау қорытындысына көп ұқсас [39].

Жалпы тергеудің ұйымдастырылуында кейбір ғалымдар өз пікірін жақсы білдіріпті. Соның ішінде «Қазақстан Республикасының қылмыстық-процессуалдық құқығы. Қылмыстық істің қозғалысы» атты оқулығында заң ғылымының докторы М.Ч.Қоғамов пен заң ғылымының кандидаты А.А.Касимов былай атап көрсетті.

Қылмыстық процесс сатыларында қылмыстық істің қозғалысы [40]

Қылмыстық істің қозғалуы
Алдын ала тергеу
Прокурормен айыпталушыны сотқа беруі
Сотта істі өндіріске алу
Басты сот талқылауы
Апелляция сатыдағы өндіріс
Кассация сатыдағы өндіріс
Сот шешімінің орындалуы
Жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша өндіріс

Республикамыздың Конституциясынан басқа қылмыстық-процессуалдық құқық пен қызметте жалпы қағидалық ережелер және халықаралық құқық нормалары міндетті түрде орындалуы тиіс. Адам құқығын сақтауда халықаралық заңдарға бел буып, Қазақстан бірнеше шарттарды ратификациялаған. Оның ішінде ең маңыздылары: БҰҰ-да 1996 жылы 16 желтоқсанда қабылданған, ҚР Заңымен 2005 жылы 28 қарашада ратификацияланған «Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт» [41]; БҰҰ-да 1984 жылы 10 желтоқсанда қабылданған, ҚР Заңымен 1998 жылы 29 маусымда ратификацияланған «Азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын және ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы конвенция» [42].

Қылмыстық іс жүргізу актілерінің үлгілері (сотқа дейінгі саты) атты тәжірибелік оқу құралында заң ғылымдарының докторы, профессор Т.Е.Сарсенбаев тәжірибеде жиі кездесетін келесідей негізді және маңызды бұзушылықтарды атай отырып, оның салдарын көрсеткен [43].

Шешім қабылдау барысында орын алатын тергеу қателіктері

Жіберілетін қателіктер	Пайда болу себептері	Оның салдары
Анықтаушы қаулының бөлігіндегі реквизиттердің анықтама бастығының қолымен және мекеменің	шығарған кіріспе міндетті жоқтығы, органы елтанбалы	Шешім шығаратын органдардың өзіндік процессуалдық дәрежесіндегі айырмашылықтары ескерілмейді (анықтама және алдын ала тергеу
		Ресми құжаттың заңмен белгіленген процессуалдық тәртібін сақтамау, ол құжаттың күшінің жойылуына әкеліп соғады (заңдық күші болмайды). Нәтижесінде мұндай шешім

мөрімен расталмауы	органы)	негізінде жиналған барлық материалдар сотпен жарамсыз деп танылуы мүмкін.
--------------------	---------	---

Материалдарды рәсімдеу барысында орын алатын тергеу қателіктері

Жіберілетін қателіктер	Пайда болу себептері	Оның салдары
Оқиға болған жерді қарау барысында толтырылатын хаттамада іске маңызы бар табылған және алынған заттар немесе құжаттар, қылмыс іздерінің нақты орындары нақтылап көрсетілмейді. Оларды алғаны және буып-түйілгені туралы мәліметтердің болмауы. Алынған заттардың ерекше белгілері, сипаттамалары көрсетілмеген немесе олардың тізімі жасақталмаған. Оқиға болған жерді қарау барысында жасалған хаттаманың түсініксіз жазылу себебінен, оны оқу барысында қиындық туғызады. Хаттаманың әр парағының астында куәгерлердің қолының қойылмауы. Сызба нұсқалардың жасалмауы, фото кестелер тіркелмеген, іздерді табуға және бекітуге көмек беретін арнайы шаралардың сипаттамалары көрсетілмеуі	Оқиға болған жерді қарау және қылмыстың іздерін алу әдісін нашар игеруі. Оқиға болған жерді қарауды асығыс-үсігіс жүргізуі. Тергеушінің өз жұмысын дұрыс ұйымдастыра алмауы. Болашақта тергеу жүргізуге оқиға болған жерді қарау барысында хаттамаға енгізілген ақпараттың маңыздылығын ұғынбауы.	Дәлелдемелік ақпаратты жоғалту немесе оны іске жіберілмеуі. Оқиға болған жерді қосымша немесе қайталап қарауы. Қарау жүргізген тергеуші үшін теріс салдардың орын алуы.
Қаулының сипаттамалық бөлімінде тұлғаның мәртебесін анықтауға негіз болған жағдайлардың көрсетілмеуі	Процессуалдық құжаттарды құрастыруға салғырттық таныту	Тиісті мәртебеге ие болған адамның шағымдануы
Қаулының қарар бөлімінде қатысушының құқықтарын көрсетудің орнына ҚР ҚПК-тің нормаларының көрсетілуі	Процессуалдық құжаттарды құрастыру кезінде неғұрлым қысқаруы	Процеске қатысушылар өздерінің құқықтарын білмеуінің салдарынан олардың құқықтарының бұзылуы

Алдын-ала тергеу барысында тергеу әрекеттерін жүргізуде орын алатын тергеу қателіктері

Жіберілетін қателіктер	Пайда болу себептері	Оның салдары
------------------------	----------------------	--------------

<p>Тергеу әрекетінің хаттамасын жасаған кезде хаттаманың кіріспе бөлімі толтырылмайды</p>	<p>Тергеу әрекетін асығыс жүргізу, оның салдарынан процессуалдық қателіктердің көрінуі</p>	<p>Хаттамада баян етілген мәліметтердің тергеу әрекеттерін жүргізудің фактілі жағдайларына сәйкес келмеуі (мысалы, өндірістің фактілі күніне, уақытына сәйкес келмеуі т.б.) және тергеуде: -алынған дәлелдемелердің іске жіберілмеуін тану -жүргізілген іс-әрекетті соттың заңсыз деп тануы -орындаушыға қатысты теріс салдардың пайда болуы</p>
<p>Хаттаманың сипаттама бөлімінде қылмыстың саралануына немесе қылмыстық істің қорытынды шешіміне әсер ете алатын мәліметтер көрсетілмейді (мысалы, қарақшылық жасау кезінде жәбірленушімен оның өмірі мен денсаулығына қауіптің шынайлығына деген субъективті қабылдауын немесе ұрланған заттардың тізімімен қоса олардың тектік және жеке белгілерін, құнын көрсетпеуі т.б.)</p>	<p>Дәлелдемелер және қылмыстарды саралау теориясын нашар білуі</p>	<p>Тағылған айыпты сот талқылауында қайта саралау. Айыпты жалтару. Сотпен жеке қаулының шығарылуы. Нақ сол жайғдай бойынша тергеу әрекеттерін бір немесе бірнеше рет қайталап жүргізу қажеттігі.</p>
<p>Қажетті реквизиттердің жоқтығы (куәгерлер-қатысушылардың қолдары, тергеу әрекетін жүргізген адамның қолы, қолданылатын ғылыми-техникалық құралдардың техникалық сипаттамасы, өндірістің басталған және аяқталған уақыты т.б.)</p>	<p>Тергеу әрекеттерін жүргізу барысында заңда көзделген процессуалдық тәртібіне немқұрайлылық таныту. Тергеу әрекеттерін жүргізуді реттейтін ҚР ҚПК-тің нормаларын білмеуі</p>	<p>Алынған нәтижелердің іске жіберілмейтінін тану. Тергеушіге, анықтаушыға және тергеуге қатысты теріс салдардың пайда болуы</p>
<p>Келісілмеген түзетулер немесе тергеу әрекетінің мазмұнын түсінуге мүмкіндік бермейтін түсініксіз жазу</p>	<p>ҚР ҚПК-тің 116 бабының 3 бөлігін жетік білмеуі</p>	<p>Прокурормен қылмыстық іс қосымша немесе қайта тергеуге қайтарылуы</p>
<p>Тергеу әрекетінің хаттамасында қосымша мәліметтердің жоқтығы (сызбалар, суреттер, фото</p>	<p>Құжаттармен танысқан кездегі ұқыпсыздық</p>	<p>Қылмыстық іс бойынша болжамды дәлелдемелердің жоғалуы</p>

кестелер және т.б.)		
ҚР ҚПК-те көзделген рәсімді бұзумен тергеу әрекетін жүргізу (кәмелетке толмағанның заңды өкілінің немесе өкілінің қатысуынсыз жауап алу, сезіктінің қатысуынсыз тінту жүргізу, тергеуді жүргізген кезде заңсыз әдістерді қолдану және т.б.)	Қылмыстық іс жүргізудің теориясын нашар меңгеру	Прокурормен қылмыстық іс қайта тергеуге қайтарылуы. Сотпен ақтау үкімінің шығарылуы

Прокурорлық қадағалау, ведомстволық және сот бақылау актілерінің толтыру барысындағы мүмкін болатын тергеу қателіктері

Жіберілетін қателіктер	Пайда болу себептері	Оның салдары
Қылмыстық іс материалдарында тергеу бөлімі бастығының нұсқауларының жоқтығы	Өзі берген нұсқаулардың орындалуына тергеу бөлімі бастығының бақылауды әлсіз жүргізуі	Тергеу толық жүргізілмеген себептен оның салдары теріс болады. Тергеу жүргізуге тікелей тергеуші жауапты болуы тиіс
Іс бойынша берілген нұсқауларда салғырттық орын алған.	Ведомстволық бақылаудың тиімділігін орынды бағаламау	Тергеу аяқталу кезінде теріс нәтиже пайда болады және тергеу бөлімінің көрсеткіштері төмен болуы мүмкін
Тергеуді жүргізу туралы нұсқауларды ауызша беру	Процессуалдық талапты сақтамау	Тергеу жүргізуге тікелей тергеуші жауапты болуы тиіс
Қамауға алу туралы айыпталушының (күдіктінің) шағымын сот қарау барысында, қамауға алу туралы тергеушінің қаулысымен прокурордың келісу не келіспеу туралы қолының болмауы	Қамауға алу немесе оның мерзімін ұзарту бойынша берілген шағымды толық көлемде қарамау	Қолданылған бұлтартпау шарасын негізсіз өзгерту немесе мерзімін ұзартудан негізсіз бас тарту. Қылмыстық іс жүргізу міндетіне қол жеткізбеу

Сонымен қатар, айып тағу кезеңін (тергеушінің кешенді процессуалдық әрекеттері ретінде) үш сатыға бөлуге болады:

1. Дайындық әрекеттер

а) айыптың негізіне жол бермеген, болжамдалмаған немесе дәлелденбеген фактілі деректерді енгізбеу мақсатында іс бойынша жинақталған дәлелдемелерді олардың қатыстылығына және дұрыстығына талдау жасау қажет;

ә) айып тағу жүргізу үшін орынды, уақытты, қатысушылардың жүйесін және оларды қамтамасыз ету әдісін анықтау.

2. Тікелей айып тағу

а) қаулының мәтінін жариялау;

ә) қаулыға қол қою және ҚР ҚПК 69 бабында қарастырылған құқықтарды айыпталушыларға түсіндіру;

б) арызданған өтініштерді шешу.

3. Айыпталушыдан жауап алу

а) тағылған айыпқа айыпталушының көзқарасын анықтау және әркімнің қылмыстық эпизоды бойынша оның түсініктемесі.

Айып тағу кезінде жасалған процессуалдық актілерде кездесетін қателіктер

Жіберілетін қателіктер	Пайда болу себептері	Оның салдары
Айыпталушы ретінде жауапқа тарту туралы қаулысын алдын-ала (ерте) шығару	Айыптан жалтару, шешімдерді қабылдаған кезде асығыстық білдіру, дәлелдемелер теориясын нашар білу	Қылмыстық жауаптылыққа негізсіз тарту мүмкіндігі. Тергеу әрекеттерінің заңсыз іс-әрекеттері салдарынан келтірілген шығындардың орнын толтыру
Қаулының мәтінінде келісілмеген өзгертулерді енгізу	Іс бойынша заңмен көзделген процессуалдық тәртіптің сақталмауы	Шығарылған қаулының заңдық күші жоқ деп танылуы (ҚР ҚПК-тің 116 бабы 3 бөлігі)
Қаулының сипаттама-дәлелдеу бөліміндегі мәліметтердің істің фактілік деректеріне сәйкес келмеуі	Айып тағудың тұжырымдамасында дәлелдемелік мәліметтердің қажетті деңгейде бекітілмеуі	Айыпталушының немесе оның қорғаушысының шағымдану мүмкіндігі. Қадағалайтын прокурормен қаулы күшінің жойылуы. Тергеуші үшін теріс салдардың келу мүмкіндігі
Айыпталушының жеке басының толық анықталмауы	Істе айыпталушының жеке басын куәландыратын құжаттардың болмауы	Жүргізілген тергеудің толық еместігі
Айыпталушының іс-әрекетін заң тұрғысынан дұрыс бағаламауы	Қылмыстарды саралау теориясын нашар білуі	Қылмыстық істің прокурормен қосымша тергеуге қайтарылуы
Айып тағу мерзімін әдейі созуы	Айыпталушының қорғану құқығын пайдалану үшін оның дайындалу мүмкіндігінен айыруға тырысу	Жүргізілген тергеудің толық еместігі
Айыптау хаттамасының сипаттама бөлігіндегі мәліметтердің айыпталушылардың жасаған әрекеттерінің қылмысқа қатысу дәрежесіне сәйкес емес және жауапқа тартылатын адамдардың санын ескермей жасау	Процессуалдық құжаттарды жасауда жауапкершілік танытпауы, қылмыстарды саралау және дәлелдеу теориясын нашар білуі	Жүргізілген тергеудің толық еместігі салдарынан қылмыстың саралануының өзгеруі немесе прокурормен істің қосымша тергеуге қайтарылуы
Қаулы немесе хаттаманың қарар бөлімінде айыпталушының құқықтарының тізімінің орнына ҚР ҚПК-тің тек қана	Процессуалдық құжаттарды дайындауда жауапкершілік танытпау	Айыпталушының құқықтары мен заңды мүдделерінің елеулі түрде бұзылуы. Прокурормен істің қосымша тергеуге

69 бабының көрсетілуі		қайтарылуы. Сотпен жеке қаулы шығарылуы
-----------------------	--	---

Бұлтартпау шарасын қолдану барысындағы бұзушылықтар

Жіберілетін қателіктер	Пайда болу себептері	Оның салдары
Қамауға алуға қатысты шығарылған қаулы көшірмесінде тиісті мәліметтерінді болмауы	Процсуалдық тәртіпті сақтамау	Айыпталушының заңды мүдделерінің, сонымен қатар қорғалу құқығының бұзылуы
Бұлтартпау шарасын қолдану барысында нақты мән-жайларға мән бермеу (мысалы, қылмыстың ауырлық дәрежесі, айыпталушының жеке басы) ҚР ҚПК-тің 139 бабында көзделген негіздер басшылыққа алынбайды	Субъективтік қарым-қатынаста пайда болатын айыптау	Сотқа шағымдануы. Бұлтартпау шарасының өзгеруі
Қаулыны жасау барысында процессуалдық тәртіпті сақтамау, яғни айыпталушыға сотқа шағымдану құқығының түсіндірілмеуі, қаулының көшірмесін бергендігі туралы мәліметтің болмауы	Қамауға алу шараларына қатысты немқұрайлылық таныту	Тергеушінің заңға қайшы әрекетіне шағым жасау мүмкіндігі. Прокурормен қабылдаған шешімінің алынып тасталуы. Айыпталушының құқығының бұзылуы прокурормен істі қосымша тергеуге әкеліп соқтыруы

Тергеудің аяқталуы бойынша жасалатын процессуалдық актілердің үлгілерін дайындау барысындағы орын алатын кейбір қателіктер

Жіберілетін қателіктер	Пайда болу себептері	Оның салдары
Айыптау хаттамасының сипаттама бөлігінде айыпталушылардың әрекеттерінің қылмысқа қатысу дәрежесіне сәйкес келмеуі және жауапқа тартылатын адамдардың санын ескермей жасауы	Тергеуді қорытындылау бойынша құжаттарды рәсімдеу барысында немқұрайлылық таныту	Жасалған қылмыстың мән-жайын сипаттау, суреттеу үшін қиындық тудыруы
Дәлелдемелерді талдауды олардың қайнар көздерімен ауыстыру, оларды жүйелемей, бейтарап түрде баяндау	Теориялық білімнің төмендігі	Қылмыстық іс бойынша жиналған дәлелдемелерді қате бағалау
Кейбір дәлелдемелерге орынды көзқарас танытпау	Тұрақты штамптар мен баяндауларды орынсыз қолдану	Қылмыстық іс бойынша жиналған дәлелдемелерді қате бағалау
Қылмыстық іс материалдарымен таныстыру туралы хаттамасы жасаған кезде танысуға ұсынылатын	Қылмыстық іс материалдары тізімінің маңызын түсінбеу (ҚР ҚПК-тің 116-б 3-б)	Мүдделі адамдардың айтуы бойынша қылмыстық іс материалдарымен танысу үшін ұсынылмаған дәлелдемелерді соттың

құжаттардың тізімінің берілмеуі		жүйесінен алынуы
Айыптау хаттамасында міндетті реквизиттердің қамтылмауы (мекеменің елтаңбалық мөрі, резолюцияның астында анықтама органы бастығының қолының болмауы, танысуға ұсынылатын материалдардың саны)	Тергеу құжаттарын жасауда салғырттық таныту	Құжаттардың заңды күшінің жойылуы

Шет мемлекеттердің құзыретті мекемелерімен және лауазымды адамдарымен өзара әрекет етудің процессуалдық актілерінің үлгілерін толтыру барысында жіберілетін қателіктер

Жіберілетін қателіктер	Пайда болу себептері	Оның салдары
Тапсырма немқұрайлы сипатқа ие және оның сапалы орындалуына байланысты ешқандай нақты ұсыныстар қамтылмайды	Орындау үшін ұсынылатын мәліметтердің маңыздылығын қажетті көлемде түсінбеу	Тапсырманың өз мақсатына жетпеуі және оның орындалуының сапасыздығы

Көп жас тергеу мамандары беттестіру әрекетін қолдануын білмей жатады.

Кодекстің 218 бабының 1 бөлігінде, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам бұрын жауап алынған екі адам арасында, егер олардың айғақтарында елеулі қайшылықтар болса, осы қайшылықтардың себептерін анықтау үшін беттестіру жүргізуге құқылы, делінген.

Жұмыс барысында көп тергеушілер дәлелдемелерді бекіту мақсатында барлық уақытта беттестіруді жүргізіп жатады. Алайда, беттестіруді тек қана бұрынғы жауаптарында орасан қарама-қайшылықтар болған кезде ғана жасалуы тиіс. Сол себепті, жауаптарында тек қана елеулі қайшылықтар туылған кезде ғана беттестіру әрекетін қолдану қажет. Әйтпесе, бұндай әрекеттерді қолдануаясында тергеу мерзімінің ұзартылып кетуіне жол беріледі.

Одан басқа прокурорлардың қызметін бағалау критерийлері бар.

2018 жылдың 5 шілдесінде ҚР Бас Прокурордың 2018 жылғы 14 наурыздағы №38 бұйрығына тиісті өзгерістер енгізілді.

Барлығы 78 критерийлер анықталған, оның ішінде қылмыстық қудалаудың заңдылығын қадағалау бағыты бойынша 7 қарастырылған. Оларға: азаматтардың конституциялық құқықтарының бұзылуына жол берілмеуі, адамдарды заңсыз ұстау деректеріне қарсы тиімді жұмыстардың атқарылуы, ҚПК-нің 106 бабына сай сотпен қанағаттандырылған шағымдардың төмендеуі, жоғары тұрған прокурорлармен қанағаттандырылған шағымдардың төмендеуі, заңсыз қысқартылған істерді бұзу жолындағы алынған шаралар, процессуалдық прокурорлардың

қатысуының қамтамасыз ету жолында жұмыстарының тиімділігі, заңсыз жүргізілген арнайы жедел-ізвестіру шараларды және санкцияланған жасырын тергеу әрекеттерді анықтау және жолын кесу және т.с. [44].

Осы аталған негізгі бағыттар және басқа да қызмет саласындағы бағыттар бойынша олардың қорытындылары үш айда бір рет жоғары тұрған прокурорлармен төменгі тұрған прокурорлардың жұмыстарына тиісті бағалар беріледі.


Бұл тармақты қорытындылай келе, тергеу жұмысын дұрыс ұйымдастыруда мына маңызды аспектілерді білу және есте сақтау қажет.


- Қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздар мен хабарламаларды қабылдау және тіркеу тәртібі ҚР Бас Прокурорының бұйрығымен бекітілген Қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздар мен хабарламаларды қабылдау және тіркеу, сондай-ақ Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімін (бұдан әрі - СДТБТ) жүргізу қағидаларымен регламенттеледі.

- Қылмыстық процестің сотқа дейінгі сатысын жүзеге асыру кезінде азаматтардың жеке бостандығына, білікті заң көмегіне, тұрғын үйге және мүлікке қол сұғылмау, сот ісін жүргізу тілін сақтау құқығының қорғалуына назар аударылуы тиіс.

- Күдіктінің ҚПК-нің 64-бабында көзделген құқықтарының, сондай-ақ ҚПК-нің 131-бабына сәйкес ұстау тәртібін сақтай және ҚПК-нің 135-бабына сәйкес туысқандарына хабарлай отырып, әрбір азаматтың қылмыстық құқық бұзушылық жасады деген күдік бойынша ұсталуы мен оның уақытша ұстау изоляторында (бұдан әрі - УҰИ) болу заңдылығы мен негізділігі сақталуы қажет.

- Нақты адамдарға қатысты заңсыз қылмыстық қудалау, күдікті ретінде тану туралы қаулыны негізсіз шығару мен бұлтартпау шараларын негізсіз қолдану және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын өзге де шектеу факілерін болдырмауы қажет.






Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің сатылары

Ең алғашқы жүргізілетін тергеу әрекеттері не хабарламаларды ең алдымен СДТБТ тіркеу	Сотқа дейінгі тергеп-тексеру ісін өз өндірісіме қабылдау туралы қаулы шығару	Адамды күдікті ретінде тану не оны процестік ұстап алу	Күдіктінің әрекетін саралау жөнінде қаулы шығару
---	--	--	--

Бұлтартпау шарасын анықтау	Қысқаша айыптау актісін құру	Адамдарды материалдармен таныстыру	Қылмыстық істі прокурорға жолдау
----------------------------	------------------------------	------------------------------------	----------------------------------

Қылмыстық іспен прокурордың танысуы



Кез келген қылмыстық іс бойынша қылмыстық қудалау органдарымен қабылданатын қандай да бір шешімге байланысты тиісті қаулы шығарылады, яғни қылмыс белгілері бар арыздар не хабарламалар бойынша, сондай-ақ тергеу барысындағы қабылданатын шешімдер.

Қаулы – анықтаушының, тергеушінің, прокурордың қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі іс жүргізу барысында қабылданатын шешімдері.

Дәл осы қаулылар арқылы нақты бір шешім қабылдануына орай қылмыстық қудалау органдары заңға сәйкес процеске қатысушы тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын шектеуге мұқтаж туады.

Сондықтан, осы қаулылар негізінде шығарылған шешімдерге тәжірибеде жиі кездесетін күдікті не айыпталушы және олардың қорғаушылары наразылықтары ретінде шағымдар түсіреді.

Сол себептен қылмыстық қудалау органдары осы қаулылардың дұрыс толтыруы маңызды рөлге ие болушы қылмыстық процестің заңдылық қағидасына сүйенеді.

Қылмыстық процессуалдық бұзушылықтардың көбісі осы сотқа дейінгі сатысында толтырылған қаулылардың міндетті реквизиттері мен жалпы рәсімдеу тәртібі дұрыс жасалмағандықтан болады.

Прокурорлар өз тараптарынан істің дұрыс, жан-жақты және заңды жүргізілуі үшін тергеушілерге тиісті нұсқауларын беріп тұрады. Осыған орай, тергеуде қажетті негізгі қаулылардың және прокурорлық нұсқауларының үлгілері қосымша ретінде осы диссертацияға тіркеледі (Қосымша).

Қ О Р Ы Т Ы Н Д Ы

Қазіргі кезде тергеп-тексеруде процессуалдық бұзушылықтарға көп көңіл бөлу қажет, заманауи қоғамдық қатынастарды ретке келтіру үшін тиісті заңға реформалар жүргізу қажеттілігі туындауда.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты 2018 жылғы 10 қаңтардағы халыққа арналған Жолдауында: «Сот және құқық қорғау жүйелерін институционалды тұрғыдан өзгерту жүзеге асырылуда. Заңнамаға қылмыстық процестегі азаматтардың құқықтарын қорғау ісін күшейтуді, оның әсіресе қатаңдығын бәсеңдетуді көздейтін нормалар енгізілді. Адвокаттардың құқықтары мен сотқа дейінгі сатыдағы сот сот бақылауының аясы кеңейді. Құқық қорғау органдарының өкілеттігі мен жауапкершілік шегі айқындалды. Азаматтардың конституциялық құқықтарына кепілдікті нығайту, құқық үстемдігін қамтамасыз ету, құқық қорғау қызметін ізгілендіру жұмыстарын жалғастыру қажет. Қоғамдық тәртіпті сақтау және адам көп жиналатын қоғамдық орындарында бейнебақылау жүргізетін, азаматтарды анықтайтын және жол қозғалысын қадағалайтын интеллектуалды жүйелерді белсенді түрде енгізу керек» деп айтылған екен [3].

Қолданыстағы Қылмыстық процестік кодекс шыққан соң, бұл жасалған құқықтық реформада көптеген аяқталмаған кемшіліктер мен бітпей қалған нәрселер қалып қойды.

2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енген Қылмыстық процестік кодекске қазіргі күнге дейін бірталай өзгертулер мен толықтырулар енгізілген. Алайда, тәжірибе көрсеткендей бұл өзгертулер қылмыстық процестің толықтай жұмыс жасап қамтамасыз етілуіне бағытталмаған.

Қылмыстық сот өндірісіндегі азаматтардың құқықтарын қорғау атты оқылымында профессор С.М.Жалыбин, қылмыстық іс жүргізу заңдылығының реформасы – айыптау мен қорғаушының қызметі тең екендігіне, қорғаудың рөлі кеңейтілгендігін. Прокурор, қорғаушының процессуалдық функциялары айқындалғанын баса аса назар аударған [45].

Ал, заң ғылымының кандидаты, Бас прокуратура жанындағы құқық қорғау органдары Академиясының ректоры Е.С.Мерзадинов та өзінің ғылыми жұмысында адам пен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауда прокурорлық қадағалау проблемасына көп көңіл бөлген екен. Осы салалықтағы прокурорлық қадағалауды дербес бағыт деп санап, өзінің тиісті ұсыныстарын берген.

Осыған орай, процеске қатысушы тұлғалардың құқықтарын қорғау аясында және құқықтық қарым-қатынастарды одан әрі нығайту мақсатында, қылмыстық процестік заңдылықты сәйкестендіру қажет.

1. Қазіргі қылмыстық процесік кодекстің 30 бабының 2 бөлігінде былай делінген: «Қылмыстық процесі жүргізетін орган істі орыс тілінде немесе басқа тілдерде жүргізу қажет болған кезде сот ісін жүргізу тілін өзгерту туралы уәжді қаулы шығарады».

Ал, осы кодекстің 512 бабының 1 бөлігінде былай жазылған: «Қылмыстық процесі жүргізетін орган психикалық ауру фактісін анықтаған кезден бастап осы адамға бұрын таңдалған бұлтартпау шарасын қолданудың күшін жояды және оған қауіпсіздік шараларын қолдану туралы қаулы шығарады».

Сондай-ақ, Кодекстің 513 бабының 1 бөлігіне сәйкес, «Істі тергеп тексеруді жүзеге асыратын органның адамға қауіпсіздік шараларын қолдану қажеттігіне байланысты адамды медициналық ұйымға орналастыру туралы қаулысын тергеу судьясы қарап, шешім қабылдайды».

Тәжірибеде, қылмыстық процесі жүргізетін орган өздігінен қаулы шығара алмайды. Бұл құзырет сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізетін тұлғаға тиесілі.

Кодекстің 7 бабының 16 тармағына сәйкес, «Қаулы – соттың үкімнен басқа кез келген шешімі, анықтаушының, анықтау органының, тергеушінің, прокурордың қылмыстық іс бойынша іс жүргізу барысында қабылдаған шешімі».

Қаулы органнан емес, сотқа дейінгі тергеуді жүргізетін тұлғамен шығарылуы тиіс.

Сол себептен, аталған Кодекстің 30 бабының 2 бөлігіне, 512 бабының 1 бөлігіне, 513 бабының 1 бөлігіне тиісті өзгертулер енгізу қажет деп ойлаймын. Нақты айтсам, «қылмыстық процесі жүргізетін орган» сөздерін «сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізетін тұлға» деген сөздерге ауыстыру қажет.

2. Одан бөлек, Кодекстің 181 бабының 5 бөлігінде былай делінген, «Қылмыстық құқық бұзушылық белгілерін көрсететін жеткілікті деректер болмаған кезде қылмыстық құқық бұзушылық фактілерін анықтау үшін уәкілеттер органдардың ревизиялар мен тексерулер жүргізуін талап ететін арыздар мен хабарлар Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тіркелместен, үш тәулік ішінде уәкілетті мемлекеттік органдарға қарау үшін жіберіледі».

Алайда, аталған 181 баптың 5 бөлігінің талаптары Кодекстің 185 бабына қарама-қайшы болып келеді, себебі қылмыстық құқық бұзушылық туралы барлық арыздар мен хабарламалар міндетті түрде қабыданып, тіркелуі қажет.

Сотқа дейінгі өндірістің бастапқы сатысы – ол қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыздар мен хабарламаларды қарау, оның ішінде қабылдау, тіркеу, алғашқы ақпаратты тексеру және шешім шығару кіреді.

Ал, Кодекстің 185 бабының 1 бөлігінде нақты айтылған «Қылмыстық құдалау органы дайындалып жатқан, жасалған не жасалып жатқан кез келген қылмыстық құқық бұзушылық туралы арызды, хабарды қабылдауға және

тіркеуге міндетті. Арыз иесіне қылмыстық құқық бұзушылық туралы қабылданған арыздың немесе хабардың тіркелгені туралы құжат береді».

Осы баптың 2 бөлігіне былай көрсетілген, «Қылмыстық құқық бұзушылық туралы арызды және сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастаудың осы Кодекстің 180 бабының бірінші бөлігінде көзделген басқа да себептерін қабылдау мен тіркеуден бас тартуға жол берілмейді және ол заңда белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады».

Сонымен қатар, Кодекстің 179 бабының 3 бөлігіне сәйкес, жекеше айыптау істерін қоспағанда, қылмыстық құқық бұзушылық туралы барлық арыздар, хабарлар бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізілуге міндетті.

Бұл баптың 4 бөлігінде жазылған екен, «келіп түскен арызда, хабарда олар бойынша қылмыстық қудалау жекеше тәртіппен жүзеге асырылатын мәліметтер болған кезде материалдар соттылығы бойынша тиісті сотқа жіберіледі».

Олай болса, материалдар Бірыңғай тізілімге тіркелген соң ғана жолдануға жатады. Өйткені, тіркеместен арыз бойынша қандайда бір шешім шығару заңмен тыйым салынған. Мәселен, жекеше айыптау істері бойынша арыздар тіркеліп, тиісті талдау жүргізілген соң ғана, тергеулік ретімен сотқа жолданады.

3.Сонымен бірге, Кодекстің 163 бабының 2 бөлігінде, «Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның мүлкіне тыйым салуды қолдану жөнінде өтінішхат қозғау туралы қаулысы материалдар сотқа келіп түскен кезден бастап жиырма төрт сағат ішінде сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізілген жер бойынша не күдіктінің, айыпталушының мүлкі табылған жер бойынша тергеу судьясының жеке-дара қарауына жатады» делінген.

Алайда, сот өзі жеке-дара жақтардың қатысуынсыз мүлікке тыйым салуы ең бірінші жарыспалылық пен теңдік құқықтың қағидаларын бұзып отыр.

Сондықтан, сот аталған шешімді жақтардың қатысуымен шешу қажет деп санаймын.

4.Сондай-ақ, Кодекстің 55 бабының 2 бөлігінің 7 тармағына сәйкес, тергеу судьясы адвокаттың уәжді өтінішхаты бойынша сараптама тағайындау не қылмыстық қудалау органының, жасырын тергеу әрекеттерін қоспағанда, оның ішінде, егер қылмыстық қудалау органы осындай өтінішхатты қанағаттандырудан негізсіз бас тартса не ол бойынша үш тәулік ішінде шешім қабылдамаса, өзге тергеу жүргізуі туралы мәселені қарайды.

Кодекстің 272 бабының 6 бөлігіне сай, тергеу судьясы осы Кодекстің 55-бабы екінші бөлігінің 7 тармағында көзделген тәртіппен сараптама тағайындау туралы мәселені шешкен кезде қорғаушы тарапқа сарапшының алдына қойылуы қажет сұрақтарды жазбаша нысанда беруін ұсынады және олар бойынша процеске қатысушылардың пікірін тыңдайды. Тараптар қай объектілердің сарапшылық зерттеуге жататынын, сондай-ақ сараптама

жүргізуді кімге тапсыруға болатынын көрсетуге және сарапшыға қарсылық білдіруді мәлімдеуге құқылы. Тергеу судьясы сараптама тағайындаған кезде сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам өзінің іс жүргізуінде жатқан қажетті нәрселерді, материалдарды сарапшының билігіне береді.

Тергеу судьясының бұндай құзыреті кодекстің 56 бабының 4 бөлігіне қайшы келіп отыр, яғни қылмыстық процесті жүргізетін органның орнына әрекет істеуге және шешім қабылдауға болмайтындығына қарамастан.

Сот сараптамасын қорғаушының өтінішімен тағайындауға келіскен кезде, тергеу судьясы өтінішті қанағаттандырып, тергеушінің бас тарту шешімін бұзып, тергеуші мен прокурорға сараптама тағайындауды міндеттеу қажет. Ал, оның өткізілуін және жақтардың сараптама қорытындысымен таныстырылуын, іс құжаттарына тіркелуін бақылауы тиіс.

Сол себептен, Кодекстің 272 бабының 6 бөлігін келесі сөйлемдермен ауыстырып өзгерту қажет. «Тергеу судьясы сараптаманы тағайындау жөнінде тараптардың өтініштерін қанағаттандыратын болса, оның жүргізуін қылмыстық қудалау органына жүктеу қажет».

5.Сезіктінің, айыпталушының құқықтарын қорғау мақсатында келесі ұсыныстарды жеткіземін.

ҚР ҚПК-нің 135 бабына сәйкес, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам ұстап алынған күдіктінің отбасының кәмелетке толған мүшелерінің қайсыбіріне, ал олар болмаған кезде – басқа туыстарына немесе жақын адмдарына оның ұстап алынғаны туралы және ұсталып отырған жері туралы кейінге қалдырмай хабарлауға немесе күдіктінің өзіне мұндай хабарлау мүмкіндігін беруге міндетті. Шетелдіктің ұстап алынғаны туралы сол мемлекеттің елшілігі, консулдығы немесе өзге де өкілдігі дереу хабардар етілуге, ал ол болмаған мүмкін болмаған жағдайда, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер Министрі мен Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының бірлескен бұйрығымен белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Сырты істер министрлігі арқылы жиырма төрт сағат ішінде хабардар етілуге тиіс.

Алайда, заңдылықта хабардар етудің нақты нысаны көрсетілмеген, сондықтан ізгілендіру және саналы жағынан қылмыстық қудалау органына ұстап алынғанның туыстарына хабардар етуді жазбаша нысанда жүзеге асыру қажет деп көрсетілген абзал. Құқықтық нормада дәлдік және нақтылық болмағаны құқық қолданушылықта еркіндікке әкеліп соғады.

6.Кодекстің 36 бабының 3 және 4 бөліктерінде былай көрсетілген, қылмыстық іс тоқтатылғанға дейін күдіктіге, айыпталушыға істі тоқтатуға негіз, оның құқықтық салдары және істі осы негіз бойынша тоқтатуға қарсылық білдіру құқығы түсіндірілуге тиіс.

Қылмыстық істі тоқтату туралы жәбірленуші немесе оның өкілі хабардар етіледі, олар қаулыға осы Кодексте көзделген тәртіппен прокурорға не сотқа шағым жасауға құқылы.

Аталған сөйлемдердің соңына мынадай сөйлемді қосып толықтыру жасау қажет, «Бұл қаулының көшірмесі дереу түрде сезіктіге, айыпталушыға және оның қорғаушысына тергеу органымен табысталады».

Өйткені, қорғаушы бұл қаулының көшірмесін ала алмай, өзінің заң көмегін іс жүзінде жүзеге асыра алмайды, ал күдікті мен айыпталушы сәйкесінше өз құқықтарын қорғай алмайды.

7. Кодекстің 65 бабының 6 бөлігіне 7 тармақты толықтыру қажет, сотталушының құқығына: «Төрағалық етушінің, айыптау жағының заңсыз әрекеттеріне қарсы қарсылық білдіруіне және оларды басты талқылауының хаттамасына енгізуді міндеттеуіне құқылы».

8. Сонымен бірге, кодекстің 70 бабының 2 бөлігінің 5 тармағына келесі сөздерді қосу қажет, «күдіктіге, айыпталушыға ұсынылған не ұсынуға тиіс болатын ұстап алу хаттамасымен, бұлтартпау шарасын қолданудың және күзетпен ұстаудың, үйқамақтың мерзімін ұзарту туралы қаулымен іс бойынша мерзімдерді ұзу туралы хабарламамен, күдіктінің немесе қорғаушының өзінің қатысуымен жүргізілген тергеу әрекеттерінің хаттамаларымен», деген сөздерден кейін «және бұл құжаттардың көшірмелерін алуға құқылы» сөздерді қосу қажет.

9. Бұдан бөлек, кодекстің 10 бабында айтылған, «Сот, прокурор, тергеуші, анықтау органы және анықтаушы қылмыстық істер бойынша іс жүргізу кезінде Қазақстан Республикасының Конституциясы, осы Кодекс, осы Кодекстің 1 бабында көрсетілген өзге де нормативтік құқықтық актілер талаптарын дәлме-дәл сақтауға міндетті».

«Сот жүйесі мен судьялардың статусы туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңының 28 бабының 1 тармағының 1 тармақшасына сәйкес, судья Конституция Қазақстан Республикасының Заңдарын бұлжытпай орындауға міндетті делінген [46].

Сондықтан, 10 бапта «дәлме-дәл» деген сөзден кейін «және бұлжытпай» деген сөздерді қосуды ұсынамын.

Аталған түсінік сот пен қылмыстық ізге түсу органдарының құқыққа деген заңдылық пен сыйластық қатынастарын нығайтуға, кодекстің 8 бабының 2 бөлігіне сәйкес қылмыстық процес міндеттерінің тәжірибелік орындалысына бағытталған.

Заңға, сот бақылау институтын толығымен енгізуіміз және құзырын кеңейтуіміз керек.

Қылмыстық іс бойынша азаматтардың құқықтарын қорғау заңдылықтың сақталуына сот бақылауын күшейтуіміз қажет. Тергеу судьясы тек санкцияның әрекеттеріне емес, сондай-ақ күдіктінің ұстауына, бұлтартпау шараларының таңдалуына, тергеу мерзімінің ұзартылуына бақылауды және процеске қатысушылардың құқықтарының орындалуына қадағалауды жүзеге асыру қажет.

Шет елдердің тәжірибелеріне сәйкес, сондай-ақ демократиялық зайырлы ел болғандықтан, сот алқа билердің қатысуымен сот процестерін кең қолдану

кажет. Әсіресе, аса ауыр мен кейбір санаттағы ауыр қылмыстарға қолдануымыз дұрыс болар еді.

10. Дәлелдемелер ретінде жол берілмейтін нақты деректер қатарына мынадай негізсіз сөйлем бар.

ҚР ҚПК-тің 112 бабының 3 бөлігіне сәйкес, егер күдіктінің, жәбірленушінің және куәнің айғақтары, сарапшының, маманның қорытындысы, заттай дәлелдемелер, тергеу және сот әрекеттерінің хаттамалары және өзге де құжаттар қылмыстық іс материалдарының тізімдемесіне енгізілмесе, оларды айыптау негізіне жатқызуға болмайды.

Біздің көзқарасымыз бойынша, соның ішінде заң ғылымының докторы С.К.Журсимбаевтың да ойымен қатар, егер де мұндай процессуалдық заң бұзушылықтар жойылуға келетін механизм қатарына жатқызылса, онда ол бұзушылықтар дәлелдемелер ретінде жол берілмейтін нақты деректер қатарына жатқызылмауы тиіс. Ол бұзушылықтар сот барысында да тез арада жойылуға жатады, сот сәйкесінше өзінің жеке қаулысымен тергеу органына прокурор арқылы шара қолдану қажет. Тергеу органының қателігі үшін қылмыстан жапа шеккен жәбір көргендер жауапты емес.

Сол себепті ҚПК-тің 112 бабының 3 бөлігінен аталған абзац жолды алып тастауды ұсынамыз.

11. Қазіргі таңда куәлардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша міндеттер қылмыстық қудалау органына жүктелген. Ол тәжірибеде өз деңгейінде жүзеге асырылмайды, өйткені материалдық-қаржылық сұрақтары дұрыс шешілмей отыр.

Екінші проблемасы, қылмыстық іс бойынша қолданылған қорғау шараларының унифицикалық есептің жоқтығы және бірыңғайлығының болмауы. Сәйкесінше, Республикамыздың жалпы шынайы жағдайының теріс көсеткіштеріне әкелмек.

Ол бойынша Заңның жүзеге асырылуының механизмі жоқтығын айтуға болады.

Сол себептен, Үкіметтің деңгейінде қылмыстық процеске қатысушы тұлғаларды қорғау Ұлттық бағдарламаны жасақтауымыз қажет. Осындай шараларға шығындалатын бюджетте арнайы бапты қарастыру абзал.

Одан басқа, қылмыстық процеске қатысушы тұлғалардың қорғауын қамтамасыз ету бойынша мамандандырылған жеке құрылымды құру керек. Аталған құрылым процеске қатысушы тұлғалардың қылмыстық сотқа дейінгі өндірісте және одан біткен соң мерзімде заңды құқықтары мен мүдделерінің бұзылмауын, жағымсыз әсер не теріс ықпалын тигізетін тұлғаларға қатысты жедел бақылауды және олардың құжаттамасын қамтамасыз етуі көзделуі тиіс.

12. Қылмыстық процестік кодексте кей баптар бір-біріне сәкестендірілмеген.

Кодекстің 156 бабында былай көрсетілген, бұлтартпау шарасын қолдануға қажеттік болмаған, бұлтартпау шарасы қолданылмаған күдікті,

айыпталушы тергеу әрекеттеріне немесе сот талқылауына қатысудан жалтаруы мүмкін деп пайымдауға жеткілікті негіздер болған кезде не олар шақыру бойынша дәлелді себептерсіз іс жүзінде келмеген кезде аталған адамдардан шақыру бойынша қылмыстық қудалау органына немесе сотқа уақтылы келу, ал тұрғылықты жерін өзгерткен жағдайда ол туралы дереу хабарлау жөнінде жазбаша міндеттеме алып қойылуы мүмкін.

Қылмыстық қудалау органына не сотқа келу туралы жазбаша міндеттеме жәбірленушіден де және куәдан да алынуы мүмкін.

Алайда, мұндай жазбаша міндеттеме азаматтық талапкер мен жауапкерден, сарапшыдан, маманнан, аудармашыдан және куәгерлерден алынатындығы туралы жазылмаған.

Олар да қылмыстық процеске қатысушылар мен өзге де қатысушылар қатарына кіреді.

Бірақ та, олардың құқықтық мәртебелерінде, яғни Кодекстің 73, 74, 79, 80, 81, 82 баптарында тергеудің шақыртулары бойынша келулеріне міндетті деп көрсетілген екен.

Осы тұлғалардың тергеуге келмей жалтаруынан не уақтылы келмеуінен бүкіл процеске қауіп тудырып, нақты құқықтық зардаптарға әкеліп соғады (мәселен, дәлелдемелерге дұрыс баға берілмеуінен заңсыз ақталу).

Сондықтан, Кодекстің 156 бабына қылмыстық қудалау органының шақыртуы бойынша келу міндеттемесі азаматтық талапкер мен жауапкерден, сарапшыдан, маманнан, аудармашыдан және куәгерлерден де алынуы қажет.

Жоғарыда аталған ұсыныстар өз мәресін тапса, өмірдегі заңдылық принцип толықтай қамтамасыз етіліп, тиісті қарым-қатынастар орнатылады.

13. Қылмыстық процесік кодекстің 200 бабына өзгеріс енгізу қажеттігі туралы М.Ч.Қоғамов өзінің «Уголовно-процессуальное право Республики Казахстан. Движение уголовного дела» атты оқулығында, тергеу органдары заң бұзушылықтар жасауға ықпал еткен мән-жайларды жою жөніндегі ұсыныс енгізуге құқылы емес, міндетті деп, бұл сұрақты орынды көтерген.

Тәжірибеде, тергеу органдарының лауазымды тұлғалары мұндай ұсыныстарды енгізу өз еріктері болғандықтан, қылмысты келешекте болдырмау мақсатында, яғни профилактика үшін берілу қажет құжатты тиісті мекемеге көп жағдайларда жолдамайды. Сол себептен болған оқиға жерде қайта қылмыстың жасалуының мүмкіндігі зор болмақ.

Кодекстің 200 бабының 1 бөлігінде былай айтылған, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам қылмыстық іс бойынша іс жүргізу кезінде қылмыстық құқық бұзушылық жасауға ықпал еткен-мән-жайларды анықтай отырып, тиісті мемлекеттік органдарға, ұйымдарға немесе онда басқарушылық функцияларды орындайтын адамдарға осы мән-жайларды немесе басқа да заң бұзушылықтарды жою жөніндегі шаралар қолдану туралы ұсыну енгізуге құқылы.

«Құқылы» делінген соңғы сөзін «міндетті» деп өзгертуіміз қажет.

13. Ұсыныс іс материалдарымен танысуға уақытпен шектеу қою, өйткені айыпталушы мен оның тарабы танысу үрдісін әдейі созады.

Қылмыстық іс материалдарымен танысуы үшін айыпталушыға жеткілікті уақыт бөлінуі тиіс. Қылмыстық іс материалдарымен танысу туралы хаттамада ол үшін бір сағат бөлінгендігі көрсетілгендіктен бұрын істі қосымша тергеуге қайтарған дерек тәжірибеде бар. Алматы облысы Талғар қаласының соты ҚР ҚК-нің 138 бабы бойынша соттаған Б. өзінің іспен асығыс танысқанын, тергеушінің оны қосымша таныстырамын деп, бірақ уәдесінде тұрмағандығын сот мәжілісінде айтқан. Ал хаттамада Б. 313 парақтағы қылмыстық іспен сағат 17-ден 18-ге дейін танысты деп көрсетілген. Алматы облыстық сотының төрағасы үкімді бұзып, қосымша тергеу кезінде Б.-ның айтқанын тексеруді ұсынған.

Бұл ережеге қарамастан заң шығарушы айыпталушының іс материалдарымен танысу мерзіміне қандай да шектеу қоймайды. Айыпталушы, өз құқығын пайдалана отырып, істің сотта қаралуын мүмкіндігінше созуға әрекет жасаса, тергеуші мұндай қиянатты жоюға тиісті шара қолданады. Ондай шаралар: мұндай әрекетке жол берілмейтіндігін ескерту; іс материалдарын тергеушінің өзінің оқып беруі болуы мүмкін. Егер бұлардан да нәтиже болмаса тергеуші өзінің прокурор бекіткен дәлелді қаулысымен, іс материалдарымен танысу үшін жеткілікті белгілі бір мерзімді белгілейді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. ҚР Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің ақпараттық сервисі //Ресми сайт: (<http://service.pravstate.kz/>).
2. Н.Ә.Назарбаев «Идейная консолидация общества – как условие прогресса Казахстана». Фонд политических исследований «Қазақстан – XXI век». Алматы, 1993.
3. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты 2018 жылғы 10 қаңтардағы халыққа арналған Жолдауы (www.akorda.kz> addresses_of_president).
4. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2009 жылғы № 858 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасы //online.zakon.kz.
5. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V ҚРЗ. (adilet.zan.kz > kaz > docs).
6. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2006 жылғы 20 сәуірдегі «Қылмыстық істер бойынша дәлелдемелерді бағалаудың кейбір мәселелері туралы» №4 нормативтік қаулысы (adilet.zan.kz > kaz > docs).
7. Қазақстан Республикасының Конституциясы (adilet.zan.kz > kaz > docs).
8. Акт о лучшем обеспечении свободы подданного и о предупреждении заточений за морями (habeas corpus). Исторические документы //old.memo.ru/prawo/hits/habeas.htm
9. «Билль о правах» <http://www.grinchevskiy.ru/17-18/bill-o-pravah.php>
10. Петрухин И.Л. Предисловие в кн: «Прокурорский надзор и судебная власть»: уч.пос.-М.: Проспект, 2001-88с.
11. Петрухин И.Л. Судебная власть: контроль за расследованием преступлений. – М.: ТК Велби, 2008-с.32,134.
12. Уголовно-процессуальный кодекс Казахской ССР. Утвержден Законом Казахской ССР от 22 июня 1959 года. Утратил силу – Законом РК от 13 декабря 1997 г. № 207- z 970207/ Ресми сайт: (adilet.zan.kz > rus > docs/k590001000_).
13. Закон Республики Казахстан от 15 октября 1993 года «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан». Утратил силу – Законом РК от 08 февраля 2003г. n 387/Ресми сайт: (adilet.zan.kz > rus > docs/u090000858).
14. Указ Президента Республики Казахстан от 17 марта 1995 г. n 2122 имеющий силу закона «О внесении изменений и дополнений в некоторые

законодательные акты Республики Казахстан»/ Resmi сайт: (adilet.zan.kz > rus > docs/u090000858).

15. «Қазақстан Республикасы прокуратура органдарының кейбір сұрақтары туралы» Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2017 жылдың 13 қазандағы Жарлығы (Бас прокуратураның құрылымын бекіту туралы) //online.zakon.kz.

16. Қылмыстық іс жүргізу бойынша терминдер және түсініктер (орысша-қазақша-ағылшынша сөздік) оқу тәжірибелік құрал. ҚР ПМ Қарағанды академиясы. Н.Б.Майлыбаева, Н.Т.Саханова, А.А.Науанова. Қарағанды – 2013.

17. Уголовный процесс: Учебник для вузов /Под ред. П.А.Лупинской М.: Юрист, 1995. С. 27.

18. Юридический энциклопедический словарь. М., 1984. С. 381.

19. Б.Х.Төлеубекова. Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу құқығы. Жалпы бөлім: Оқулық – Алматы: «Жеті жарғы» 2000.

20. Ү.Ө.Нұрмашов, А.Н.Апахаев. Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу құқығы. Қысқаша курс. Оқу құралы. – Алматы: Жеті Жарғы, 2013.

21. Журсимбаев С.К. Уголовно-процессуальное право Республики Казахстан. Общая часть. Досудебное производство. Учебник-Алматы. «NURPRESS»,2011.

22. Строгович М.С. Курс советского уголовного процесса – 1970-Т.1С.12.

23. Строгович М.С. Курс советского уголовного процесса. Т. 1. – М.: Наука, 1968. - С. 194

24. Ларин А.М. Расследование по уголовному делу: процессуальные функции. – М.: Юрид. литер., 1986. – С. 23 – 39.

25. Уголовно-процессуальное право Республики Казахстан. Часть Общая / Под ред. Б.Х.Төлеубековой. – Алматы, 2004. – С. 163.

26. Гуценко К.Ф., Головкин Л.В., Филимонов Б.А. Уголовный процесс западных государств. – М., 2001. – С. 9.

27. Уолкер Р. Английская судебная система. – М.: Юрид. литер., 1980. – С. 157 – 158.

28. Ковалев В.А., Чаадаев С.Г. Органы расследования и судебная система Великобритании. – М., 1985. – С. 12.

29. Организация деятельности органов внутренних дел зарубежных стран: управление полициями буржуазных стран / Под ред. Б.С. Крылова. – М.: Академия МВД СССР, 1980. – С. 87.

30. Хан В.В. Англосаксонская модель досудебного производства по уголовным делам. – Алматы, 2007. – С. 43.

31. Гуценко К.Ф. Уголовная юстиция США: Критический анализ правовых институтов, обеспечивающих уголовную репрессию. – М.: Юрил. лит., 1979. – С. 13.

32. Власихин В.А. Служба обвинения в США: закон и политика. – М.: Юрид. лит., 1981. – 176 с. Уголовный процесс // Под ред. В.П. Божьева. – М., 200. – С. 357 – 358.
33. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Бөтеннің мүлкін заңсыз иемдену жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесі туралы» 2003 жылғы 11 шілдедегі №8 нормативтік қаулысы (adilet.zan.kz > kaz > docs).
34. 2018 жылдың 12 ақпанында Қазақстан Республикасы Бас Прокурорымен бекітілген Қылмыстық қудалау заңдылығына қадағалауды ұйымдастыру туралы Нұсқаулығы // online.zakon.kz.
35. Алдын-ала тергеудің аяқталуы оқу құралы. А.Ағыбаев, Е.Алауханов. Алматы «Жеті Жарғы» 2004.
36. Гуткин, И.М. Некоторые правовые вопросы взаимодействия следователей и органов дознания по приостановленным уголовным делам / И.М.Гуткин // Труды ВШ МООП РСФСР.- Вып.6,- М, 1966,- С. 138-140.
37. Чувилев, А.А. Взаимодействие следователя органа внутренних дел с милицией / А.А.Чувилев. М., 1981.- 164 с.
38. Добровольская, Т.Н. Принципы советского уголовного процесса / Добровольская Т.Н.-Москва, 1971.- 148 с.
39. Добровольская Т.Н., Рагинский М.Ю. Принцип законности в деятельности следователя органов внутренних дел. Волгоград: изд. Высшей следственной школы МВД СССР, 1976.
40. Уголовно-процессуальное право Республики Казахстан. Движение уголовного дела. /Под ред. д.ю.н., профессора М.Ч.Когамова и к.ю.н., доцента А.А.Касимова. – Алматы: «Жеті Жарғы», 2013.
41. БҰҰ-да 1996 жылы 16 желтоқсанда қабылданған, ҚР Заңымен 2005 жылы 28 қарашада ратификацияланған «Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт»;
42. БҰҰ-да 1984 жылы 10 желтоқсанда қабылданған, ҚР Заңымен 1998 жылы 29 маусымда ратификацияланған «Азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын және ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы конвенция».
43. Қылмыстық іс жүргізу актілерінің үлгілері (сотқа дейінгі саты) тәжірибелік оқу құралы. Т.Е.Сәрсенбаев. Қарағанды Болашақ-Баспа 2010.
44. 2018 жылдың 5 шілдесінде Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2018 жылғы 14 наурыздағы №38 бұйрығына (Прокурорлар қызметінің критерийлерін бағалау жөнінде) тиісті өзгерістер енгізу туралы Бұйрығы.
45. Жалыбин С.М. «Защита прав граждан в уголовном судопроизводстве»: Монография. Алматы, 2012.
46. «Сот жүйесі мен судьялардың статусы туралы» ҚР Заңы (adilet.zan.kz > kaz > docs).

ҚОСЫМША

№1

Қылмыстық істі СДТБТ енгізу және өз өндірісіме алу туралы Қ А У Л Ы

20__ жыл 14 маусым

Ақтау қаласы

Ақтау қалалық ІІБ-ның тергеу бөлімінің тергеушісі полиция капитаны С.С.Омаров азаматша А.А.Оразбаеваның арызы бойынша материалдарды қарап шығып,

А Н Ы Қ Т А Д Ы М :

20__ жылы маусым айының 13-ші күні шамамен 12 сағат 00 минутта Ақтау қаласы 12 шағын ауданы, 49 үй, 39 пәтерде тұратын А.А.Оразбаеваның үйіне белгісіз адамдар есікті бұзу арқылы заңсыз кіріп, жалпы мөлшерде 50 000 тенгенің мүлкін жасырын ұрлап кеткен.

Жинақталған материалдарда қылмыстың белгілері бар екенін ескере отырып, ҚР ҚПК-нің 179, 180, 181, 185, 187, 188, 189, 198 баптарын басшылыққа ала отырып,

Қ А У Л Ы Е Т Т І М :

1. Азаматша А.А.Оразбаеваның арызы бойынша ҚР ҚК-нің 188 бабы 2 бөлігінің 3 тармағында көрсетілген қылмыстың белгілері бойынша қылмыстық істі СДТБТ-ға тіркеп, өз өндірісіме қабылдауға.

2. Қабылданған шешім туралы мүдделі адамдарға хабарлауға.

3. Қаулының көшірмесін прокурорға жолдауға.

Ақтау қалалық ІІБ-ның
тергеу бөлімінің тергеушісі
полиция капитаны

С.С.Омаров

Анықтама: қаулының көшірмесі прокурорға электронды түрде 20__ ж. 14 маусымында жолданды /шығыс №555/.

Қаулымен таныстым, қаулының көшірмесін алдым.

Құқықтарым мен міндеттерім түсіндірілді

А.А.Оразбаева

« » _____ 20__ ж.

№2

**Сот-медициналық сараптама тағайындау туралы
Қ А У Л Ы**

« » _____ 20__ ж.

Ақтау қаласы

Ақтау қалалық ІІБ-ның тергеу бөлімінің тергеушісі полиция капитаны С.С.Омаров СДТБТ тіркелген №0665559936 қылмыстық іс материалдарын қарап шығып,

А Н Ы Қ Т А Д Ы М :

20__ жылы маусым айының 05-ші күні Ақтау қаласы 9 шағын ауданы, 19 үй жанында бейтаныс адамдар азамат Т.Т.Сабыровпен кездесіп, одан ақша беруін сұрады, соңғы кейіннен бас тартқан соң, Т.Т.Сабыровты бетінен ұрып жерге құлатты, содан кейін екеуі жабылып денесінен, басынан аяқпен тепкіледі. Т.Т.Сабыров есінен танып қалған соң, оның қалтасынан 100 000 тенгені алып кетті. Сол қылмыстың нәтижесінде Т.Т.Сабыровтың денсаулығына зардап келтірілді.

Жоғарыда айтылғанды негізге ала отырып, Т.Т.Сабыровтың денсаулығынан келтірілген зардаптың дәрежесін анықтау үшін арнайы білім қажет екенін ескеріп, ҚР ҚПК-нің 198, 270-276 баптарын басшылыққа ала отырып,

Қ А У Л Ы Е Т Т І М :

1. Осы іс бойынша сот-медициналық сараптама тағайындау, оны өндірісте жүргізуді Маңғыстау облыстық сот-медицина бюросының сарапшыларына тапсырылсын.

2. Сарапшының шешуіне келесі сұрақтар қою:

а/ Т.Т.Сабыровта дене жарақаты бар ма?

ә/ Егер де болса, оның пайда болу механизмі қандай?

б/ Егер де болса, қандай ауырлық дәрежесіне жатады?

3. Қабылданған шешім туралы мүдделі адамдарға хабарлауға.

4. Қаулының көшірмесін прокурорға жолдауға.

Сарапшыға Т.Т.Сабыровтың амбулаторлық картасын, осы қаулының көшірмесін жолдауға.

Сарапшыға ҚР ҚК-нің 420 бабы бойынша көрінеу жалған қорытынды бергені үшін қылмыстық жауаптылыққа тартылатыны ескертілді.

Ақтау қалалық ІІБ-ның
тергеу бөлімінің тергеушісі
полиция капитаны

С.С.Омаров

Сараптама барысында қойылатын сұрақтар:

1. Сот-наркологиялық сараптама

1. Айыпталушы /аты-жөні/ алкоголизм ауруын сипаттайтын белгілер бар ма?
2. Айыпталушы /аты-жөні/ наркомания ауруын сипаттайтын белгілер бар ма?
3. Айыпталушы /аты-жөні/ алкоголизм ауруынан өзінің еркінен тыс емдеуге қажеттілік бар ма?
4. Айыпталушы /аты-жөні/ ауруынан өз еріксіз емдеуге қажеттілік бар ма?
5. Анықталған алкоголизм ауруы /аты-жөні/ психикалық бұзылыстарға әкеп соғуы мүмкін бе?

2. Сот-химиялық сараптама

1. /аты-жөні/ алынған зат есірткі заты болып табылады ма?
2. Егер де табылса, қандай түріне жатады?
3. Оның салмағы қанша?
4. Айыпталушы /аты-жөні/ алынған зат айыпталушы /аты-жөні/ алынған затпен бұрын бір тұтас болды ма?

3. Сот-медициналық сараптама

1. Мәйіттің сот-медициналық сараптамасы

1. /аты-жөні/ өлім себебі қандай?
2. /аты-жөні/ қайтыс болған мерзімі қандай?
3. /аты-жөні/ мәйітінде дене жарақаттары бар ма, егер болса, жарақаттардың пайда болу механизмі, мерзімі, ауырлық дәрежесі?
4. /аты-жөні/ қандай да бір ауры немесе патологиялық өзгерістер белгілері бар ма? Егер болса оның өлім себебіне байланысты ма?
5. Қайтыс болған соң мәйіттің жатқан орны өзгертілгенін көрсететін қандай да бір белгілер бар ма?

2. Көзі тірі адамдарға сот-медициналық сараптамасы

1. Жәбірленуші /аты-жөні/ денесінде жарақаттар бар ма, егер болса, жарақаттардың пайда болу механизмі, мерзімі, ауырлық дәрежесі?
2. Анықталған дене жарақаттары қаулыда көрсетілген жағдайда алынуы мүмкін бе?
3. Дене жарақаттары түсу салдарынан жәбірленушінің денсаулығына келтірілген зиянның ауырлық дәрежесі қандай?
4. Дене жарақаттарының сипаты бойынша жарақат салған құрал түрін анықтау мүмкін бе?

4. Сот-баллистикалық сараптама

1. /аты-жөні/ алынған тапанша оқ атуға жарамды ма?
2. Егер де жарамды болса, атыс қаруы болып табылады ма, оның калибрі қандай?
3. Бұл тапаншадан оқ атылды ма, егер де атылса, оның атылу қашықтығы қандай?
4. /аты-жөні/ үйінен алынған оқтар оқ-дәрі болып табылады ма?

5. Сот-криминалистикалық сараптама

1. Зерттеуге жіберілген объект суық қаруға жатады ма?
2. Егер де жатса, оның түрі?
3. Зерттеуге жіберілген объектіні дайындау әдісі?

6. Сот-психиатриялық сараптама

1. Қылмыс жасау барысында айыпталушыда психикалық ауытқушылықтар болды ма?
2. Анықталған психикалық ауытқушылықтар оның жасаған қылмысының қоғамға қауіптілігін толық түсінуіне және өзін-өзі билей алатындығына әсер етуі мүмкін бе?

3. Айыпталушы іске маңызы бар мән-жайларды дұрыс түсініп, олар туралы дұрыс айғақ беруге қабілетті ме?

4. Анықталған психикалық бұзылыстар айыпталушыға медициналық сипаттағы шаралар қолдануға қажеттілік ете ма?

5. Анықталған психикалық бұзылыстар жәбірленушіге /айыпталушыға/ өзін-өзі қорғау әрекеттерін жасауға кедергі жасамай ма?

6. Өзінің психикалық жай-күйіне қарай жәбірленуші осы сәтте сот-тергеу әрекеттеріне қатыса ала ма?

7. Өзінің психикалық жай-күйіне қарай жәбірленуші болған қылмыстық жағдайда қарсылық көрсетуге мүмкіндігі болды ма?

7. Сот-физико-техникалық сараптама

1. Сараптамаға ұсынылған объектілерде зақымдар бар ма, егер болса, олардың сипаттамасы мен пайда болу механизмі қандай?

2. Табылған зақымдар сараптамаға жіберілген пышақпен салынуы мүмкін бе?

3. /аты-жөні/ киімінде табылған зақымдар мен сараптамаға ұсынылған пышақтың параметрлері сәйкес келе ма?

4. Анықталған зақымдар сипаты бойынша жәбірленуші мен күдіктінің өзара орналасуын анықтау мүмкін бе?

5. Дене жарақаты бойынша қарудың әсер ету бағытын анықтауға бола ма?

1. Ұсынылған объектілерде:

а/ жәбірленуші /аты-жөні/ көйлегіне келген зақым бар ма?

б/ жәбірленуші /аты-жөні/ мәйітінен алынған тергі бөлігінде жарақат бар ма?

2. Егер де болса, оларды пайда болу механизмі. Сараптамаға ұсынылған пышақтардың арасында қайсысына ұқсас келеді?

3. Табылған дене жарақаттар, зерттеуге ұсынылған оқиға болған жерді қарау барысында алынған 2 дана ас пышақтармен келтірілуі мүмкін бе?

8. Сот-биологиялық сараптама

1. Табылған дақта қан бар ма?

2. Егер қан болса, ол адамның қаны ма немесе жануардың қаны ма?

3. Егер адамның қаны болса, қан қай топқа жатады?

4. Қанның пайда болған мерзімі?

5. Қанның сипаты бойынша адамның жынысын анықтау мүмкін бе?

6. Ұрықтың топтық ерекшелігі қандай?

7. Сараптамаға ұсынылған объектілерде адамға тән шаштар бар ма?

8. Адам денесінің қай жерінен түскен шаш?

9. Шаштың қандай да бір ерекшеліктері бар ма?

1. Ұсынылған объектілерде:

а/ жәбірленушінің /аты-жөні/ жататын көйлегінде, шалбарында қан дақтары бар ма, егер болса, ол /аты-жөні/ тиесілі ме немесе басқа адамға тиесілі ме?

ә/ оқиға болған жерді қарау барысында алынған орамалда, 2 дана ас пышақтарда қан дақтары бар ма, егер болса кімге тиесілі?

б/ айыпталушы /аты-жөні/ жататын куртка мен шалбарында қан ізі бар ма?

2. Егер де болса, ол қан кімге жатады: адамның қаны әлде жануардың қаны?

3. Ол қан кімге тиесілі: айыпталушы /аты-жөні/, жәбірленуші /аты-жөні/ немесе басқа адамдарға ма?

№4

**Жәбірленуші ретінде тану туралы
Қ А У Л Ы**

« » _____ 20__ ж.

Ақтау қаласы

Ақтау қалалық ІІБ-ның тергеу бөлімінің тергеушісі полиция капитаны С.С.Омаров СДТБТ тіркелген №06655599900 қылмыстық іс материалдарын қарап шығып,

А Н Ы Қ Т А Д Ы М :

20__ жылы тамыз айының 03-і күні бейтаныс адамдар кілтті сұрыптау жолымен Ақтау қаласы 7 шағын ауданы, 12 үй, 29 пәтерде тұратын азамат Т.Б.Қоразовтың үйіне заңсыз кіріп, мүлікті ұрлап, жалпы 200 000 теңге мөлшерінде зардап келтірді.

Жоғарыда айтылғанды негізге ала отырып, азамат Т.Б.Қоразовке тікелей қылмыспен мүліктік зиян келтірілгенін назарға ала отырып, ҚР ҚПК-нің 71, 198 бабының талаптарын басшылыққа ала отырып,

Қ А У Л Ы Е Т Т І М :

1. Осы қылмыстық іс бойынша Қоразов Талғат Байұлын жәбірленуші ретінде тануға, осы қабылдаған шешім туралы қол қою арқылы оған жариялауға.

2. Жәбірленуші Т.Б.Қоразовқа ҚР ҚПК-нің 71 бабында көрсетілген құқықтары мен міндеттерін түсіндіруге.

3. Қабылданған шешім туралы мүдделі адамдарға хабарлауға.

4. Қаулының көшірмесін прокурорға жолдауға.

Қаулы маған 20__ ж. тамыздың 03 күні жарияланды, құқықтарым мен міндеттерім түсіндірілді.

Т.Б.Қоразов

Ақтау қалалық ІІБ-ның
тергеу бөлімінің тергеушісі
полиция капитаны

С.С.Омаров

№5

**Азаматтық талапкер ретінде тану туралы
Қ А У Л Ы**

« » _____ 20__ ж.

Ақтау қаласы

Ақтау қалалық ІІБ-ның тергеу бөлімінің тергеушісі полиция капитаны С.С.Омаров СДТБТ тіркелген №06655599977 қылмыстық іс материалдарын қарап шығып,

А Н Ы Қ Т А Д Ы М :

20__ жылы қаңтар айының 09-ы күні сағат 18.00 шамасында Ақтау қаласы, 6 шағын ауданының 5 үйдің жанында бейтаныс адамдар азамат С.С.Оспановты кездестіріп, тонау мақсатымен оған күш қолданып, жалпы 18 000 теңге мөлшерінде мүлігін ашық ұрлаған.

Жоғарыда айтылғанды негізге ала отырып, азамат С.С.Оспановқа қатысты тікелей қылмыспен дене және мүліктік залал келтірілді деп ұйғаруға жеткілікті негіздер бар екенін ескере отырып, ҚР ҚПК-нің 73, 198 баптарының талаптарын сақтай отырып,

Қ А У Л Ы Е Т Т І М :

1.Осы қылмыстық іс бойынша Оспанов Сәбит Смағұлұлын азаматтық талапкер ретінде тануға.

2.С.С.Оспановқа ҚР ҚПК-нің 73 бабында көрсетілген құқықтары мен міндеттерін түсіндіруге.

3. Қабылданған шешім туралы мүдделі адамдарға хабарлауға.

4. Қаулының көшірмесін прокурорға жолдауға.

Қаулы маған 20__ ж. қаңтардың 09-ы күні жарияланды, құқықтарым мен міндеттерім түсіндірілді. С.С.Оспанов

Ақтау қалалық ІІБ-ның
тергеу бөлімінің тергеушісі
полиция капитаны

С.С.Омаров

№6

**Азаматтық жауапкер ретінде тану туралы
Қ А У Л Ы**

« » _____ 20__ ж.

Ақтау қаласы

Ақтау қалалық ІІБ-ның тергеу бөлімінің тергеушісі полиция капитаны С.С.Омаров СДТБТ тіркелген №06655599955 қылмыстық іс материалдарын қарап шығып,

А Н Ы Қ Т А Д Ы М :

20__ жылы қаңтар айының 02-сі күні сағат 20.00 шамасында азамат Б.О.Ташев ұрлық жасау мақсатымен Ақтау қаласы, 3 шағын ауданы, 3 үй, 19 пәтерде тұратын С.Қ.Момыш деген азаматтың үйінің есігін бұзу арқылы тұрғын-үйге заңсыз кіріп, жалпы 45 000 теңге мөлшерінде мүлікті ұрлаған.

Тергеу жүргізу барысында жәбірленуші С.Қ.Момыш кінәлі адамнан оның пайдасына жалпы 45 000 теңге мөлшерінде келтірілген зардапты талап ету туралы арыз берді.

Жоғарыда айтылғанды негізге ала отырып, қылмыстық іс бойынша іс жүргізудің барысында қойылған талапқа байланысты заң күшімен тыйым салынған әрекетімен келтірілген зиян үшін мүліктік жауаптылықта азамат Б.О.Ташев болып табылады. Соған байланысты, ҚР ҚПК-нің 74, 198 баптарының талаптарын сақтай отырып,

Қ А У Л Ы Е Т Т І М :

1.Осы қылмыстық іс бойынша Ташев Берік Оразұлын азаматтық жауапкер ретінде тануға.

2.Б.О.Ташевқа ҚР ҚПК-нің 74 бабында көрсетілген құқықтары мен міндеттерін түсіндіруге.

3. Қабылданған шешім туралы мүдделі адамдарға хабарлауға.

4. Қаулының көшірмесін прокурорға жолдауға.

Қаулы маған 20__ ж. қаңтардың 02-сі күні жарияланды, құқықтарым мен міндеттерім түсіндірілді. Б.Ташев

Ақтау қалалық ІІБ-ның
тергеу бөлімінің тергеушісі
полиция капитаны

С.С.Омаров

№7

**Жәбірленушінің заңды өкілі ретінде тануға және қылмыстық іске қатысуға
рұқсат ету туралы
Қ А У Л Ы**

« » _____ 20__ ж.

Ақтау қаласы

Ақтау қалалық ІІБ-ның тергеу бөлімінің тергеушісі полиция капитаны С.С.Омаров СДТБТ тіркелген №06655599933 қылмыстық іс материалдарын қарап шығып,

А Н Ы Қ Т А Д Ы М :

20__ жылы қазан айының 07-сі күні сағат 11.00 шамасында азамат О.Аспанов Ақтау қаласы, 28 шағын ауданы, 29 үйдің жанында жасы кәмелетке толмаған Талғат Нұржанды кездестіріп, күш қолдану арқылы оның үстіне киген 80 000 теңге бағалы куртқасын иемденген.

Жәбірленуші Т.Нұржан 2005 жылы туылған, соған қарағанда жасы кәмелетке толмаған және жасына байланысты өз құқықтары мен заңды мүдделерін өз бетінше қорғау мүмкіндігінен айырылған. Сондықтан қылмыстық іс бойынша жасы кәмелетке толмаған жәбірленуші Т.Нұржанның заңды өкілі ретінде, оның әкесі – Самат Нұржанұлыны танып, қылмыстық іске қатыстыру қажет.

Жоғарыда айтылғанды негізге ала отырып, ҚР ҚПК-нің 75, 198 баптарының талаптарын сақтай отырып,

Қ А У Л Ы Е Т Т І М :

1.Осы қылмыстық іс бойынша жасы кәмелетке толмаған Талғат Нұржанға заңды өкілі ретінде оның әкесі Самат Нұржанұлыны тануға және қылмыстық іске қатысуға рұқсат етуге.

2.С.Нұржанұлына жәбірленуші ретінде ҚР ҚПК-нің 75 бабында көрсетілген құқықтары мен міндеттерін түсіндіруге.

3. Қабылданған шешім туралы мүдделі адамдарға хабарлауға.

4. Қаулының көшірмесін прокурорға жолдауға.

Қаулы маған 20__ ж. қазан 07-сі күні жарияланды, құқықтарым мен міндеттерім түсіндірілді. С.Нұржанұлы

Ақтау қалалық ІІБ-ның
тергеу бөлімінің тергеушісі
полиция капитаны

С.С.Омаров

№8

**Аудармашы ретінде тағайындау туралы
Қ А У Л Ы**

« » _____ 20__ ж.

Ақтау қаласы

Ақтау қалалық ІІБ-ның тергеу бөлімінің тергеушісі полиция капитаны С.С.Омаров СДТБТ тіркелген №0665559909 қылмыстық іс материалдарын қарап шығып,

А Н Ы Қ Т А Д Ы М :

20__ жылы сәуір айының 22-сі күні сағат 21.00 шамасында М.М.Тарбеков Ақтау қаласы, 34 шағын ауданы, 35 үй, 55 пәтерде азамат Қ.С.Сағынтай деген заматпен бірге қосылып спирттік ішімдікті ішуге кіріскен. Іші барысында бұлардың арасында түсінбеушілік пен қақтығыс пайда болып, соның барысында Қ.С.Сағынтай үстелдің үстінде тұрған пышақты қолданып, М.М.Тарбековтың ішіне екі рет жұмсап, нәтижесінде, ол алған жарақатымен ауруханаға жеткізілген.

Бұл факті бойынша ҚР ҚК-нің 106 бабының 1 бөлігінде көрсетілген қылмыстың белгілері бойынша қылмыстық іс тіркелген.

20__ ж. сәуір айының 23-і күні сағат 18.10 шамасында азамат Қ.С.Сағынтай ҚР ҚПК-нің 128 бабында көрсетілген негіздер бойынша ұсталды. Сол күні күдікті ретінде жауап алу барысында, ол іс жүргізілетін тілді білмейтінін, жауапты орыс тілінде беретінін көрсеткен.

Осыған байланысты, қылмыстық іс жүргізуге аудармашы тағайындау қажеттілігі бар.

Жоғарыда айтылғанды негізге ала отырып, ҚР ҚПК-нің 81, 198 баптарының талаптарын сақтай отырып,

Қ А У Л Ы Е Т Т І М :

1. Осы қылмыстық іс бойынша Нұрай Сабырқызы Асанованы – аудармашы ретінде тағайындауға (жоғары білімі туралы диплом №3896489).

2. Оған ҚР ҚПК-нің 81 бабында көрсетілген құқықтары мен міндеттерін түсіндіруге.

3. Қабылданған шешім туралы мүдделі адамдарға хабарлауға.

4. Қаулының көшірмесін прокурорға жолдауға.

Қаулы маған 20__ ж. сәуір айының 23-і күні жарияланды, құқықтарым мен міндеттерім түсіндірілді. Н.С.Асанова

Ақтау қалалық ІІБ-ның
тергеу бөлімінің тергеушісі
полиция капитаны

С.С.Омаров

№9

**Қылмыс жасады деген күдік бойынша
ұсталған адамды босату туралы
Қ А У Л Ы**

« » _____ 20__ ж.

Ақтау қаласы

Ақтау қалалық ІІБ-ның тергеу бөлімінің тергеушісі полиция капитаны С.С.Омаров СДТБТ тіркелген №06655599901 қылмыстық іс материалдарын қарап шығып,

А Н Ы Қ Т А Д Ы М :

20__ жылы 03-ші наурызда Д.Н.Жанбыршиев ҚР ҚПК-нің 191 бабының 1 бөлігімен жасалған қылмыс бойынша күдікті ретінде ҚР ҚПК-нің 128 бабы тәртібімен ұсталған. Тергеу жүргізу барысында оған қатысты қамауға алу түріндегі бұлтәрпау шарасын қолдануға негіз жоқ.

Осыған орай, ҚР ҚПК-нің 133 бабын негізе ала отырып,

Қ А У Л Ы Е Т Т І М :

1.Осы қылмыстық іс бойынша Жанбыршиев Дәурен Ноғайұлын уақытша ұстау абақтысынан босатуға.

2.Қабылданған шешім туралы мүдделі адамдарға хабарлауға.

3. Қаулының көшірмесін прокурорға жолдауға.

Қаулымен 20__ ж. наурыз айының 05-і күні таныстым, анықтаманы алдым.
Д.Н.Жанбыршиев

Ақтау қалалық ІІБ-ның
тергеу бөлімінің тергеушісі
полиция капитаны

С.С.Омаров

№10

**Уақытша ұстау абақтысынан босату туралы
Қ А У Л Ы**

« » _____ 20__ ж.

Ақтау қаласы

Ақтау қалалық ІІБ-ның тергеу бөлімінің тергеушісі полиция капитаны С.С.Омаров СДТБТ тіркелген №06655599902 қылмыстық іс материалдарын қарап шығып,

А Н Ы Қ Т А Д Ы М :

20__ жылы 24-ші наурызда ҚР ҚК-нің 191 бабының 1 бөлігінде көзделген қылмыстың белгілері бойынша күдікті ретінде азамат Б.Досұлы ұсталды.

20__ жылы 27-ші наурызда Ақтау қаласының прокуроры қылмыстық іс материалдарын қарап шығып, ұсталған Б.Досұлына қатысты қамауға алу түріндегі бұлтартпау шарасын қолдануға негіз жоқ деп, оған қатысты сотқа ұсынылған «қамауға алу» бұлтартпау шарасын санкциялау туралы өтінішті қанағаттандырудан бас тартты.

Жоғарыда көрсетілгенді негізге ала отырып, ҚР ҚПК-нің 133, 198 баптарының талаптарын сақтай отырып,

Қ А У Л Ы Е Т Т І М :

1. ҚР ҚПК-нің 128 бабына сәйкес күдікті ретінде ұсталған Берік Досұлыны уақытша ұстау абақтысынан босатуға.

2. Қабылданған шешім туралы мүдделі адамдарға хабарлауға.

3. Қаулының көшірмесін прокурорға жолдауға

Қаулымен 20__ ж. наурыз айының 27-і күні таныстым, анықтаманы алдым.
Б.Досұлы

Ақтау қалалық ІІБ-ның
тергеу бөлімінің тергеушісі
полиция капитаны

С.С.Омаров

№11

**Қауіпсіздік шараларын қолдану туралы
Қ А У Л Ы**

« » _____ 20__ ж.

Ақтау қаласы

Ақтау қалалық ІІБ-ның тергеу бөлімінің тергеушісі полиция капитаны С.С.Омаров СДТБТ тіркелген №06655599903 қылмыстық іс бойынша азаматша З.Омарованың берген арызын қарап шығып,

А Н Ы Қ Т А Д Ы М :

20__ жылы 06-ші сәуірде сағат 19.00 шамасында азаматтар Ж.Орахов пен Б.Сабитов Ақтау қаласы, 1 шағын ауданы, 4 үй, 6 пәтерде спирттік ішімдік ішуге кіріскен. Спирт ішімдіктерді ішу барысында олардың арасында түсінбеушілік пен қақтығыс пайда болып, Б.Сабитов Ж.Ораховты аяқ-қолдарымен ұрып соғып, өте ауыр жарақат келтірген.

Осы факті бойынша сәуірдің 6-сы күні ҚР ҚК-нің 106 бабының 1 бөлігімен қылмыстық іс қозғалды. Б.Сабитовке бұлтартпау шарасы ретінде қамау қолданылды.

Тергеу барысында жәбірленуші Ж.Ораховтан қауіпсіздік шараларын қолдану туралы арыз түсті, себебі айыпталушы Б.Сабитовтың ағасы – Қ.Сабитов телефон арқылы жауапты өзгертпесең туған-туыстарына күш қолданамын деп қорқытады.

Жоғарыда көрсетілгенді негізге ала отырып, іс жүргізуге байланысты жәбірленушіге және оның туған-туыстарына қатысты күш қолданудың немесе заңмен тыйым салынған өзге де әрекеттер жасаудың қаупі бар.

Осыған орай, ҚР ҚПК-нің 95, 96, 97, 198 баптарының талаптарын сақтай отырып,

Қ А У Л Ы Е Т Т І М :

1. Жәбірленуші Ж.Ораховтың арызы бойынша қауіпсіздік шараларын қолдануға.
2. Қауіпті шаралар ретінде күш қолдану немесе заңмен тыйым салынған өзге әрекеттер жасаған Қ.Сабитовке, мүмкін болатын қылмыстық жауаптылыққа тарту туралы ресми ескертуге.
3. Қылмыстық қудалау органның енгізген ескертуін Қ.Сабитовке қолын қойғызып, жариялауға.
4. Қабылданған шешім туралы мүдделі адамдарға хабарлауға.
5. Қаулының көшірмесін прокурорға жолдауға.

Ақтау қалалық ІІБ-ның
тергеу бөлімінің тергеушісі
полиция капитаны

С.С.Омаров

№12

**Заттай дәлелдеме ретінде тану және іске тіркеу туралы
Қ А У Л Ы**

« » _____ 20__ ж.

Ақтау қаласы

Ақтау қалалық ІІБ-ның тергеу бөлімінің тергеушісі полиция капитаны С.С.Омаров СДТБТ тіркелген №06655599973 қылмыстық іс материалдарын қарап шығып,

А Н Ы Қ Т А Д Ы М :

20__ жылы қаңтардың 21-і Ақтау қаласы, 11 шағын ауданы, 13 үй, 9 пәтердің тұрғыны азамат У.Ормановтың үйіне тінту жүргізу барысында «Sony» маркалы бейнетаспа алынды. Аталған бейнетаспа жәбірленуші Л.Садырбаевтың үйінен ұрланғаны анықталды.

Жоғарыда көрсетілгенді негізге ала отырып, алынған зат қылмыстық іс-әрекеттерінің объектілері болып табылуға және ікінәлі адамдарды әшкерелеу шаралары ретінде болуы мүмкін екенін ескере отырып, ҚР ҚПК-нің 118, 198 баптарының талаптарын сақтай отырып,

Қ А У Л Ы Е Т Т І М :

1. У.Ормановтың үйінде тінту жүргізу барысында «Sony» маркалы бейнетаспаны заттай дәлелдеме ретінде тануға.

2. «Sony» маркалы бейнетаспаны қылмыстық іске тіркеу және сотта істі мән бойынша қарауға дейін оны сақтау қажеттілігін түсіндіре отырып, жәбірленуші Л.Садырбаевқа қолхатпен сақтауға беруге.

3. Қабылданған шешім туралы мүдделі адамдарға хабарлауға.

4. Қаулының көшірмесін прокурорға жолдауға.

Ақтау қалалық ІІБ-ның
тергеу бөлімінің тергеушісі
полиция капитаны

С.С.Омаров

№13

**Алу туралы
Қ А У Л Ы**

« » _____ 20__ ж.

Ақтау қаласы

Ақтау қалалық ПБ-ның тергеу бөлімінің тергеушісі полиция капитаны С.С.Омаров СДТБТ тіркелген №06655599938 қылмыстық іс материалдарын қарап шығып,

А Н Ы Қ Т А Д Ы М :

20__ жылы ақпанның 25-і күні сағат 19.30 шамасында Ақтау қаласы, 10 шағын ауданы, 2 үйдің жанында М.Ақанов азаматша А.Сағатованың басынан қаракүзен терісінен тігілген бас киімін ашық түрде ұрлап кетті.

Күдікті ретінде жауап алу барысында М.Ақанов бас киімді оның туысы С.Алтайдың үйіне апарғанын көрсетті.

Жоғарыда көрсетілгенге сәйкес, затты алу жүргізуге себептердің жеткілікті екенін ескеріп, ҚР ҚПК-нің 198, 252, 253, 254 баптарының талаптарын сақтай отырып,

Қ А У Л Ы Е Т Т І М :

1. Ақтау қаласы, 15 шағын ауданы, 14 үй, 15 пәтердің тұрғыны Самат Алтайдан қара күзен терісінен тігілген бас киімді алуға.

2. Қабылданған шешім туралы мүдделі адамдарға хабарлауға.

3. Қаулының көшірмесін прокурорға жолдауға.

Қаулы маған 20__ ж. жарияланды _____ (қолы).

Ақтау қалалық ПБ-ның
тергеу бөлімінің тергеушісі
полиция капитаны

С.С.Омаров

№14

**Заттай дәлелдемені сақтау қоймасына тапсыру туралы
Қ А У Л Ы**

« » _____ 20__ ж.

Ақтау қаласы

Ақтау қалалық ПБ-ның тергеу бөлімінің тергеушісі полиция капитаны С.С.Омаров СДТБТ тіркелген №06655599926 қылмыстық іс материалдарын қарап шығып,

А Н Ы Қ Т А Д Ы М :

20__ жылы мамыр айының 26-ы күні тінту жүргізу кезінде А.Алтайдан ақ ұнтақ тәрізді зат алынды. Қорытынды бойынша ол зат салмағы 0,09 грамм есірткі заты – героин деп танылды.

Ол затты А.Алтай заңсыз иемденіп, ірі мөлшерде сақтаған.

Тергеушінің 20__ ж. 25 мамырда шығарылған қаулысы бойынша есірткі заты героин дәлелдеме ретінде танылып, №06655599926 қылмыстық іске тіркелді.

Жоғарыда көрсетілгенді негізге ала отырып, ҚР ҚПК-нің 118, 198 баптарының талаптарын сақтай отырып,

Қ А У Л Ы Е Т Т І М :

1. А.Алтайдан алынған салмағы 0,08 грамм конвертке оралынып салынған, №7 мөрі басылған героин есірткі затын Ақтау қалалық ПБ сақтау қоймасына тапсыруға.

2. Қабылданған шешім туралы мүдделі адамдарға хабарлауға.

3. Қаулының көшірмесін прокурорға жолдауға.

Ақтау қалалық ПБ-ның
тергеу бөлімінің тергеушісі
полиция капитаны

С.С.Омаров

Конвертке салынған, мөр басылған және А.Алтайдан алынған салмағы 0,08 грамм есірткі заты – героин жазуы бар заттай дәлелдемені алдым.

Ақтау қалалық ПБ сержанты

С.Пазылов

Тапсырған тергеуші

С.С.Омаров

№15

Санкциясыз үй-жайға тінту жүргізу туралы
Қ А У Л Ы

« » _____ 20__ ж.

Ақтау қаласы

Ақтау қалалық ІІБ-ның тергеу бөлімінің тергеушісі полиция капитаны С.С.Омаров СДТБТ тіркелген №0665559929 қылмыстық іс материалдарын қарап шығып,

А Н Ы Қ Т А Д Ы М :

20__ жылы мамыр айының 13-і күні сағат 20.30 шамасында, Ақтау қаласы, 13 шағын ауданы, 5 үй, 6 пәтерде тұратын А.Сапабековтың үйіне екі адам кіріп, тапанша қолдану арқылы қарақшылық шабуыл жасап, жалпы мөлшерде 680 000 тенге зардап келтірді. Осы қылмыс бойынша Ақтау қаласы 13 шағын ауданы, 7 үй, 19 пәтердің тұрғыны Смайлов Қуан Даржанұлы күдікті ретінде ұсталды.

Тергеу жүргізу барысында оның кінәсін толық дәлелдейтін дәлелдемелер жинақталды, бірақ күдікті өз кінәсін мойындамай отыр. Іс материалдарына қарағанда, Қ.Смайловтың пәтерінде А.Сапабековтың үйінен қарақшылық шабуыл жасау барысында ұрланған мүліктер бер деуге негіз бар.

Сол себептен, заттай дәлелдемелер жоғалып кетпеу үшін, күттірмейтін жағдайлар ретінде күдіктінің мекен-жайына дереу түрде санкциясыз тінту жүргізу қажет. Сәйкесінше тінтудің қаулысы мен қорытындысы прокурор мен тергеу судьясына заңдылығын тексеру үшін іс құжаттармен бірге жолданады.

Жоғарыда көрсетілгенді негізге ала отырып, ҚР ҚПК-нің 198, 252, 253, 254 баптарының талаптарын сақтай отырып,

Қ А У Л Ы Е Т Т І М :

1. Ақтау қаласы 13 шағын ауданы, 7 үй, 19 пәтерде тұратын Смайлов Қуан Даржанұлы үйіне ұрланған заттарды алу мақсатында тінту жүргізуге.

2. Қабылданған шешім туралы мүдделі адамдарға хабарлауға.

3. Қаулының көшірмесін прокурор мен тергеу судьясына жолдауға.

Ақтау қалалық ІІБ-ның
тергеу бөлімінің тергеушісі
полиция капитаны

С.С.Омаров

Қаулы маған 20__ ж. мамырдың ____ күні жарияланды.
Күдікті

Қ.Смайлов

№16

**Күдіктіні куәландыру туралы
Қ А У Л Ы**

« » _____ 20__ ж.

Ақтау қаласы

Ақтау қалалық ІІБ-ның тергеу бөлімінің тергеушісі полиция капитаны С.С.Омаров СДТБТ тіркелген №0665559928 қылмыстық іс материалдарын қарап шығып,

А Н Ы Қ Т А Д Ы М :

20__ жылы маусым айының 15-і күні сағат 18.40 шамасында, полиция қызметкерлері жедел-іздістіру шараларын жүргізу барысында Ақтау қаласы, 4 шағын ауданы, 9 үйдің қасындағы «Арзан» дүкенінің жанында азамат М.Тойназов ұсталып, оның шалбарының оң жақ қалтасынан салмағы 0,06 грамм есірткі заты табылып алынды.

Осы қылмыстық іс құжаттарына сәйкес М.Тойназовтың көктамырға инъекция арқылы есірткі затты жүйелі пайдаланатын адам деп санауға дәлелдер табылды.

Жоғарыда көрсетілгенді негізге ала отырып, ҚР ҚПК-нің 198, 223 баптарының талаптарын сақтай отырып,

Қ А У Л Ы Е Т Т І М :

1. Күдікті Тойназов Маратқа қатысты куәландыру өткізілсін, ол куәландырудың мақсаты – М.Тойназовтың денесінде медициналық сипаттағы емес есірткі затты пайдаланған ізін табу.

2. Қабылданған шешім туралы мүдделі адамдарға хабарлауға.

3. Қаулының көшірмесін прокурор мен тергеу судьясына жолдауға.

Ақтау қалалық ІІБ-ның
тергеу бөлімінің тергеушісі
полиция капитаны

С.С.Омаров

Қаулымен 20__ ж. мамырдың _15_ күні таныстым.
Күдікті

М.Тойназов

№17

**Сот ісін жүргізу тілін анықтау туралы
Қ А У Л Ы**

« » _____ 20__ ж.

Ақтау қаласы

Ақтау қалалық ІІБ-ның тергеу бөлімінің тергеушісі полиция капитаны С.С.Омаров СДТБТ тіркелген №06655599936 қылмыстық іс материалдарын қарап шығып,

А Н Ы Қ Т А Д Ы М :

20__ жылы 15 мамырда М.Тойназовқа қатысты ҚР ҚК-нің 296 бабының 2 бөлігімен қылмыс жасағаны үшін қылмыстық іс қозғалды. Тергеу кезінде күдікті М.Тойназовтан тергеу қазақ тілінде жүргізілсін деп арыз түсті, себебі қазақ тілі оның ана тілі және оны еркін меңгеретінін көрсетті. Аудармашының қажеті жоқтығын айтты.

Жоғарыда көрсетілгенді негізге ала отырып, ҚР ҚПК-нің 26, 30 баптарының талаптарын сақтай отырып,

Қ А У Л Ы Е Т Т І М :

1. №06655599936 қылмыстық іс бойынша сот іс өндірісін қазақ тілінде жүргізуге.
2. Қабылданған шешім туралы мүдделі адамдарға хабарлауға.
3. Қаулының көшірмесін прокурор мен тергеу судьясына жолдауға.

Ақтау қалалық ІІБ-ның
тергеу бөлімінің тергеушісі
полиция капитаны

С.С.Омаров

№18

**Қылмыстық іс бойынша сот ісін жүргізуді тоқтата тұру және сотқа дейінгі
тергеп-тексеру мерзімдерін ұзу туралы
Қ А У Л Ы**

« » _____ 20__ ж.

Ақтау қаласы

Ақтау қалалық ІІБ-ның тергеу бөлімінің тергеушісі полиция капитаны С.С.Омаров
СДТБТ тіркелген №06655599976 қылмыстық іс материалдарын қарап шығып,

А Н Ы Қ Т А Д Ы М :

20__ жылы қараша айының 15-і күні бейтаныс адамдар кілтті сұрыптау жолымен
Ақтау қаласы, 3 шағын ауданы, 6 үй, 11 пәтерде тұратын азамат А.Құмаровтың үйіне
заңсыз кіріп, мүлікті ұрлап, осының салдарынан жалпы 103 000 тенге мөлшерінде зардап
келтірілді.

Аталған факт бойынша 20__ ж. қараша айының 15 күні ҚР ҚК-нің 188 бабы 2
бөлігінің 1, 3 тармақтарында көрсетілген қылмыстың белгілері бойынша қылмыстық іс
қозғалды.

Тергу жүргізу барысында бұл қылмысты жасаған адамдар анықталмады.

Жоғарыда көрсетілгенді негізге алып, іс бойынша тергеу мерзімі аяқталғанын және
айыпталушы ретінде тұлғаның анықталмауын назарға ала отырып, ҚР ҚПК-нің 45, 198
баптарының талаптарын сақтай отырып,

Қ А У Л Ы Е Т Т І М :

1. Айпталушы ретінде жауаптылыққа тартуға жататын тұлғаның анықталмауына
байланысты қылмыстық іс бойынша іс жүргізу мерзімін үзуге.
2. Қабылданған шешім туралы мүдделі адамдарға хабарлауға.
3. Қаулының көшірмесін прокурорға жолдауға.

Ақтау қалалық ІІБ-ның
тергеу бөлімінің тергеушісі
полиция капитаны

С.С.Омаров

Қаулымен 20__ ж. ақпан айының 17_күні таныстым.
Жәбірленуші

М.Құмаров

№19

**Мерзімі үзілген алдын-ала тергеуді қайта жаңғырту туралы
Қ А У Л Ы**

« » _____ 20__ ж.

Ақтау қаласы

Ақтау қалалық ПБ-ның тергеу бөлімінің тергеушісі полиция капитаны С.С.Омаров СДТБТ тіркелген №06655599976 қылмыстық іс материалдарын қарап шығып,

А Н Ы Қ Т А Д Ы М :

20__ жылы қараша айының 15-і күні бейтаныс адамдар кілтті сұрыптау жолымен Ақтау қаласы, 3 шағын ауданы, 6 үй, 11 пәтерде тұратын азамат А.Құмаровтың үйіне заңсыз кіріп, мүлікті ұрлап, осының салдарынан жалпы 103 000 тенге мөлшерінде зардап келтірілді.

Аталған факт бойынша 20__ ж. қараша айының 15 күні ҚР ҚК-нің 188 бабы 2 бөлігінің 1, 3 тармақтарын көрсетілген қылмыстың белгілері бойынша қылмыстық іс қозғалды.

20__ ж. ақпай айының 15-і күні айыпталушы ретінде жауапқа тартуға жататын адамның анықталмауына байланысты іс өндірісінің мерзімі үзілген болатын. Ағымдағы жылдың наурыз айының 26 күні жедел-іздігі шараларын қолдану барысында күдікті ретінде осы қылмысты жасаған азамат Б.Иванов анықталды. Осыған орай істі мерзімінен үзуге негіздер жойылды.

Жоғарыда көрсетілгенді негізге алып, ҚР ҚПК-нің 45, 198 баптарының талаптарын сақтай отырып,

Қ А У Л Ы Е Т Т І М :

1. №06655599976 мерзімі үзілген қылмыстық іс бойынша алдын-ала тергеу өндірісін қайта жаңғыртуға.

2. Қабылданған шешім туралы мүдделі адамдарға хабарлауға.

3. Қаулының көшірмесін прокурорға жолдауға.

Ақтау қалалық ПБ-ның
тергеу бөлімінің тергеушісі
полиция капитаны

С.С.Омаров

Қаулымен 20__ ж. наурыз айының 28_ күні таныстым.
Жәбірленуші

М.Құмаров

№20

**№06655599976 қылмыстық іс бойынша
Н Ұ С Қ А У**

20__ж. маусымның 7-сі күні сағат 20.30 шамасында бейтаныс адамдар Ақтау қаласы, 27 шағын ауданы, 26 үй, 65 пәтерде тұратын О.Сқановтың үйіне келіп, оны қарумен қорқытып, күш қолданып оның денсаулығына жарақат келтірді.

Аталған факт бойынша 20__ж. маусым айының 7-сі күні Ақтау қалалық ПБ-ның тергеушісі С.С.Омаров ҚР ҚК-нің 192 бабы 2 бөлігінің 1 тармағында көзделген қылмыс белгілері бойынша материалдарды СДТБТ тіркеп №06655599976 қылмыстық іс қозғады.

Осы қылмыстық іске қадағалауды жүзеге асыру барысында алдын-ала тергеу жүргізуде төмендегідей кемшіліктер орын алған.

- 20__ж. маусымның 8-і күні азамат О.Сқановтан жауап алу барысында ол осы қылмысты оның танысы А.Сардаровтың жасауы мүмкін екенін айтты. Бірақ, тергеуші С.Омаров күдікті ретінде А.Сардаровтың қылмысқа қатыстығы бар-жоғын анықтауға ешқандай шаралар қолданбаған. Осыған байланысты, А.Сардаровтың осы қылмысқа қатыстығы бар-жоқтығын анықтауға келесі шаралар қолданылсын:

- тергеу жүргізу барысында азамат Б.Тасовтан куә ретінде жауап алынды. Жауабында О.Сқановтың үйіне сол күні кіріп бара жатқан екі адамды көрді. Егер ол адамдарды тануға ұсынған жағдайда тани алатындығы айтылған. Осыған байланысты келесі іс-әрекеттер жүргізілсін:

а) А.Сардаровтың фотосуретін куә Б.Тасовқа тануға ұсыну жүргізілсін;

ә) егер де ол А.Сардаровты таныса, оны бірден ұстауға шаралар қолданылсын.

- Жәбірленуші О.Сқановтан қосымша жауап алу арқылы келесі сұрақтар анықталсын:

а) есік ашу барысында ол бірінші кімді көрді, оның қандай мақсатпен келгені туралы сұрады ма, егер сұраған жағдайда кім жауап берді немесе екі адамның қайсысы екендігі?

ә) оған күш қолданған кезде нақты киім оны ұрды: бір адам ғана ұрды ма, әлде екеуі қосылып ұрды ма?

б) ақша тұрған орын қай жерде болды?

Осы жоғары аталған кемшіліктерді көрсете отырып, оларды жою үшін осы нұсқауды жолдап отырмын. Қылмыстық істі тексеруге 20__ж. маусым айының 25-і күні маған жолдауды сұраймын.

Процессуалдық прокурор
1-ші сыныпты заңгер

Б. Әсетұлы

№21

**№06655599979 қылмыстық іс бойынша
Н Ұ С Қ А У**

20__ ж. шілде айының 13-і күні 20.45 шамасында, бейтаныс адамдар Ақтау қаласы, 26 шағын ауданында орналасқан 35 үйдің жанында азамат Ғ.Шашпановты кездестіріп, оған тіл тигізіп, аяқ-қолымен ұрып-соғып, сараптама қорытындысы бойынша оның денсаулығына орташа дәрежеде жарақат келтірген. Оған қоса оның қалтасынан 15 000 теңге ақшаны ашық түрде тартып әкеткен.

Аталған факт бойынша 20__ ж. шілде айының 13-і күні Ақтау қалалық ПБ-ның тергеушісі С.С.Омаров ҚР ҚК-нің 192 бабы 2 бөлігінің 1 тармағында көзделген қылмыс белгілері бойынша материалдарды СДТБТ тіркеп №06655599979 қылмыстық іс қозғады.

Тергеу жүргізу барысында қылмысты ашу мақсатымен келесі тергеу іс-әрекеттерін орындауға міндеттісіз:

- Ғ.Шашпановты жәбірленуші ретінде таны және жәбірленуші ретінде жауап алу барысында келесі сұрақтарды анықтау:

а) Ғ.Шашпанов кіммен тұрады, оның денсаулығы және медициналық мекемелерде бар-жоғы?

ә) сол күні ол қайда болды, спирттік ішімдіктерді пайдаланды ма ма?

б) көшеде адамдар кездескенде одан не сұрады, ол қалай жауап берді?

в) ол адамдарды тани ала ма? Ол адамдарда қандай киім болды, ұлты, дене пішіні қандай?

г) бірінші болып кім ұрды, қай жерінен? Есінен танып қалды ма? Қалтасынан ақшаны кім алды? Ол ақшалар қандай купюралар еді?

д) оны ұрып жатқанын көрген адамдар бар ма?

- жауап алу барысында басқа да сұрақтар пайда болу қажеттілігі бойынша қойылсын;

- жауап алған нәтижелеріне қарай, күдікті адамдарды анықтау үшін жедел-ізвестіру қызметкерлеріне жеке тапсырма беру.

Осы нұсқауды орындап болған соң, қылмыстық істі тексеруге маған 20__ ж. шілде айының 23-і күні берілсін.

Процессуалдық прокурор
1-ші сыныпты заңгер

Б. Әсетұлы

**Адамды күдікті деп тану туралы
Қ А У Л Ы**

« » _____ 20__ ж.

Ақтау қаласы

Ақтау қалалық ІІБ-ның тергеу бөлімінің тергеушісі полиция капитаны С.С.Омаров СДТБТ тіркелген №0665559977 қылмыстық іс материалдарын қарап шығып,

А Н Ы Қ Т А Д Ы М :

С.Ортаев келесі мән-жайлар бойынша қылмысты жасаған: 20__ жылы қараша айының 13-і күні сағат 20.00 шамасында ұрлық, яғни бөтен мүлікті жасырын ұрлау мақсатымен Ақтау қаласы, 2 шағын ауданы, 29 үй, 22 пәтерде тұратын азамат Т.Муратовтың үйіне қолында болған монтировкамен есік бұзу арқылы заңсыз кіріп, келесі мүліктерді ұрлаған:

1. Былғары куртка - бағасы 5 000 теңге;
2. Куртканың қалтасында болған 3 теңге ақша;
3. «Sony» маркалы бейнежазу магнитофоны – бағасы 14 000 теңге;
4. Қаракүзен терісінен жасалған бас киім – бағасы 9 000 теңге.

Соның нәтижесінде Т.Муратовқа келген зиян мөлшері 31 000 теңгені құрады.

Ол ұрлықты жасағаннан кейін қылмыс оқиғасы орнынан бой тасалаған.

Сөйтіп, Ортаев Сакен ҚР ҚК-нің 188 бабы 2 бөлігінің 3 тармағында көрсетілген ұрлық қылмысын жасады, яғни мүлікті жасырын ұрлау, тұрғын үй-жайға заңсыз кірумен жасалғандығын анықтай келе, іс бойынша айып тағуға дәлелдемелер толық жиналды деп тауып, ҚР ҚПК-нің 198, 202-206 баптарының талаптарын сақтай отырып,

Қ А У Л Ы Е Т Т І М :

1. 1983 жылы 15 мамырда Ақтау қаласында туылған, Ортаев Сакенды ҚР ҚК-нің 188 бабы 2 бөлігінің 3 тармағымен осы іс бойынша оны күдікті деп тануға және қол қою арқылы оған жариялауға.

2. Қабылданған шешім туралы мүдделі адамдарға хабарлауға.

3. Қаулының көшірмесін прокурорға жолдауға.

Қаулы маған 20__ ж. қараша айының 15 күні
14.00 сағатта жарияланды, көшірмесін алдым

С.Ортаев

Қорғаушы

О.Наурызұлы

Сонымен қатар маған ҚР ҚПК-нің 65 бабында көрсетілген құқықтарым түсіндірілді:

Өзінің не үшін айыпталып отырғанын білуге, прокурор бекіткен айыптау актісінің, қылмыстық теріс қылық туралы хаттаманың көшірмесін алуға, өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін заңға қайшы келмейтін құралдармен және тәсілдермен қорғауға және қорғануға дайындалу үшін жеткілікті уақыт пен мүмкіндікке ие болуға, іс бойынша азаматтық талап қойылуына байланысты өзін азаматтық жауапкер деп таныған жағдайда оның құқықтарын пайдалануға, тергеп-тексерудің кез келген сатысында процестік келісім жасасу туралы өтінішхат мәлімдеуге немесе оған келісім білдіруге және процестік келісім жасасуға, процестік келісімнің көшірмесін алуға, бірінші және апелляциялық сатылардағы сотта істі соттың талқылауына қатысуға, қорғаушы тараптың барлық құқықтарын, сондай-ақ соңғы сөз құқығын пайдалануға құқылы.

Айыпталушы

С. Ортаев

Қорғаушы

О. Наурызұлы

Қаулы жариялаған, құқықтарын түсіндірген:
Ақтау қалалық ІІБ-ның тергеушісі
полиция капитаны

С.С.Омаров

Қаулының көшірмесін 20 ___ ж. қараша айының 15 күні
Алдым

С.Ортаев

**Қылмыстық істі тоқтату туралы
Қ А У Л Ы**

« » _____ 20__ ж.

Ақтау қаласы

Ақтау қалалық ІІБ-ның тергеу бөлімінің тергеушісі полиция капитаны С.С.Омаров СДТБТ тіркелген №06655599983 қылмыстық іс материалдарын қарап шығып,

А Н Ы Қ Т А Д Ы М :

20__ жылы қазан айының 09-ы күні Ақтау қаласы, 19 шағын ауданы, 9 үй, 19 пәтерден А.Сапаров пен А.Намазов бір-бірімен өзара алдын-ала қылмыстық сөз байласып, терезе бұзу арқылы Б.Сергеевтың үйінен жалпы 29 000 теңге мөлшерде тұратын мүлік ұрлау фактісі бойынша ҚР ҚК-нің 188 бабы 2 бөлігінің 1, 3 тармақтарында көзделген қылмыстың белгілері бойынша СДТБТ тіркелген №06655599983 қылмыстық іс қозғалды.

А.Сапаров пен А.Намазов іс-әрекетінде ҚР ҚК-нің 188 бабы 2 бөлігінің 1, 3 тармақтарында көзделген қылмыс белгілері анықталды, яғни бөтен мүлікті жасырын ұрлау, алдын-сөз байласу арқылы тұрғын үйге заңсыз кірумен ұштасатын ұрлық жасау.

Алайда, А.Сапаров пен А.Намазовты қылмыстық жауаптылыққа тартуға негіз болмай тұр, себебі А.Сапаров 2005 жылдың 11 қарашасында, ал А.Намазов 2005 жылдың 19 тамызында туылған, соған байланысты қылмыс жасау уақытында олар 13 жаста болған.

ҚР ҚК-нің 15 бабының бөлігіне сәйкес, А.Сапаров пен А.Намазов қылмыстық жауаптылық басталатын жасқа келген жоқ.

Жоғарыда көрсетілгенді негізге алып, ҚР ҚПК-нің 198, 288 баптары, 35 бабы 1 бөлігінің 12 тармағындағы талаптарын басшылыққа ала отырып,

Қ А У Л Ы Е Т Т І М :

1. Әрекет жасаған кезде заңға сәйкес қылмыстық жауаптылық жүктеу мүмкін болатын жасқа толмауына орай – қылмыстық істі тоқтатуға.
2. Қабылданған шешім туралы мүдделі адамдарға хабарлауға.
3. Қаулының көшірмесін прокурорға жолдауға.

Ақтау қалалық ІІБ-ның
тергеу бөлімінің тергеушісі
полиция капитаны

С.С.Омаров

Қаулымен 20__ ж. қазан айының 22-сі күні таныстым.
Жәбірленуші

Б.Сергеев

А.Сапаров пен А.Намазовтың заңды өкілдері

С.Қонарова
Ы.Қаракүшікова

№24

**Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шарасын қолдану үшін қылмыстық істі
сотқа жолдау туралы
Қ А У Л Ы**

« » _____ 20__ ж.

Ақтау қаласы

Ақтау қалалық ПБ-ның тергеу бөлімінің тергеушісі полиция капитаны С.С.Омаров СДТБТ тіркелген №06655599987 қылмыстық іс материалдарын қарап шығып,

А Н Ы Қ Т А Д Ы М :

20__ жылы 6 қазан күні сағат 21.00 шамасында Б.Сапиев, Ақтау қаласы, 28 шағын ауданы, 28 үй, 39 пәтерде өзінің танысы А.Сакеновпен бірге спирттік ішімдіктерді ішуге кіріскен. Содан кейін Б.Сапиев пен А.Сакенов арасында түсінбеушілік, қақтығыс пайда болды. Сонда Б.Сапиев өзінің қолдарымен А.Сакеновтың бетінен ұрып жер құлатып, оның дене бойына аяқпен бірнеше рет тепкен. Содан соң Б.Сапиев үстелдің үстінен гүлдеуішті алып, онымен А.Сакеновтың басынан бірнеше рет ұрды.

Сот-медициналық сараптаманың 20__ ж. 7 қазандағы №96 санды қорытындысына сәйкес, А.Сакеновтың денесіне ауыр дене жарақаты келтірілді.

Сөйтіп, Б.Сапиевтың әрекетінде ҚР ҚК-нің 106 бабының 1 бөлігінде көрсетілген қылмыстың беогілері бар, яғни адамның өміріне, денсаулығына ауыр зиян келтіру.

Б.Сапиевтың қоғамға қауіпті әрекет жасау оқиғасы іс бойынша жинақталған келесі дәлелдермен расталады.

Жәбірленуші А.Сакенов өзінің берген жауабында: Онымен және Б.Сапиев арасында қақтығыс пайда болғанын, соның барысында Б.Сапиев оның бетінен ұрып, жерге құлатып, дене бойын аяғымен тепкенін айтты. Содан кейін не болғаны есінде жоқ екендігін көрсетті.

Куә Б.Саитов өзінің берген жауабында, көрші А.Сакеновтың үйінде қатты дауыстар шығып жатқанын, сол үйге барса, жерде жатқан А.Сакеновтың үстінде Б.Сапиев отырғандығын айтты. Б.Сапиевтың қолында гүлдеуші бар, сонымен А.Сакеновты ұрайын деп тұрғанын көрген. Содан Б.Сапиевтың қолындағы гүлдеушіні тартып алып, Б.Сапиевты байлап тастағап, жедел медициналық көмек шақырғанын көрсетті.

Оқиға болған жерді қарау барысында гүлдеуші алынды. Сот-биологиялық сараптаманың қорытындысына сәйкес, гүлдеушіде жәбірленуші А.Сакеновтың қан іздері табылды.

Алдын-ала тергеу барысында Б.Сапиев психиатриалық диспансерде есепте тұрғандығы анықталғандықтан, оған қатысты сот-психиатриалық сараптама тағайындалды.

Сот-психиатриалық сараптаманың 20__ ж. 12 қазандағы №106 санды қорытындысына сәйкес, Б.Сапиев «шизофрения нысанындағы тұрақты жүйке күйзеліспен ауырады және қазіргі уақытта алдын-ала тергеу және соттың алдында жауап бере алмайды. Қылмыс жасаған уақытта өз әрекеттеріне есеп беруге және басқаруға кедергі жасалған. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану мұқтаждығы бар».

Сонымен, Б.Сапиев өзінің психикалық күйі бойынша медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдануды қажет етеді.

Жоғарыда көрсетілгенді негізге алып, ҚР ҚПК-нің 198, 518 баптарының талаптарын басшылыққа ала отырып,

Қ А У Л Ы Е Т Т І М :

1. ҚР ҚК-нің 106 бабының 1 бөлігінде көзделген қоғамға қауіпті әрекетті жасаған, 1965 жылы 19 желтоқсанда Атырау қаласында туылған, ұлты қазақ, білімі орта, ҚР азаматы, бойдақ, уақытша жұмыссыз, мекен-жайы: Ақтау қаласы, 27 шағын ауданы, 6 үй, 14 пәтер, бұрын сотталмаған, Болат Сапиевке медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы мәселені шешу үшін сотқа жіберуге.

2. Осы қаулының көшірмесін заңды өкіліне табыстауға.

2. Қабылданған шешім туралы мүдделі адамдарға хабарлауға.

3. Қаулының көшірмесін прокурорға жолдауға.

Ақтау қалалық ІІБ-ның
тергеу бөлімінің тергеушісі
полиция капитаны

С.С.Омаров

Ресей Федерациясы
Самара облысының ІІБ бастығына
Самара қаласы, Петров көшесі, 38

Басқа мемлекеттің аумағында іс жүргізу және өзге де іс-әрекеттерді орындау
жөнінде құқықтық көмек көрсету туралы
Қ А У Л Ы

« » _____ 20__ ж.

Ақтау қаласы

Ақтау қалалық ІІБ-ның тергеу бөлімінде азамат Сейтов Дастан Тостаевичке қатысты ҚР ҚК-нің 192 бабы 2 бөлігінің 4 тармағында көзделген қылмыстың белгілері бойынша СДТБТ тіркеліп қозғалған №06655599993 қылмыстық іс тергелуде.

Жасалған қылмыстың іс-жүзіндегі мән-жайлары: 20__ жылы 8 қазан күні сағат 19.00 шамасында, Ақтау қаласы, 7 шағын ауданы, 5 үйдің жанында Д.Т.Сейтов А.Смоленконы кездестіріп, оны пышақпен қорқытып, қарақшылық шабуыл жасап оның жеке мүлігін иемденді.

Д.Т.Сейтовтың әрекеті ҚР ҚК-нің 192 бабы 2 бөлігінің 4 тармағында көзделген қылмыстың белгілері бойынша сараланған – қарақшылық, яғни бөтен мүлікті ұрлау мақсатында шабуыл жасауға ұшыраған адамның өмірі мен денсаулығына қауіпті күш көрсетумен, қару заттарды қолданумен жасалған шабуыл.

Тергеу жүргізу барысында Самара қаласы, Гоголя көшесі, 39 үйде тұратын Ресей Федерациясының азаматы, уақытша жұмыс істемейтін, Павел Михайлович Пановтан зат алу және жауап алу сияқты тергеу әрекеттерін жүргізу қажет.

Жоғарыда көрсетілгенді негізге алып, азаматтық, отбасы және қылмыстық істер бойынша құқықтық қарым-қатынастар және құқықтық көмек көрсету туралы Минск және Кишинев Конвенцияларын және ҚР ҚПК-нің 557, 558 баптарының талаптарын басшылыққа ала отырып, келесі тергеу әрекеттерін орындауды,

СҰ РА Й М Ы Н :

1. Павел Михайлович Пановтан жауап алу. Жауап алу барысында оған келесі сауалдар қою:

- Сейтов Дастан Тостаевичпен қай уақыттан бастап таныс, қарым-қатынастары қандай, араларында қақтығыстар пайда болды ма, болса қандай себептен?

- 20__ ж. қай айында Ақтау қаласын келді, келу мақсаты, кімге келді, қай жерде тоқталды?

- Д.Сейтовпен қай күні кездесті, қай жерде, кездесу себебі?

- Д.Сейтов оған қандай заттар сатты, олардың түрі, атауы, ерекше белгілері, сату құндылығы?

- Ол сатып алған заттар қазіргі уақытта қай жерде?

- Сату барысында ол заттардың қайдан пайда болғанын Д.Сейтов айтты ма?

- сатып алу барысында ол заттардың ұрланғандығын П.М.Панов білді ме?

2. П.М.Пановтан келесі заттарды алуды жүргізу: жылан тәрізді оймағы бар әйел адамның алтын білезігі – 1 дана, алтын алқа – 1 дана, қазақ ұлттық оймағы бар алтын сырға – 2 дана.

Ақтау қалалық ІІБ-ның
тергеу бөлімінің тергеушісі

С.С.Омаров

Ескертпе: тиісті бланкте жасалынып, мөр басылады.

**Қазақстан Республикасының
Бас Прокуроры
1-сыныпты мемлекеттік
әділет кеңесшісі
(аты-жөні)**

**Қазақстан Республикасының аумағында қылмыс жасап, оның аумағынан кетіп
қалған адамды ұстап беру туралы
Қ А У Л Ы**

« » _____ 20__ ж.

Ақтау қаласы

Қазақстан Республикасы Ішкі Істер Министрлігі Маңғыстау облыстық полиция Департаментінің Ақтау қалалық ІІБ тергеу бөлімінің өндірісінде азамат Садыров Амантай Қоянұлын өлтіру фактісі бойынша №09763818 қылмыстық іс бар.

Осы қылмыс бойынша 1975 жылы туылған, Қазақстан Республикасының азаматы, бойы 1м. 79 см., азиат, көзі жасыл, шашы қара, ерекше белгілері: бетінің сол жағындағы көзінің астында мең бар (фотосурет тіркелінген) Самат Абайұлы Алтай айыпталады.

20__ жылы қазанның 16 күні сағат 18.00 шамасында, С.А.Алтай Ақтау қаласы, 11 шағын ауданы, 40 үй, 69 пәтерде А.Қ.Садыровпен бірге спирттік ішімдіктерді ішуге кіріскен. Содан кейін араларында түсінбеушілік пен қақтығыс пайда болды. Төбелес барысында С.Алтай қалтасынан пышақ алып шығып, онымен А.Садыровтың кеудесінен екі рет сермеп ұрған. Келтірілген жарақат салдарынан А.Садыров сол жерде көз жұмды. Ал, С.Алтай қылмыс оқиғасы болған жерден бой тасалап кеткен.

Іздестіру барысында С.Алтай Ресей Федерациясы, Самара облысының Самара қаласында ұсталды.

Сөйтіп, С.А.Алтайдың іс-әрекетінде ҚР ҚК-нің 99 бабының 1 бөлігінде көзделген қылмыс – кісі өлтіру, яғни басқа адамға құқыққа қарсы қасақана қаза келтіру – сегіз жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Айыпталушы ретінде жауапқа тарту туралы қаулы Ақтау қаласында, 20__ ж. қазан айының 18 күні шығарылды.

Тіркеме:

1. С.А.Алтайды айыпталушы ретінде жауапқа тарту туралы қаулының көшірмесі.
2. С.А.Алтайды қамауға алу туралы бұлтартпау шарасын қолдану туралы қаулының көшірмесі.
3. С.А.Алтайдың Қазақстан Республикасының азаматтығын растайтын ол 199-20__ жылдарының ағымында басқа мемлекеттерге кету және азаматтығын қабылдау туралы арызданбағаны туралы Маңғыстау облыстық ПД-нің Көші-қон басқармасының 20__ жылы 27 қазанда берілген анықтама.
4. Маңғыстау облысы прокурорының ұстап беру туралы өтініштің заңдылығы мен негізділігі туралы қорытындысы.

**Қазақстан Республикасы
ІІМ Маңғыстау облыстық ПД-нің бастығы
полиция генерал-майоры**

(аты-жөні)

«БЕКІТЕМІН»

Ақтау қаласының прокуроры
әділет кеңесшісі

Н. Сәбитұлы

«__» _____ 20__ жыл

**Іс материалдарымен танысуға жеткілікті
белгілі бір мерзімді белгілеу туралы
Қ А У Л Ы**

« 16 » наурыз 20__ ж.

Ақтау қаласы

Ақтау қалалық ІІБ-ның тергеу бөлімінің тергеушісі полиция капитаны С.С.Омаров СДТБТ тіркелген №06655599993 қылмыстық іс материалдарын қарап шығып,

А Н Ы Қ Т А Д Ы М :

20__ жылы 5 наурызда ҚР ҚК-нің 179 бабы 2 бөлігінің 4 тармағында көзделген қылмыстың белгілері бойынша айыпталушы М.Сәрсеновке және оның қорғаушысы Ф.Сахановқа іспен танысу үшін 1 томда 179 парақта тігілген, нөмірленген түрде №06655599993 қылмыстық іс материалдары ұсынылды.

Сол күннен бастап айыпталушы мен оның қорғаушысы істің 36 бетімен ғана танысты, содан кейін олар материалдармен танысуды қасақана соза бастады. Мысалы, 8 наурыз күнінен 13 наурызға дейін олар тек қана 4 бетпен танысты, 13-14 наурызда олар тек қана 2 парақпен танысты.

Жоғарыда көрсетілгенді негізге алып, ҚР ҚПК-нің 296 бабының 3 бөлігін басшылыққа ала отырып,

Қ А У Л Ы Е Т Т І М :

1. Айыпталушы М.Сәрсеновке және оның қорғаушысы Ф.Сахановқа іс материалдарымен танысуға 3 күн, яғни 20__ ж. 21 наурызға дейін мерзімді белгілеуге.
2. Қабылданған шешім туралы мүдделі адамдарға хабарлауға.
3. Қаулының көшірмесін прокурорға жолдауға.

Ақтау қалалық ІІБ-ның
тергеу бөлімінің тергеушісі

С.С.Омаров

Таныстым. Айыпталушы
ҚорғаушыМ.Сәрсенов
Ф.Саханов

№ реті	Күні	Қандай материалдарымен танысуға қажетті	Орындау туралы белгі
1.	17.03 12.00- 17.00	1.Заттарды алу туралы қаулы 2.Заттарды алу хаттамасы 3.Заттарды қарау хаттамасы 4.Заттарды дәлелдеме ретінде тану және оларды іске тіркеу туралы қаулы 5.Куә Н.Сидоровтан жауап алу хаттамасы 6.Беттестіру хаттамасы	Орындалды Айыпталушы: қолы Қорғаушы: Қолы

Ақтау қалалық ІІБ-ның
тергеу бөлімінің тергеушісі

С.С.Омаров